2 суретте үріленетін ағынша аумағында ағыншаның ағынмен өзара әрекеттесу және араласуын зерттеу бойынша сандық тәжірибе көрсетілген. 2а графигінде *zy* жазықтығында *n*=50 ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрімен есептеу аумағының басталуынан *x*=11.40 калибр қашықтықта жылдамдық векторының өрісі (сол жақта) және жергілікті Mах саны мен ток жолының таралуы (оң жақта) көрсетілген. Бұл жерде ағатын ағын мен үріленетін ағыншаның араласу аймағында өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатын және ағынмен төмен жылжуына қарай өсетін бүйір құйынның (1) ағыншаның артында пайда болуы байқалады. Құйынның ядросы ағыншада пайда болатын бөшке тәрізді құрылымның сүйір бұрышы маңында қалыптасады, оны *n*=50 үшін осы қимада жергілікті Mах саны мен ток жолының таралуы көрсетілген 2а сол жақтағы суретінен байқауға болады. Бұл жерде құйынның айналу центрі бөшке бүйірінің сүйір жағында орналасқаны көрінеді. Сандық тәжірибелер қайтып келетін ағын аумағында ағыншаның алдында орналасқан үріленетін ағынша мен шекаралық қабаттың араласу облысында (1) құйынның ағын бойымен әлдеқайда жоғары пайда бола бастайтынын көрсетеді. Сүйір құйынның максималды қарқындылығы *x*=11.40 қимасында көрсетілген.

Ағын бойымен төмен *x*=14.70 кезінде 2б суретінде жылдамдық векторлары (сол жағында) мен ток жолдары (оң жағында), ағынша мен ағынның араласуына үлкен үлес қосатын және ағыншаның баяулатылған ағыны Mах дискі өткеннен кейін бірден жоғары жылдамдықты екпінді ағынмен әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасқан (2) құйынның пайда болуы көрсетілген. 3а суретінде жергілікті Mах санының таралуынан құйынның пайда болған жерінде жылдамдығы дыбыс жылдамдығынан төмен облысты байқауға болады. 2б графиктерінде сондай ақ ағынша мен ағын арасында араласу аумағында қалыптасатын, бірақ шекаралық қабат облысында өте көп қалыптасатын (3) төменгі құйынды байқауға болады. Оның пайда болуы ағыншаның артында қабырғада негізгі ағын ұмтылатын төмендетілген қысым облысы пайда болуымен байланысты.



а)



б)

Сурет 2. Жергілікті Мах санының
а) x=11.40 және б) x=14.70 қималарында n=50 үшін жылдамдықтар векторы өрісі және ток жолы.

3б суретінде *x*=15.80 қимасында карама-қарсы айналатын (2) және (1) екі жұбынан тұратын құйынды жүйе картинасы көрсетілген. Егер (2) құйыны сағат тілімен айналса, онда (1) құйыны қарама-қарсы бағытта айналады. Бұл жерде графикте өлшемі өте көп өскен (3) құйыны көрсетілген. Сандық нәтижелер (1) құйынның ағын бойымен төмен жылжуы нәтижесінде қарқындылығын жоғалтатынын көрсетеді, сондықтан ол *x*=14.4-тен *x*=15.4-ке дейінгі қимада қарастырылмайды. Бұл құйынның алдағы белсенділігі ағатын ағын мен үріленетін ағыншаның өзара әрекеттесуімен байланысты. 4а суретінде *x*=18 қимасында (2) және (1) екі жұп қимасы ағын бойымен төмен қозғалатын және есептелетін облыстың соңына дейін байқалатын (1) бір қимасына бірігеді. *x*=18 арақашықтығында (4) құйындарының жұбы құрылатынын байқауға болады. [13] жұмыста байқалатындай жоғарғы құйын басқаларына қарағанда әлсіздеу, сондықтан сандық нәтижелерде қиын анықталады. Сандық тәжірибе бұл құйынның пайда болуы ағынша мен ағынның араласу қарқындылығына тәуелді екенін көрсетті.



а)



б)

Сурет 3. а) Жергілікті Мах санының симметрия сызығында таралуы, б) x=15.80 қимасында n=50 үшін жылдамдық векторының өрісі мен ток жолы.

Ары қарай *n*=10 және *n*=3 ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрлерімен сандық тәжірибелер орындалды. [12] жұмыста толығырақ жазылған авторлардың зерттеулері ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрлерінің төмен мәндерінде ағыншаның артында *n* 10-нан кем кезіндегі сандық тәжірибелермен сәйкес келетін жұп құйынды құрылым пайда болатынын көрсетті. *n*=10 параметрі және одан да жоғары кезінде құйынды құрылымның картинасы өзгере

бастайды. Сандық тәжірибе n=10 кезінде 50 кезіндегі ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрлермен салыстырғанда (4) құйынның қалыптаспайтынын көрсетті, бұл төмен ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрі кезінде ағынша мен ағынның араласу қарқындылығы төмендеуімен байланысты. Бұл екі жұп құйындардың анықталмайтындығына алып келеді, ал қалған (1), (2), (3) құйындар қалыптасады және 5 суретте көрсетілген. 5а суретінде (сол жағында жылдамдық векторы, оң жағында жергілікті Мах саны мен ток жолының таралуы) x=10.90 қимасында жылдамдық векторының өрісі көрсетілген, бұл жерде ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрі азайғанда (1) бүйір құйын өлшемі мен биіктігі бойынша кішірейеді, оны ағыншада пайда болатын бөшке тәрізді құрылымның кішіреюімен түсіндіруге болады, бөшкелер өлшемдерінің салыстырылуын 2д суретте және 4б суретте жергілікті Мах санының таралуын бақылауға болады (сурет 2а - $n=50$, сурет 5а - $n=10$).



Сурет 4. а) x=18 б) x=20.6 қималарында n=50 үшін жылдамдық векторының өрісі мен ток жолы.

(2) құйынның пайда болуы 5б суретінде x=11.90 қимасында бейнеленеді, яғни n=50 кезіндегіге қарағанда ерте байқалады, ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының параметрлерінің үлкен мәндерінде (2) құйын пайда бола бастағанда (1) құйын жоғала бастайтындықтан суретте екі құйынды да бір уақытта байқауға болады. Симметрия жолында жергілікті Мах санының таралуы көрсетілген 5и суретінен Мах дискінің астындағы (2) құйынының пайда болуына себеп болған жылдамдығы дыбыс жылдамдығынан төмен аумақ n=50 (сурет 3а) кезіне қарағанда биіктігі бойынша төменірек және үрленетін ағыншаға жақынырақ орналасқаны көрінеді. Сонымен қатар графиктерден ағыншада пайда болатын тығыздалу секірмесі жүйесінің қарқындылығының төмендеуін байқауға болады. Осының бәрі (2) және (1) құйындар жүйесіне әсер етеді – олар n=50 кезіндегімен салыстырғанда өлшемі бойынша өте аз.

$3 \le n \le 10$ ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының төмен параметрлерімен жүргізілген тәжірибелер жоғарыда аталған (4) құйындар жұбынан басқа тек бүйір құйын (1) мен төменгі құйын (3) пайда болатындары байқалады, бұл ағыншадағы бөшке тәрізді құрылымның қарқындылығының төмендеуімен түсіндіріледі [13].



Сурет 5. а) x=10.90, б) x=11.90 қималарында жергілікті Mах санының таралуымен n=10 үшін жылдамдық векторының өрісі мен ток жолы, в) симметрия жолында жергілікті Mах санының таралуы.

Құрылған әдісті апробациялау үшін сандық нәтижелерді [1] жұмыстың тәжірибелі деректерімен *n*=40 үшін салыстыру жүргізілді. 6 суретте төменгі қабырғада симметрия жазықтығында P/P_∞ қысымның таралу нәтижелері көрсетілді (тұтас сызық – сандық нәтижелер, «°°°°» - [1] жұмыстың тәжірибесі). Тәжірибеде үрленетін ағынша пластинаның алдынғы сүйір жағынан 14 см қашықтықта орналасты. Бұл жерде таңдалған жүйенің бастапқы координаты үрленетін ағынша саңылауының центрімен сәйкес келеді. Абцисса осі бойынша $x_1 = (X - \frac{1}{2}d) - L_1$ шамасы алынды, бұл жерде L_1 - ағыншаның алдынғы нүктесінен қысымның жоғарылауына дейінгі қашықтық, ал x_1 бағыты жүгіретін ағынның жылдамдығының векторымен сәйкес келеді. Жүгіретін ағынның ағыншаның алдында тежелуінен қысым өседі және графикте байқалатындай қысымның әртүрлі градиенттерімен облыс пайда болады. Алынған нәтижелердің [1] жұмыстың тәжірибелі деректерімен салыстырылуынан есептеулердің нәтижесі тәжірибенің есептеулерімен жеткілікті сәйкес келетіні шығады.



Сурет 6. Симметрия осінде қабырғада қысымның таралуы.

Қорытынды

Симметриялы көлденең дөңгелек ағыншалар канал қабырғасынан үрленген үшөлшемді жылдамдығы дыбыс жылдамдығынан жоғары турбулентті ағындарды жетілген газ үшін ENO схемаға негізделген Навье-Стокс теңдеулерін Фавр бойынша орташалау арқылы сандық зерттелді. Ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының кіші жіне орташадан $3 \le n \le 10$ үлкен (n=50) параметрлеріне дейінгі диапазонда ағып бара жатқан ағын мен үріленетін ағыншаның өзара әрекеттесу нәтижесінде симметриялық құйындардың төрт жұбының пайда болу механизмі зерттелді. Ағыс пен ағынша қысымдарының арақатынасының орташа мәндерінде (n=10) тек үш жұп құйын пайда болады. Ағыншадағы қысым мен ағындағы қысымның қатынасының төмен мәндерінде (n=3) ағыншада пайда болған құйындар сығылмайтын сұйықтың ағынымен бірдей.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *Глаголев А.И., Зубков А.И., Панов Ю.А. Обтекание струйного газообразного препятствия на пластине сверхзвуковым потоком // Известия АН СССР. Механика жидкости и газа -1967. № 3. - С. 97-102.*

2 *Спейд Ф., Зукоски Е.Е. Исследование взаимодействия газовой струи, вытекающей из поперечной щели, со сверхзвуковым потоком // Ракетная техника и космонавтика -1968. № 2. - С. 16-25.*

3 *Авдуевский В.С., Медведев К.И., Полянский М.Н. Взаимодействие сверхзвукового потока с поперечной струей, вдуваемой через круглое отверстие в пластине // Известия АН СССР. Механика жидкости и газа -1970. № 5. - С. 193-197.*

4 *Боровой В.Я. Течение газа и теплообмен в зонах взаимодействия ударных волн с пограничным слоем / В.Я. Боровой. - М.: Машиностроение, 1983. -144с.*

5 *Драммонд Д.Ф., Вайднер Э.Х. Численный метод расчета в канале ПВРД // Аэрокосмическая техника - 1983. - Т.1. № 4. -С.42-49.*

6 *Шунь Дж.Ш., Юнь С. Численное исследование течений с химическими реакциями на основе LU-факторизованной схемы, построенной методом симметричной последовательной верхней релаксации // Аэрокосмическая техника -1990. № 10. - С. 102-113.*

7 *Grasso F., Magi V., Simulation of Transverse Gas Injection in Turbulent Supersonic Air Flows // AIAA Journal -1995. -Vol.33. № 1. - P. 56-62.*

8 *Chenault C.F., Beran P.S. k-ε and Reynolds stress turbulence modelcomparisons for two-dimensional injection flows // AIAA Journal -1998. -Vol.36. - P. 1401.*

9 *Chenault C.F., Beran P.S. Numerical Investigation of Supersonic Injection Using a Reynolds Stress Turbulence Model // AIAA Journal -1999. -Vol.37, № 10. - P. 1257-1269.*

10 *Sun De- chaun, HU Chun-bo, CAI Ti-min Computation of Supersonic turbulent Flowfield with Transfer Injection // Applied Mathematics and Mechanics -2002. -Vol. 23. №1.*

11 *Бекетаева А.О., Найманова А.Ж. Численное моделирование сверхзвукового течения с поперечным вдувом струй // Прикладная механика и техническая физика. -2004. -Т.45. №3. -С.72-80.*

12 *Бекетаева А.О., Найманова А.Ж. Численное исследование пространственного сверхзвукового течения совершенного газа при наличии поперечного вдува струй // Прикладная механика и техническая физика. - 2011. - Т.52. №6. - С.1-10.*

13 *Viti V., Neel R., Schetz J. Detailed Flow Physics of the Supersonic Jet Interaction Flow Field // Physics of Fluids – 2009. -Vol. 21.*

14 D.C. Wilcox, A two-equation turbulence model for wall-bounded and free-share flow // AIAA paper 93-2905 - 1993.

15 Poinsot T.J., Lele S.K. Boundary Conditions for Direct Simulation of Compressible Viscous Flows // Journal of Computational Physics. - 1992. № 101. - P.104-129.

16 Harten A., Osher S., Engquist B., Chakravarthy S.R. Some Results on Uniformly High-Order Accurate Essentially Non-Oscillatory Schemes // Applied Num. Math. -1986. No 2. -P. 347-377.

17 Ершов С.В. Квазимонотонная ENO- схема повышенной точности для интегрирования уравнений Эйлера и Навье-Стокса // Математическое моделирование -1994. - Т. 6. №11. С. 63-75.

18 Yang J.Y. Third_Order Non-Oscillatory Schemes for the Euler Equations // AIAA Journal -1991. -Vol. 29. No 10. - P. 1611-1618.

19 Yang J.Y., Huang J.C., Wang C.S. Nonoscillatory Schemes for Kinetic Model Equations for Gases with Internal Energy States // AIAA Journal - 1996. - Vol. 34. № 10. - P. 2071-2081.

20 Бекетаева А.О. Найманова А.Ж. Применение ENO (Essentially Non-Oscillatory) схемы для моделирования течения многокомпонентной газовой смеси // Вычислительные технологии -2007. - Т.12. № 4. - С. 17-25.

УДК 510.6
ГРНТИ 27.03.55

Т.Н. Ахмурзина [1], Д.Х. Ибрашова [2]

[1,2] магистр, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан,

РЕТТЕЛГЕНДІКТІҢ ТЕҢСІЗДІКТІ ДӘЛЕЛДЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа

Орта мектеп математикасындағы ең қиын тақырыптардың бірі теңсіздіктерді дәлелдеу болып табылады. Теңсіздіктерді дәлелдеудің қарапайымнан бастап күрделіге дейін көптеген әдістері бар.Теңсіздіктерді дәлелдеудің көптеген әдістері болғанымен, оларды пайдалануда қолданылатын ұғымдар мектеп математикасында қарастырылмайды.

Мақалада оқушыларға түсінікті, қарапайым математика оқулығындағы ұғымдарды пайдаланатын тізбектердің реттелуін, яғни транстеңсіздіктерді сабақтан тыс жұмыстарда, әсіресе олимпиадалық теңсіздіктерді дәлелдеу мәселесі қарастырылады, сонымен қатар мақалада транстеңсіздіктерді ыңғайлы пайдалана білгенде көптеген теңсіздіктерді, соның ішінде классикалық теңсіздіктерді жеңіл дәлелдеуге болатыны көрсетіледі.

Мақаланың қолданыс аясының зор мүмкіндігінің өзі, бұрыннан белгілі ұғымдарды одан әрі толықтыра түседі, сонымен бірге, оның теңсіздіктерді дәлелдеудегі қолданыстары мақаланың практикалық маңыздылығын аша түседі.

Түйін сөздер: тізбек, теңсіздік, ауыстырулар, бірдей және кері реттелген тізбектер, транстеңсіздік, Чебышев теңсіздігі, көбейтінді транстеңсіздік, квазирет қатысы.

Аннотация

Т.Н. Ахмурзина[1], Д.Х. Ибрашова [2]

[1,2] магистр, Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова, г.Атырау, Казахстан,

ПРИМЕНЕНИЕ УПОРЯДОЧЕННОСТИ ПРИ ДОКАЗАТЕЛЬСТВЕ НЕРАВЕНСТВ

Один из сложных вопросов в школьной математике является доказательство неравенств. Существуют достаточно много методов доказательства неравенств от простого к сложному. Не смотря на множество существующих методов доказательство неравенств, применение используемых понятий не рассматриваются в школьном курсе математики.

В статье хорошо разъясняется учащимся, упорядоченность неравенств с использованием понятии, взятых из учебников элементарной математики, то есть рассматривается транс неравенства внеурочное время, в особенности вопросы доказательства олимпиадных неравенств, но также обеспечивает простой способ доказать многие неравенства, в том числе показывает легко доказуемость классических неравенств.

Одной из замечательных особенностей статьи является способность дальнейшего понимания известных понятий, а ее применение в доказательстве неравенства раскрывает практическую значимость статьи.

Ключевые слова: последовательность, неравенство, подстановки, одинаково и обратно упорядоченные последовательности, транснеравенство, неравенство Чебышева, произведение транснеравенств, отношение квазипорядка.

Abstract

THE USE OF ORDER IN THE PROOF OF INEQUALITIES

Akhmurzina T.N [1], Ibrashova D.H.[1]

[1,2] Master of Science, Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan

One of the most difficult questions in school mathematics is the proof of inequalities. There are many methods of proving inequalities from simple to complex. Despite the many existing methods of proving inequalities, the use of the concepts used is not considered in the school course of mathematics.

The article considers pupils' understanding of the chain of simple mathematical concepts used in the textbook, that is, the problem of proving discrepancies in extracurricular activities, especially in the case of Olympic inequalities, and also demonstrating that many inequalities, including classical inequalities, can be easily proved in the article.

One of the most remarkable features of the article is the existence of a well-known conceptuality of consciousness, and the application of non-disclosure opens the practical point of view.

Key words: sequence, inequality, substitution, identical and inversely ordered sequences, trans inequality, Chebyshev's inequality, product of transnervations, quasi-order relation

Э.Беккенбахт және Р.Беллманның [1] еңбегінде «...Математиканың негізгі нәтижелері көбінесе теңдікпен емес теңсіздікпен өрнектеледі» делінгенінен теңсіздіктердің математикада алатын орының аса зор екенін байқаймыз.

Тек математикада ғана емес әр түрлі жаратылыстану ғылымдарында зерттелетін табиғаттың үздіксіз процестері, әсіресе экологиялық, экономикалық т.б. халық шаруашылығындағы байланыстар теңсіздіктің көмегімен шешіледі.

Теңсіздіктер оқушыларды айқын және дұрыс ойлауға, шамаларды салыстыра білуге дағдыландырады. Сондықтан теңсіздіктер математиканың негізгі тарауларының бірі болып табылады және оларды шешу мен дәлелдей білу маңызды мәселе болып табылады.Математиканың көптеген қолданбалы мәселелерді шешуде алынған нәтижені жоғарыдан немесе төменнен бағалау (мажорлау немесе минораттау) қажеттігі туындайды. Бұл мәселені шешу барысында кейбір жағдайларда пайда болатын сандық тізбектерді реттеуге келтірілетіндігі белгілі. Бұл бөлімде осындай реттелген тізбектердің қажетті теңсіздіктерді жоғарыдан бағалауда қолдану мәселесі қарастырылады.

Мақалада сандық тізбектің ретелгендігін тиімді пайдалана білгенде көптеген теңсіздіктерді, соның ішінде классикалық теңсіздіктерді жеңіл дәлелдеуге болатыны көрсетіледі.

Бинарлық $\prec$ қатысын *квазирет қатысы* деп атаймыз, егер ол рефлексивті және транзитивті болса. Сонымен, $a \prec a$ және $a \prec b, b \prec c \Rightarrow a \prec c$ шарттары орындалса, онда $\prec$ қатысы *квазирет* деп аталады.

Бинарлық $\prec$квазирет қатысы *рет қатысы* деп аталады, егер ол антисимметриялы болса.

Демек, $\prec$- рет қатысы болуы үшін мына шарттардың орындалуы керек:

$$a \prec a; a \prec b, b \prec c \Rightarrow a \prec c; a \prec b, b \prec a \Rightarrow a = b.$$

Нақты сандардың $x_1, \dots, x_n$ тізбегінен құралған $x = (x_1, \dots, x_n)$ – векторын қарастыралық. Сонда $x_{(1)} \leq \dots \leq x_{(n)}$ шарты орындалса, онда берілген тізбекті *кемімейтін* деп атап, сәйкес векторды $x \uparrow = (x_{(1)}, \dots, x_{(n)})$ арқылы белгілейміз. Дәл осылайша, $x_{(1)} \geq \dots \geq x_{(n)}$ шарты орындалса, онда берілген тізбекті *өспейтін* деп атап, сәйкес векторды $x \downarrow = (x_{(1)}, \dots, x_{(n)})$ арқылы белгілейміз. Екі кемімейтін және өспейтін тізбектерді *бірдей монотонды тізбектер* деп атаймыз.

Мажорлау әдісі алғашқы рет 1903 жылы Р.Ф.Мюрхедтің еңбегінде жарияланды [1].

Мажорлау дегеніміз не және оны теңсіздіктерді дәлелдеуде қалайша қолданылатынын қарастыралық. Мысалға, $A < B$ теңсіздігін дәлелдеу қажет болсын. Сонда $A \leq C$ болатындай, B – дан кіші C шамасын табамыз. Сонда C шамасы A үшін *мажорант* деп аталады, ал дәлелдеу әдісі – *мажорлау* болып табылады (өйткені біз $A < B$ теңсіздігін дәлелдеудің орнына одан күштірек $A \leq C < B$ немесе $A < C \leq B$ теңсіздіктерін дәлелдейміз).

Осылайша $A > B$ теңсіздігін дәлелдеу үшін $A \geq C > B$ немесе $A > C \geq B$ теңсіздіктерін дәлелдейміз. C шамасын A шамасы үшін *минорант* деп атайды.Мысалға, $x^2 - 2x \geq -3 + \sin x$ теңсіздігін дәлелделік. Сонда $[-1; \infty)$ сәулесі теңсіздіктің сол жағындағы $f(x) = x^2 - 2x = (x-1)^2 - 1$ функциясының өзгеру облысы болады және бұл облыс теңсіздіктің оң жағындағы $g(x) = -3 + sin\, x$ функцияның өзгеру облысы $[-4; -2]$ кесіндісімен қиылыспайтындығын байқаймыз. Мұны басқаша

мына түрде айтуға болады: қандайма бір c (мысалға $c = \frac{-3}{2}$) нақты саны табылып, барлық $x \in \mathbb{R}$ үшін $f(x) > c$ және $c > g(x)$ теңсіздігі орындалады. Бұдан

$x^2 - 2x \geq \frac{-3}{2} > -3 + \sin x$ теңсіздігі ғана емес, сонымен қатар бұл теңсіздіктен күштірек кез-келген $x, y \in \mathbb{R}$ үшін $f(x) > g(y)$ теңсіздігінің орындалатындығын алуға болады. Сонымен, кез-келген $x, y \in \mathbb{R}$ үшін мына теңсіздіктің орындалатындығын аламыз: $x^2 - 2x \geq -3 + \sin y$.

Берілген $a_1, a_2, \dots, a_n$ және$b_1, b_2, \dots, b_n$ тізбектерінен $b_1, b_2, \dots, b_n$ тізбегіне қандайма бір ауыстыруды қолданып $c_1, c_2, \dots, c_n$ тізбегін алалық. Сонда әртүрлі ауыстырулардан алынған $c_1, c_2, \dots, c_n$ тізбегі үшін мына қосындылардың ішіндегі қайсысы ең үлкен, ал қайсысы ең кіші болады деген мәселені зерттелік: $S_1 = a_1c_1 + a_2c_2 + \dots + a_nc_n$.

Барлық $k, m = \overline{1, n}$ үшін $(a_k - a_m)(b_k - b_m) \geq 0$ болса, $\{a_k\}$ және $\{b_k\}$ тізбектерін *бірдей реттелген* деп, ал $(a_k - a_m)(b_k - b_m) \leq 0$ болса онда *кері реттелген* деп атаймыз.

1 – ұйғарым. $\{a_k\}$ және $\{b_k\}$ тізбектері бірдей немесе кері реттелуге байланысты S_1 сәйкесінше ең үлкен немесе ең кіші мәнді қабылдайды.

Дербес жағдайда $a_1 \geq a_2 \geq \dots \geq a_n$, $b_1 \geq b_2 \geq \dots \geq b_n$ болса, онда

$$a_1c_n + a_2c_{n-1} + \dots + a_nc_1 \leq a_{i_1}b_{j_1} + a_{i_2}b_{j_2} + \dots + a_{i_n}b_{j_n} \leq$$

$$\leq a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n,$$

Мұндағы $i_1, \dots, i_n$ және $j_1, \dots, j_n$ индекстердің қандайма бір орналасуы.

Сонымен бірге $\{a_k\}$ және $\{b_k\}$ тізбектері бірдей (кері) реттелген, ал $\{c_k\}$ тізбегі $\{b_k\}$–ны қандайма бір орналастырудан алынса, онда

$$a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n = a_1c_1 + a_2c_2 + \dots + a_nc_n$$

теңдігі барлық $k = 1, 2, \dots, n$ үшін тек қана $c_k = b_k$ болғана орындалады.

1 – салдар. Егер $b_1, b_2, \dots, b_n$ тізбегі $a_1, a_2, \dots, a_n$ тізбегін қандайма бір алмастырудан алынса, онда

$$a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n \leq a_1^2 + a_2^2 + \dots + a_n^2.$$

2 – салдар. Егер $a_1, a_2, \dots, a_n$ мен $b_1, b_2, \dots, b_n$ сандарының жиынтығы бірдей реттелген болса, онда

$$\frac{a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n}{n} \geq \frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \cdot \frac{b_1 + b_2 + \dots + b_n}{n}.$$

Бұны Чебышев теңсіздігі деп атайды және теңдік таңбасы бір жиынтықтағы барлық сандар өзара тең болғанда ғана орындалады.

3 – салдар. Егер $a_1, a_2, \dots, a_n$ мен $b_1, b_2, \dots, b_n$ сандарының жиынтығы кері реттелген болса, онда

$$\frac{a_1b_1 + a_2b_2 + \dots + a_nb_n}{n} \leq \frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \cdot \frac{b_1 + b_2 + \dots + b_n}{n}.$$

Бұл теңсіздікте теңдік таңбасы бір жиынтықтағы барлық сандар өзара тең болғанда ғана орындалады.

4 – салдар. Бірдей реттелген оң $a_1, a_2, \dots, a_n$ мен $b_1, b_2, \dots, b_n$ сандары жиынтығы және $p > 0$ болса, онда

$$\left(\frac{a_1^p + a_2^p + \dots + a_n^p}{n}\right)^{1/p} \left(\frac{b_1^p + b_2^p + \dots + b_n^p}{n}\right)^{1/p} \geq$$

$$\geq \left(\frac{a_1^pb_1^p + a_2^pb_2^p + \dots + a_n^pb_n^p}{n}\right)^{1/p}.$$

Енді мына айырмаларды қарастыралық

$$D_m = \frac{a_1b_1 + a_2b_2 + \cdots + a_mb_m}{m} - \frac{a_1 + a_2 + \cdots + a_n}{m} \cdot \frac{b_1 + b_2 + \cdots + b_n}{m}$$

2 – ұйғарым. Егер $a_1, a_2, \dots, a_n$ мен $b_1, b_2, \dots, b_n$ сандарының жиынтығы бірдей реттелген болса, онда

$$0 = D_1 \le 4D_2 \le 9D_3 \le \cdots \le n^2 D_n.$$

Дәлелдеуі. $m^2D_m - (m-1)^2D_{m-1}$ айырмасын түлендіріп аламыз:

$$m^2D_m - (m-1)^2D_{m-1} = m\sum_{k=1}^{m} a_kb_k - (m-1)\sum_{k=1}^{m-1} a_kb_k -$$

$$-\sum_{k=1}^{m} a_k \sum_{k=1}^{m} b_k + \sum_{k=1}^{m-1} a_k \sum_{k=1}^{m-1} b_k = \sum_{k=1}^{m-1} a_kb_k + (m-1)a_mb_m -$$

$$-a_m\sum_{k=1}^{m-1} b_k - b_m\sum_{k=1}^{m-1} a_k = \sum_{k=1}^{m-1}(a_m - a_k)(b_m - b_k).$$

Реттелуді анықтауымыз бойынша соңғы қосынды тізбектер бірдей реттелгенде теріс емес, ал кері реттелгенде оң емес болады.

3 – ұйғарым. $0 \le a_1 \le a_2 \le \cdots \le a_n$ және $0 \le b_1 \le b_2 \le \cdots \le b_n$ тізбектерін алмастырудан алынған тізбектерсәйкесінше $c_1, c_2, \dots, c_n$ және $d_1, d_2, \dots, d_n$ болса, онда кез келген t үшін мына теңсіздіктер ақиқат болады:

$$(c_1d_1 + t)(c_2d_2 + t) \cdot \ldots \cdot (c_nd_n + t) \le$$

$$\le (a_1b_1 + t)(a_2b_2 + t) \cdot \ldots \cdot (a_nb_n + t);$$

$$(c_1d_1 + t)(c_2d_2 + t) \cdot \ldots \cdot (c_nd_n + t) \ge$$

$$\ge (a_1b_n + t)(a_2b_{n-1} + t) \cdot \ldots \cdot (a_nb_1 + t).$$

Бұл көбейтінді транстеңсіздікті басқа қалыпқа келтіруге болады.

$0 \le a_1 \le a_2 \le \cdots \le a_n$;$0 \le b_1 \le b_2 \le \cdots \le b_n$ және $b_1, b_2, \dots, b_n$ тізбегінің қандайма бір алмастыруы $c_1, c_2, \dots, c_n$ болсын. Сонда келесі теңсіздік орындалады:

$$(a_1 + b_1)(a_2 + b_2) \dots (a_n + b_n) \le (a_1 + c_1)(a_2 + c_2) \dots (a_n + c_n) \le$$

$$\le (a_1 + b_n)(a_2 + b_{n-1}) \dots (a_n + b_1).$$

Дәлелдеуі. $a_1, a_2, \dots, a_n$ және $1/b_n, 1/b_{n-1}, \dots, 1/b_1$жиынтықтары бірдей реттелген, демек көбейтінді транстеңсіздіктен мынаны аламыз

$$\left(\frac{a_1}{b_n} + 1\right)\left(\frac{a_2}{b_{n-1}} + 1\right) \dots \left(\frac{a_n}{b_1} + 1\right) \ge \left(\frac{a_1}{c_1} + 1\right)\left(\frac{a_2}{c_2} + 1\right) \dots \left(\frac{a_n}{c_n} + 1\right) \ge$$

$$\ge \left(\frac{a_1}{b_1} + 1\right)\left(\frac{a_2}{b_2} + 1\right) \dots \left(\frac{a_n}{b_n} + 1\right).$$

Бұл теңсіздіктің екі жағын $b_1b_2 \dots b_n = c_1c_2 \dots c_n$ – ге көбейтіп, қажетті нәтижені аламыз.

Реттелгендікті теңсіздіктің екі жағындағы өрнектер симметриялы немесе антисимметриялы болған жағдайда өте тиімді болып келеді [2]. Мысалға, a, b оң сандары үшін, $a^3+b^3 \geq a^2b+b^2a$ теңсіздігін дәлелделік.

(a,b) және (b^2,a^2) әр түрлі реттелгендіктен $(a-b)(b^2-a^2) \leq 0$. Ал, бұл $a^3+b^3 \geq a^2b+b^2a$ екенін көрсетеді.

Нақты оң a және bсандары үшін (a^3,b^3) және $1/b\,,1/a$ тізбектері бірдей реттелгенінен: $a^3/b+b^3/a \geq a^2+b^2$ теңсіздігін аламыз.

Енді $a^3+b^3+c^3 \geq a^2b+b^2c+c^2a(a,b,c>0)$ теңсіздігін дәлелделік.

(a^2,b^2,c^2) және $(a,\ b,\ c)$ бірдей ретелгендіктен, мынаны аламыз: $(a^2,b^2,c^2)\cdot(a,\ b,\ c) \geq (a^2,b^2,c^2)\cdot(b,c,a)$. Бұл скалярлық көбейтуден дәлелдеу керектігі шығады: $a^3+b^3+c^3 \geq a^2b+b^2c+c^2a$.

a, b,c – оң нақты сандары үшін теңсіздікті дәлелделік:

$$\frac{a}{b+c}+\frac{b}{c+a}+\frac{c}{a+b} \geq \frac{3}{2}.$$

Теңсіздік симметриялы, олай болса, $(a,\ b,\ c)$ мен $\left(\frac{1}{b+c},\ \frac{1}{c+a},\ \frac{1}{a+b}\right)$ бірдей реттеледі. Демек, мына теңсіздік орындалады:

$$(a,b,c)\cdot\left(\frac{1}{b+c},\frac{1}{c+a},\frac{1}{a+b}\right) \geq (a,b,c)\cdot\left(\frac{1}{c+a},\frac{1}{a+b},\frac{1}{b+c}\right).$$

және

$$(a,b,c)\cdot\left(\frac{1}{b+c},\frac{1}{c+a},\frac{1}{a+b}\right) \geq (a,b,c)\cdot\left(\frac{1}{a+b},\frac{1}{b+c},\frac{1}{c+a}\right).$$

Осы теңсіздіктерді қоссақ, онда

$$2\left(\frac{a}{b+c}+\frac{b}{c+a}+\frac{c}{a+b}\right) \geq \frac{a}{c+a}+\frac{b}{a+b}+\frac{c}{b+c}+\frac{a}{a+b}+\frac{b}{b+c}+\frac{c}{c+a}.$$

Оң бөлігінде бөлімдері бірдей бөлшектерді топтап, аламыз:

$$2\left(\frac{a}{b+c}+\frac{b}{c+a}+\frac{c}{a+b}\right) \geq$$

$$\geq \left(\frac{c}{c+a}+\frac{a}{c+a}\right)+\left(\frac{a}{a+b}+\frac{b}{a+b}\right)+\left(\frac{b}{b+c}+\frac{c}{b+c}\right)=3.$$

Бұдан дәлелдеу керектігін аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Беккенбах Э., Беллман Р. Неравенства. М.: КомКнига, 2007.–280 с.

2 Седракян Н.М., Авоян А.М. Неравенства. Методы доказательства. –М.: Физматлит. 2002. –256 с.

УДК 517.957, 532.5
ГРНТИ 27.31.15, 29.05.03

А.Д. Беделханова[1], Г.С. Шаихова[2] , Г.Н. Шайхова[3]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Жалпы және теориялық физика кафедрасының магистранты, Астана қ., Қазақстан
[2]Карғанды Мемлекеттік Техникалық Университеті, Жоғары математика кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к, Қарағанды қ., Қазақстан
[3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Жалпы және теориялық физика кафедрасының Ph.D докторы, доцент м.а., Астана қ., Қазақстан

ЕКІ КОМПОНЕНТТІ ХИРОТА ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ПЕРИОДТЫҚ ШЕШІМДЕРІ

Аңдатпа

Үшінші ретті дисперсиялы, өздігінен кернелуі және серпімсіз комбинациалы таралуы секілді жоғары ретті әсерлері бар екі компонентті Хирота теңдеуін алғаш рет Тасгал мен Потасек бозондардың релятивистік емес өрісін сипаттау мақсатында ұсынған болатын. Екі компонентті Хирота теңдеуі оптикада, жоғары қарқындағы ультро жіңішке импульстардың оптикалық шыны талшықтан өту барысын сипаттауда маңызды рөл атқарады. Беріліп отырған мақалада дисперсиясы жоғары ретті оптикалық талшықта импульстің таралуын сипаттайтын екі компонентті Хирота теңдеулер жүйесінің периодтық шешімдерін анықтаймыз. Соңғы отыз жылдықта сызықты емес дифференциалдық теңдеулердің нақты шешімдерін алу мақсатында әр түрлу әдіс-тәсілдер жан – жақты зерттеліп, кеңінен қолданылып келеді. Солитондар теориясындағы осындай тәсілдердің бірі Дарбу түрлендіруі әдісі болып табылады. Қарастырылып отырылған мақалада Дарбу түрлендіруін қолдана отырып, берілген теңдеулер жүйесінің периодтық шешімдерін аламыз.

Түйін сөздер: Екі компонентті Хирота теңдеулер жүйесі, солитон, периодтық шешім, Дарбу түрлендіруі әдісі, Лакс жұптары, сәйкестік шарты.

Аннотация

А.Д. Беделханова[1], Г.С. Шаихова[2] , Г.Н. Шайхова[3]
[1]магистрант кафедры "Общая и теоретическая физика" Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан
[2]к.т.н., ст. преподаватель кафедры «Высшая математика» Карагандинского государственного технического университета, г.Караганда, Казахстан
[3]доктор (Ph.D), и.о. доцента кафедры " Общая и теоретическая физика", Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан

ПЕРИОДИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ ДВУХКОМПОНЕНТНОЙ СИСТЕМЫ УРАВНЕНИЙ ХИРОТЫ

Двухкомпонентная система уравнений Хироты с эффектами высокого порядка, такими как третья дисперсия, самонапряжение и неупругое рассеяние, была впервые предложена Тасгалом и Потасеком в целях описания нерелятивистского поля бозонов. Она играет важную роль в оптике. Кроме того, данная система уравнений помогает проиллюстрировать процесс передачи, во время прохождения ультратонких импульсов через оптическое стекловолокно. В представленной статье, находим периодические решения двухкомпонентной системы уравнений Хироты. В течение последних тридцати лет углубленно изучаются, а так же применяются методы получения точных решений нелинейных дифференциальных уравнений. Одиним из таких методов теории солитонов является метод преобразования Дарбу. В данной статье используя метод преобразования Дарбу, находим периодические решения двухкомпонентной системы уравнений Хироты.

Ключевы слова: Двухкомпонентная система уравнений Хироты, солитон, периодическое решение, метод преобразования Дарбу, пары Лакса,условия совместтности.

Abstract

PERIODIC SOLUTIONS FOR THE TWO COMPONENTS HIROTA SYSTEM OF EQUATIONS

Bedelkhanova A.D. [1], Shaikhova G.S. [2], Shaikhova G.N. [3]
[1]Student of Master's Programme of the General and Theoretical Physics Department at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2] Cand. Sci. (Engineering), Lecturer of the Higher Mathematics Department at Karaganda State Technical University, Karaganda, Kazakhstan
[3]Ph.D, Associate Professor of the General and Theoretical Physics Department at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The two-component Hirota system of equations with high-order effects, such as the third dispersion, self-stress and inelastic scattering, was first proposed by Tasgal and Potasek for the description of the nonrelativistic boson field. It plays

an important role in optics. In addition, this system of equations helps to illustrate the transmission process, during the passage of ultra-fine pulses through optical glass fibers. We find periodic solutions of the two-component Hirota system of equations in this paper. During the last thirty years, in-depth study has been carried out, as well as methods for obtaining exact solutions of non-linear differential equations. The Darboux transformation method is one of the methods of the soliton theory. In this paper, use the method of Darboux transformation we finded periodic solutions of the two-component Hirota system of equations.

Key words: the two component Hirota system of equations, soliton, the periodic solution, Darboux transformation, Lax pair, compatibility condition.

Кіріспе. Сызықты емес толқындар соңғы жылдары математикалық физиканың ғылыми – зерттеушілік бағытында үлкен қызығушылық тудырып отыр. Осындай толқындарды сипаттайтын көптеген сызықты емес бір компонентті теңдеулер бар (Шредингер теңдеуі, Хирота теңдеуі және т.б.) [1-4]. Дегенмен де, Бозе – Эйнштейн конденсаты немесе сызықты емес оптикалық талшық тектес кейбір күрделі жүйелерде бір емес бірнеше компонентті болғандықтан, соңғы зерттеулер көп компонентті теңдеулер жүйесіне бағытталған. Бүгінгі таңда, осындай, сызықты емес көп компонентті теңдеулерді шешу үшін әртүрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік бар. Берілген мақалада байланысқан жоғары ретті теңдеулер жүйесін шешуде өте тиімді болып табылатын Дарбу түрлендіруін қолданамыз [5-9]. Хирота теңдеуі әртүрлі солитондық теңдеулердің әмбебап интегралданатын дискреттілігін береді. Екі компонентті Хирота теңдеуінің жалпы түрі келесідей анықталады

$$iq_z + \frac{\alpha}{2} q_{tt} + \alpha\left(|q|^2 + |p|^2\right)q - i\beta\left(q_{ttt} + 3\left(|q|^2 + |p|^2\right)q_t + 3\left(q^* q_t + p^* p_t\right)q\right) = 0, \qquad (1\ а)$$

$$ip_z + \frac{\alpha}{2} p_{tt} + \alpha\left(|q|^2 + |p|^2\right)p - i\beta\left(p_{ttt} + 3\left(|q|^2 + |p|^2\right)p_t + 3\left(q^* q_t + p^* p_t\right)p\right) = 0, \qquad (1\ б)$$

мұндағы q және p сигналдың амплитудалары, α, β кейбір константалар [10]. (1) теңдеулер жүйесінің солитондық шешімдері Дарбу түрлендіруін қолдана отырып [10] мақалада алынған. Бұл жүйе келесідей редукцияға ие: $\beta = 0$ жағдайында екі компонентті сызықты емес Шредингер теңдеуін, ал $\alpha = 0$ жағдайында екі компонентті комплексті модификацияланған Кортевег-де Фриз теңдеулерін аламыз. $\alpha = 0$ жағдайы [11] жұмысында қарастырылған. Мақалада Дарбу түрлендіруі әдісі көмегімен екі компонентті комплексті модификацияланған Кортевег-де Фриз теңдеулерінің көп солитондық шешімдері алынған.

Жоғарыда келтірілген теңдеулер жүйесі үшін Лакс жұптары

$$\Psi_t = A\Psi, \qquad (2\ а)$$

$$\Psi_z = B\Psi. \qquad (2\ б)$$

Соңғы теңдеулер жүйесіндегі Ψ, A және B мәндері келесідей мәнге ие

$$\Psi = \begin{pmatrix} \psi_1 \\ \psi_2 \\ \psi_3 \end{pmatrix}, \quad A = \lambda J + K, \quad B = \left(FB_0 + CB_1 + EB_2 + \beta B_3\right),$$

мұндағы

$$J = \begin{pmatrix} -i & 0 & 0 \\ 0 & i & 0 \\ 0 & 0 & i \end{pmatrix}, \; K = \begin{pmatrix} 0 & q & p \\ -q^* & 0 & 0 \\ -p^* & 0 & 0 \end{pmatrix},$$

$$F = -8i\beta\lambda^3 + 2i\alpha\lambda^2, \; C = -4\beta\lambda^2 + \alpha\lambda, \; E = -2i\beta\lambda + \frac{i\alpha}{2},$$

$$B_0 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{pmatrix}, \quad B_1 = \begin{pmatrix} 0 & q & p \\ -q^* & 0 & 0 \\ -p^* & 0 & 0 \end{pmatrix}, \; B_2 = \begin{pmatrix} |q|^2 + |p|^2 & q_t & p_t \\ q_t^* & -|q|^2 & -pq^* \\ p_t^* & -qp^* & -|p|^2 \end{pmatrix},$$

$$B_3 = \begin{pmatrix} q_t q^* - q q_t^* + p_t p^* - p p_t^* & q_{tt} + 2\left(|q|^2 + |p|^2\right) q & p_{tt} + 2\left(|q|^2 + |p|^2\right) p \\ -q_{tt}^* - 2\left(|q|^2 + |p|^2\right) q^* & -\left(q_t q^* - q q_t^*\right) & -\left(p_t q^* - p q_t^*\right) \\ -p_{tt}^* - 2\left(|q|^2 + |p|^2\right) q^* & -\left(q_t p^* - q p_t^*\right) & -\left(p_t p^* - p p_t^*\right) \end{pmatrix}.$$

(2) теңдеулер жүйесі келесі сәйкестік шартын қанағаттандыруы тиіс:

$$A_z - B_t + [A, B] = 0. \tag{3}$$

Соңғы теңдеуге A және B матрицаларының мәндерін қоя отырып, (1) теңдеулер жүйесін аламыз. Лакс жұптары келтірілгеннен кейін, берілген теңдеулер жүйесінің шешімін алу үшін Дарбу түрлендіруіне көшеміз [10].

Дарбу түрлендіруі. Дарбу түрлендіруі арнайы калибрлік түрлендіру болып табылады

$$\Psi[1] = T\Psi, \tag{4}$$

мұндағы $T = \lambda I - S$. Ψ және $\Psi[1]$ (2) теңдеудің жаңа және ескі меншікті функциялары, T - Дарбу матрицасы және S - 3×3 матрицасы. Дарбу түрлендіруі Лакс жұптарын жаңа Лакс жұптарына түрлендіреді

$$\Psi[1]_t = A[1]\Psi[1] = \left(\lambda IJ + K[1]\right)\Psi[1], \tag{5 а}$$

$$\Psi[1]_z = B[1]\Psi[1] = \left(\left(FB_0[1] + CB_1[1] + EB_2[1] + \beta B_3[1]\right)\right)\Psi[1], \tag{5 б}$$

мұндағы q, p, A және B келесідей жаңа мәндерге ауысады $p[1], q[1], A[1]$ және $B[1]$.

(4) түрлендіруді (2) теңдеулер жүйесіне қойып және алынған нәтижені (5) жүйемен салыстыра отырып, келесі қатынасқа келеміз

$$\lambda^2 J + \lambda K[1] - \lambda JS - K[1]S = -S_t + \lambda^2 J + \lambda K - \lambda SJ - SK. \tag{6}$$

(6) теңдеуді λ параметрінің дәрежесі бойынша жіктей отырып, теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\lambda^0: \quad -S_t - SK = -K[1]S, \tag{7 а}$$

$$\lambda^1: \quad SJ - JS = K - K[1], \tag{7 б}$$

$$\lambda^2: \quad J = J, \tag{7 в}$$

мұнда

$$S = \begin{pmatrix} s_{11} & s_{12} & s_{13} \\ s_{21} & s_{22} & s_{32} \\ s_{31} & s_{23} & s_{33} \end{pmatrix}, \quad K[1] = \begin{pmatrix} 0 & q[1] & p[1] \\ -q[1]^* & 0 & 0 \\ -p[1]^* & 0 & 0 \end{pmatrix}. \tag{8}$$

(8) теңдеулерді (7) теңдеулер жүйесіне қоя отырып және матрицалардың әрбір мүшелерін сәйкестендіре отырып келесі мәндерді анықтаймыз

$$q[1] = q - 2is_{12}, \quad p[1] = p - 2is_{13}. \tag{9}$$

S матрицасының нақты мәнін алу үшін

$$S = H\Lambda H^{-1}, \tag{10}$$

өрнегін қолданамыз, мұндағы

$$H=\begin{pmatrix}\psi_1 & \psi_2^* & \psi_3^*\\ \psi_2 & -\psi_1^* & 0\\ \psi_3 & 0 & -\psi_1^*\end{pmatrix},\quad H_1^{-1}=\frac{1}{\det H}\begin{pmatrix}|\psi_1|^2 & \psi_1^*\psi_3^* & \psi_1^*\psi_3^*\\ \psi_1^*\psi_2 & -|\psi_1|^2-|\psi_3|^2 & |\psi_3|^2\\ \psi_1^*\psi_3 & \psi_2^*\psi_3 & -|\psi_1|^2-|\psi_2|^2\end{pmatrix},\ \Lambda=\begin{pmatrix}\lambda & 0 & 0\\ 0 & \lambda^* & 0\\ 0 & 0 & \lambda^*\end{pmatrix}.$$

Берілген өрнекті (10) теңдеуге қойып, матрицаның әр бір элементтерін теңестіре отырып келесі шамаларды анықтаймыз:

$$s_{12}=\frac{\psi_1\psi_2^*(\lambda-\lambda^*)}{|\psi_1|^2+|\psi_2|^2+|\psi_3|^2}, \tag{11 а}$$

$$s_{13}=\frac{\psi_1\psi_3^*(\lambda-\lambda^*)}{|\psi_1|^2+|\psi_2|^2+|\psi_3|^2}, \tag{11 б}$$

(11) теңдеулер жүйесін (9) теңдеулер жүйесіне қоя отырып, Дарбу түрлендіруін аламыз:

$$q[1]=q-2i\frac{\psi_1\psi_2^*(\lambda-\lambda^*)}{|\psi_1|^2+|\psi_2|^2+|\psi_3|^2}, \tag{12 а}$$

$$p[1]=p-2i\frac{\psi_1\psi_3^*(\lambda-\lambda^*)}{|\psi_1|^2+|\psi_2|^2+|\psi_3|^2}. \tag{12 б}$$

Периодттық шешімдер. (1) теңдеулер жүйесінің периодтық шешімдерін қарастыру үшін q және p мәндерін нөлден өзге деп аламыз [8], яғни

$$q=a_1e^{i(k_1t+\omega_1z)},\quad p=a_2e^{i(k_2t+\omega_2z)}, \tag{13}$$

мұндағы $a_1, a_2, k_1, k_2, \omega_1$ және ω_2 қандай да бір тұрақтылар.

Дарбу түрлендіруіне сәйкес

$$\psi_{1t}=i\lambda\psi_1+q\psi_2+p\psi_3, \tag{14 а}$$
$$\psi_{2t}=-q^*\psi_1+i\lambda\psi_2, \tag{14 б}$$
$$\psi_{3t}=-p^*\psi_1+i\lambda\psi_{3t}, \tag{14 в}$$
$$\psi_{1z}=v_{11}\psi_1+v_{12}\psi_2+v_{13}\psi_3, \tag{14 г}$$
$$\psi_{2z}=v_{21}\psi_1+v_{22}\psi_2+v_{23}\psi_3, \tag{14 д}$$
$$\psi_{3z}=v_{31}\psi_1+v_{32}\psi_2+v_{33}\psi_3, \tag{14 е}$$

мұндағы

$$v_{11}=h(a_1^2+a_2^2)+2i\varepsilon(k_1a_1^2+k_2a_2^2),$$
$$v_{12}=(d+i\omega_1h-\varepsilon\omega_1^2+2\varepsilon(a_1^2+a_2^2))q,$$
$$v_{13}=(d+i\omega_2h-\varepsilon\omega_2^2+2\varepsilon(a_1^2+a_2^2))p,$$
$$v_{21}=(-d-i\omega_1h+\varepsilon\omega_1^2-2\varepsilon(a_1^2+a_2^2))q^*,$$
$$v_{22}=e-ha_1^2-2i\varepsilon\omega_1a_1^2,\ v_{23}=(-h+i\varepsilon\omega_2+i\varepsilon\omega_1)pq^*,$$
$$v_{31}=(-d-i\omega_2h+\varepsilon\omega_2^2-2\varepsilon(a_1^2+a_2^2))p^*,$$
$$v_{32}=(-h-i\varepsilon\omega_1-i\varepsilon\omega_2)qp^*,$$
$$v_{33}=e-ha_2^2-2i\varepsilon\omega_1a_2^2,$$

(13) теңдеулерді (1) теңдеулер жүйесіне қоя отырып, келесі мәндерді анықтаймыз

$$k_1 = -\frac{\alpha}{2}\omega_1^2 + \alpha(a_1^2 + a_2^2) - \beta\omega_1^3 + 6\beta\omega_1 a_1^2 + 3\beta a_2^2(\omega_1 + \omega_2),$$
$$k_2 = -\frac{\alpha}{2}\omega_2^2 + \alpha(a_1^2 + a_2^2) - \beta\omega_2^3 + 6\beta\omega_2 a_2^2 + 3\beta a_1^2(\omega_1 + \omega_2). \quad (15)$$

(14) теңдеулер жүйесін шеше отырып, меншікті функцияларды табамыз

$$\psi_1 = C_1 e^{(\frac{1}{2}ik+A)t+\theta z} + C_2 e^{(\frac{1}{2}ik-A)t-\theta z} \quad (16)$$

$$\psi_2 = -\frac{a_1}{i\chi+\eta+A} C_2 e^{(-\frac{1}{2}ik+A)t+(i\omega+\theta)z} - \frac{a_1}{i\chi+\eta-A} C_3 e e^{(-\frac{1}{2}ik-A)t-(i\omega+\theta)z} + C_1 e^{(i\varepsilon-\eta)t} \quad (17)$$

$$\psi_3 = \frac{1}{a_2}\left(C_2 b_1 e^{-(\frac{1}{2}ik+A)t+(i\omega+\theta)z} + C_3 b_2 e^{-(\frac{1}{2}ik-A)t-(i\omega+\theta)z} + C_1 e^{(i\varepsilon-\eta)t} \right) \quad (18)$$

мұндағы

$$A = \frac{1}{2}\sqrt{-4a_1^2 - 4a_2^2 - k^2 - 4k\lambda - 4\lambda^2},\ \chi = -\frac{1}{2}k - \varepsilon,\ \lambda = \varepsilon + i\eta,\ g = -8i\beta\lambda^3 + 2i\alpha\lambda^2,$$

$$d = -4\beta\lambda^2 + \alpha\lambda,\ h = -2i\beta\lambda + \frac{i\alpha}{2}.$$

$$\theta = \frac{Rz}{2N(ih - 2\varepsilon k)},\quad R = -\sqrt{-4N\left(\frac{1}{4}NM^2h^4 - iMP_1h^3 + M_1 + M_2h + \frac{1}{4}P_{12}P_{13}\right)} + \left(R_1\varepsilon^2 + R_2\varepsilon - R_3\right)N$$

$$N = a_1^2 + a_2^2,\ J = a_1^4 + a_2^4,\ G = a_1^2 \cdot a_2^2,\ M = N + \omega^2$$

$$M_1 = \left(-\frac{3}{2}\varepsilon^2 H\omega^6 + P_2 - 4H\varepsilon^2 J\omega^3 + P_3 + P_4 - P_5\right)h^2,$$

$$M_2 = P_6 - P_7 + P_8 + \left(P_9 - 4i\varepsilon^3 P_{10}\right)\omega - P_{11},$$

келесі өрнктермен

$$P_1 = -\varepsilon M\omega^3 + Md\omega + \varepsilon\omega(J + 6G) - k\varepsilon N^2,\ P_2 = 6\left(Nd + \frac{7}{6}\varepsilon\left(J + \frac{30}{7}G\right)\right)\varepsilon\omega^4,$$

$$P_3 = \left(-\frac{3}{2}Nd^2 - 3\varepsilon\left(J + \frac{14}{3}G\right)d - \varepsilon^2 N(J + 10G)\right)\omega^2,\ P_4 = 2N(Nd + 8G\varepsilon)k\varepsilon\omega,$$

$$P_5 = \frac{1}{2}N^2\left(d^2 + 4\varepsilon Nd + 2\varepsilon^2 N(2N + k^2)\right),\ P_6 = -iN\varepsilon^2\omega^7 + 3i\varepsilon^2\omega^5\left(Nd + \frac{5}{3}\varepsilon\left(J + \frac{14}{4}G\right)\right),$$

$$P_7 = 5i\left(J - \frac{6}{5}G\right)k\varepsilon^3\omega^4 - 3i\varepsilon\omega^3(a + 2\varepsilon N)\left(Nd + \frac{4}{3}\varepsilon(J + 4G)\right),\ P_8 = 6ik\varepsilon^2\omega^2\left(\left(j - \frac{2}{3}G\right)d + \frac{4}{3}\varepsilon N^3\right)$$

$$P_9 = iNd^3 + 5i\varepsilon\left(J + \frac{14}{5}G\right)d^2 + 8i(J + 4G)N\varepsilon^2 d,\ P_{10} = (a_1 - a_2)^2 N^2 k^2 - a_1^6 - 7a_2^2a_1^4 - 7a_1^2a_2^4 - a_2^6,$$

$$P_{11} = iN^2k(d + 2\varepsilon N)^2,\ P_{12} = \varepsilon^2 N\omega^4 - 2N\varepsilon\omega^2(d + 2\varepsilon N) + 4\varepsilon^2(J - 6G)k\omega + N(d + 2\varepsilon N)^2,$$

$$P_{13} = \varepsilon^2\omega^4 + \left(-2\varepsilon d - 4\varepsilon^2 N\right)\omega^2 + 4N^2\varepsilon^2\omega + \left(d + 2\varepsilon N^2\right)$$

$$R_1 = 4iJ + 8iG + 4i\omega(k - \omega)H + i\omega^4,\quad R_2 = (4id + 2hk - 2h\omega)H - 2id\omega^2 + 2h\omega^3 - 4gk,$$

$$R_3 = ih^2(a_1^2 - a_2^2) - i(h^2\omega^2 - d^2) + 2h(ig - d\omega).$$

(13) теңдеуді (12) теңдеулер жүйесіне қойып, (1) теңдеулер жүйесінің периодтық шешімдерін анықтаймыз

$$q[1] = a_1 e^{i(k_1 t + \omega_1 z)} - 2i \frac{\psi_1 \psi_2^* (\lambda - \lambda^*)}{|\psi_1|^2 + |\psi_2|^2 + |\psi_3|^2}, \tag{19}$$

$$p[1] = a_2 e^{i(k_2 t + \omega_2 z)} - 2i \frac{\psi_1 \psi_3^* (\lambda - \lambda^*)}{|\psi_1|^2 + |\psi_2|^2 + |\psi_3|^2}, \tag{20}$$

мұнда ψ_1, ψ_2, ψ_3 (16)–(18) теңдеулер арқылы анықталады. (19)–(20) периодтық шешімдердің графикалық бейнеленуі келесі суреттерде көрсетілген



а) б)

Сурет 1. а) $|q|^2$ *функциясы, мұндағы* $\beta = 1, \alpha = 0.001, \eta = 0.3, a_1 = 1, a_2 = -1$

б) $|p|^2$ *функциясы, мұндағы* $\beta = 1, \alpha = 0.001, \eta = 0.3, a_1 = 1, a_2 = -1$



а) б)

Сурет 2. Периодтық шешімдерінің тығыздық графигі а) $|q|^2$ *функциясы үшін, мұндағы*

$\beta = 1, \alpha = 0.001, \eta = 0.3, a_1 = 1, a_2 = -1$ *б)* $|p|^2$ *функциясы үшін , мұндағы*

$\beta = 1, \alpha = 0.001, \eta = 0.3, a_1 = 1, a_2 = -1$

Қорытынды. Берілген жұмыста Дарбу түрлендіру әдісін қолдана отырып екі компонентті Хирота теңдеулер жүйесінің периодтық шешімдері алынды және алынған шешімдер графиктік түрде бейнеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Wang X., Li Y., Chen Y. Generalized Darboux transformation and localized waves in coupled Hirota equations // Phys. Rev. Lett., -2014, - Vol.14,- p. 1

2 Agrawal G. P. // Nonlinear Fiber Optics, Academic, New York, - 1995

3 Hasegawa A., Tappert F. Transmission of stationary nonlinear optical pulses in dispersive dielectric fibers // Appl. Phys. Lett. -1973, -Vol.23. –p.142.

4 Mollenauer L.F., Stolen R.H., Gordon J.P. Experimental Observation of Picosecond Pulse Narrowing and Solitons in Optical Fibers // Phys. Rev. Lett., -1980, - Vol. 45,-p. 1095.

5 Matveev V.B., Salle M.A., Darboux transformations and solitons // Springer-Verlag, Berlin-Heidelberg, 1991.

6 Yesmakanova K R, Shaikhova G N, Bekova G T, Myrzakulova Zh R Determinant Representation of Darboux transformation for the (2+1)-Dimensional Schrodinger-Maxwell-Bloch Equation // Advances in Intelligent Systems and Computing,-2016,- 441,-p.183-198

7 Yesmakanova K R, Shaikhova G N, Bekova G T Soliton solutions of the Hirota system // AIP Conference Proceedings,-2016, -1759, -p.020147

8 Tao Y., He J. Multisolitons, breathers, and rogue waves for the Hirota equation generated by the Darboux transformatio, // Phys. Rev. E., - 2012, 026601

9 Wang D., Chen F., Wen X. Darboux transformation of the general Hirota equation: multisoliton solutions, breather solutions, and rogue wave solutions // Advances in Difference Equations, - 2016, -Vol.2016, -p.1

10 Беделханова А.Д., Шайхова Г.Н., Сыздыкова А.М., Есмаханова К.Р. Екі компонентті Хирота теңдеулер жүйесінің көп солитонды шешімдері // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, -2017 г. - 6(121),- С. 108-115

11 Құрбанғалиева Ә. Қ., Шайхова Г.Н., Сыздыкова А.М. Екі компонентті комплексті модификацияланған Кортевег-де Фриз теңдеуінің нақты солитондық шешімдері // Вестник КазНПУ им Абая № 2 (58), 2017 г., С. 178-185

УДК 001.891.573
ГРНТИ 28.17.19

А.Қ.Бекболғанова[1], М.Б.Туралық[2]

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан

МОДЕЛЬДЕУДІ ПАЙДАЛАНУ - ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫҒЫН КҮШЕЙТУДІҢ НЕГІЗГІ БІР ШАРТЫ

Аңдатпа

Математика адам мәдениеті тарихының барлық кезеңдерінде орын алатын ажырамас бөлігі; бұл қоршаған ортаны танып білудегі кілті және ғылыми-техникалық дамудың базасы мен тұлға болып өсуінің құрамдас бөлігі болып табылады. Математикалық білім мен дағды барлық мамандықтарға қажет, соның ең негізгісі жаратылыстану ғылымы, техника, экономика.

Бұл мақалада математиканы оқыту кезінде қолданбалы және тәжірибелік бағыттағы оқыту, қолданбалы тапсырмаларды қолдану мысалдары баяндалған. Математикалық модельдеудің дидактикалық функциялары, және де оқушылардың математикалық дайындығын арттыру құралы ретінде қолданбалы тапсырмаларды пайдалана отырып, математиканы оқытудың ұйымдастыру ерекшеліктері мен шарттары ұсынылған.

Мақалада оқытудың теориялық мәселелері және оқытудың практикалық бағыттылығы, қолданбалы және практикалық мәселелер қарастырылады және математиканы оқытудағы қолданбалы міндеттерді қолдану мысалдары сипатталады.

Түйін сөздер: модель, моделдеу, оқушы, тәжірибе, проблема, тапсырма, мазмұн, мектеп.

Аннотация

А.К. Бекболганова[1], М.Б.Туралык[2]

[1]к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2]магистрант 1 курса Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЯ МОДЕЛИРОВАНИЯ – ОСНОВНОЕ УСЛОВИЕ ОБУЧЕНИЯ ПРИ УСИЛЕНИИ ПРИКЛАДНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ

Математика на протяжении всей истории человеческой культуры всегда была ее неотъемлемой частью; она является ключом к познанию окружающего мира, базой научно-технического прогресса и важной компонентой

развития личности. Математические знания и навыки необходимы практически во всех профессиях, прежде всего в тех, которые связаны с естественными науками, техникой, экономикой. Для реализации прикладной направленности необходимо организовать обучение школьников элементам моделирования, которое с дидактической точки зрения является учебным действием, выполняемым в процессе решения задач.

В статье рассматриваются теоретические вопросы о прикладной и практической направленности обучения, прикладных и учебно-практических задачах, описываются примеры использования прикладных задач при обучении математике. Выявлены дидактические функции математического моделирования, а также условия и особенности организации обучения математике с использованием прикладных задач как средства повышения математической подготовки учащихся.

Ключевые слова: модель, моделирование, ученик, практика, проблема, задача, содержание, школа

Abstract

APPLICATIONS OF DESIGN ARE BASIC CONDITION OF EDUCATING AT STRENGTHENING OF THE APPLIED ORIENTATION

Bekbolganova A. [1], *Turalyk M.B.* [2]

[1]*Senoir Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

[2] *Student of Master's Programme, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Mathematics always was inalienable part of human culture during all it's history; she is the key to cognition of the surrounding world, by the base of scientific and technical progress and important component of development of personality. Mathematical knowledge and skills are needed practically in all professions, foremost in those, that related to natural sciences, technique, economy. For realization of the applied orientation it is necessary to organize educating of schoolchildren to the elements designs, that from the didactic point of view are educational actions executable in the process of decision of tasks.

Theoretical questions are examined in the article about the applied and practical orientation of educating, applied educational-practical tasks and the examples of the use of the applied tasks are described at educating to mathematics. The didactic functions of mathematical design are educed, and also terms and feature of organization of educating to mathematics with the use of the applied tasks as means of increase of mathematical preparation of students.

Key words: model, design, student, practice, problem, task, maintenance, school

Бүгінгі таңда елімізде мектептегі білім беру өзінің дамуының жауапты кезеңіне аяқ басты. Жалпы білім беретін мектепте бағдарлы сыныптардың ұйымдастырылуы, сондай-ақ ақпараттар ағымының істеуі, білім беру саласына елеулі өзгерістердің енгізілуін талап етеді. Ал, бұл өз кезегінде мұғалімдерді білім берудегі жаңа әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету қажеттігіне әкеледі.

Қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан танып білу өте күрделі процесс. Бүгінгі таңда модельдеу зерттеудің ғылыми танымының ерекше әдісі болып табылады, модельдеу әдісі кез келген ғылымда, ғылыми танымның барлық кезеңдерінде пайдаланылуда. Объектінің, яғни құбылыстың, процестің өзімен емес, оның моделімен жұмыс жасау салыстырмалы түрде тез және ешқандай елеулі шығынсыз оның қасиетін зерттеуге мүмкіндік береді.

Математика негіздерін зерттеумен айналысаты математиктер мен философтардың еңбектерінің нәтижесінде модельдер теориясы жасалды. Онда модель бір абстрактылы математикалық құрылымның басқасына бейнелеу, түрлендіру нәтижесі болып анықталады. XX-ғасырда модель түсінігі нақты және идеалдық модельдерді қатар қамтитындай болып жалпыланды. Сондықтан, абстрактылы модель түсінігі математикалық модельдер шеңберінен шығып, әлем туралы білімдер мен танымдардың барлығына қатысты болды.

Көптеген табиғат құбылыстары мен өндірістің процестерін түсіну және келешекте оларды сапалы түрде басқаруға қол жеткізу мақсатында біз оларды математикалық модельдеуге көштік. Алғашында қолда бар математикалық аппараттың күш — қуатына, мүмкіндіктеріне қарай қарапайым процестерді зерттеуден басталған математикалық модельдеу, қазіргі таңда өте — мөте күрделі құбылыстарды да сипаттап бере алатындай, жоғары деңгейге көтерілді. Модель түсінігінің айналасындағы кең талқылаудың қазіргі кезде де жалғасып отырғандығын естен шығармау қажет. Бастапқыда ақпараттық, кибернетикалық бағыттардағы ғылыми пәндер аясында, содан соң ғылымның басқа да салаларында түрлі тәсілдермен іске асырылатын модель ретінде танылды. Негізінде модель мәнін нақтылау тәсілі ретінде қарастырылады.

«Модель» термині көп мағыналы. Модель деп қандай да бір заттын кішірейтілген көшірмесін (самолет моделі, тұрғын үйлер макеті), матемаетикалық формулаларды, бұрыштан горизонтқа лақтырылған дененің ұшу моделін, іштен жану двигателі жұмысының моделін, қандай да бір нәрсенің эталоның (метр эталоны, килограмм этолоны) айтамыз. Жалпы түрдегі «модель» түсінігі төмендегідей негізде анықталады.

Модель - модельдеу мақсаты тұрғысынан оқып үйренетің объектінің / құбылыстың кейбір жақтарын ұқсастырып бейнелейтін жаңа объект.

Модель - объектінің нақты жұмыс істеуіне сәйкестенетін анықталған параметрлер бойынша жұмыс істейтін физикалық/ ақпараттық алмастырушысы. Модельдеудегі ең басты модельдеуші объекті мен оның моделі арасындағы өзара ұқсас қатысы болып табылады.

Модель (Model, simulator):

1) қасиеттері белгілі бір мағынадағы жүйенінің немесе процестін қасиеттеріне ұқсас объектілер немесе процестер жүйесі;

2) сериалы бұйымдарды жаппай өндіруге арналған үлгі, эталон; кез-келген бір объекті жұмысы, мыс, процессордың жұмыс істеуін модельдейтін программа немесе құрылғы. Ол материалдық объект түрінде, математикалық байланыстар жүйесі ретінде немесе құрлымды имитациялайтын программа күйінде құрастырылады да, қарастырылатын объектінің жұмыс істеуін зерттеу үшін қолданылады. Модельге қойылатын негізгі талап - оның қасиеттерінің негізгі объектіге сәйкес келуі, яғни барабарлығы.

Модельдеу (моделирование; simulation) - кез-келген құбылыстардың, процестердің немесе объект жүйелерінің қасиеттері мен сипаттамаларын зерттеу үшін олардың үлгісін құру (жасау) және талдау; бар немесе жаңадан құрастырылған объектілердің сипатын анықтау немесе айқындау үшін олардың аналогтарында (модельде) объектілердің әр-түрлі табиғатың зеттеу әдісі. Модель төрт денгейде түпнұсқанын гноселогиялық орынбасары бола алады:

1 – элеметтер денгейінде,

2 - құрлым деңгейіде,

3 - қалып - күй немесе қызметік деңгейін,

4 – нәтижелер деңгейінде.

Сипаты бойынша модельдеу объектінің геометриялық, физикалық, динамикалық және қызметтік сипатын нақты дәл береді. Идеалдық моделдеуге объектінің ойдағы бейнесі жатады. Ойша модельдеу тіл көмегімен іске асырылады.

Адам қолымен жасалған материалды объектілер модель бола алады. Модельді талдау нәтижесінде, нақты күрделі объектіні тереңірек білуге мүмкіндік туады. Мұндағы шын мәніндегі нағыз табиғи объект, яғни нақты объект прототип немесе түпнұсқа деп аталады. Шын мәнінде математикалық әдістер шынайы өмірде тікелей қолданыс таба алмайды, олар тек математикалық модельдер жасауда ғана қолданылады.

Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде модельдеуді екі жағынан қарастырады: оның біріншісі – оқушылардың оқу іс-әрекеті нәтижесінде меңгеретін білім мазмұны болса, соның негізінде олардың таным қабілетін көрсетсе, екіншісі оқытудың көрнекі құралы ретінде қабылданады, яғни сол арқылы толыққанды оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға болады [1], [2].

Модельдеуді оқытудың мазмұны ретінде қарастыра отырып, оның негізгі екі аспектін бөліп алуға болады, олар:

а) оқушыларда зерттелетін заңдылықтардың модельдік сипаты туралы түсінікті қалыптастыру, яғни оқыту үрдісіне модель және модельдеу туралы түсінікті енгізу, ғылыми танымдағы модельдеудің маңызы мен ролін анықтау;

б) оқушыларға модельдеу іскерлігін үйрету.

Математикалық модельдер туралы мынаны айтуға болады: әрбір ғылым саласы үшін құрылған математикалық модельдер сол ғылыммен бірге дамып және көбейіп отырады. Бастапқы кезде құрылған математикалық модель өте қарапайым болуы мүмкін, бірақ зерттеліп отырған сұрақ мазмұнының тереңдеуіне байланысты, құбылысты танудың жан — жақтылығына орай, ол да бірте — бірте күрделене бастайды. Әрине, математика осындай модельдерді құрумен шектеліп қалмайды. Көп жағдайда модельдің өзі де зерттеудің обьектісі бола алады. Сондықтан «Математикада» абстрактілі модельдер зерттеліп оқытылатын болады. Мұндай жағдайда жаңа ұғымдарды енгізудің, бүкіл теорияны қайта өндеудің пайдасы зор, Нәтижесінде модельдерді зерттеушілердің өздерінің арнайы тілі пайда болады.

Модельдеуді оқу құралы ретінде қарастыра отырып, біз оқытудың белгілі бір мақсаттарына жетуге арналған модельдер туралы айтамыз. Мысалы, қарастырылатын түрлі модельдер сериясы функция қасиеттерін зерттеуде қолданылуы мүмкін [3]

Модельдеу бұл жобалау іс- әрекетінің құрамды бір бөлігі және объектіні моделдері арқылы зерттеу әдісі.Оның екі жағы бар:

1) Оқушылар меңгеруге тиіс мазмұн;

2) Мүмкіндігінше толыққанды оқыту құралы.

Моделдеу арқылы күрделіні қарапайымға, таныс еместі таныс қылуға яғни объектіні танып білуге ыңғайлауға болады. Логикалық ойлауға, қиялдауын дамытуға себеп болатын «заттық», «белгілік», «графикалық» моделдермен жұмыс істеуді қарастырады.

Біздің зерттеуімізде модельдеу алғашқы екі жағдайда, яғни оқыту мазмұны ретінде қарастырылады. Енді математика курсын оқу барысында математикалық модельдеуді қалыптастыру қалай жүргізілетіндігін анықтайық.

Кез келген ғылымның негізі сияқты, математиканы да мектепте оқылатын оқу пәнінің мазмұны құрайды, ол өзіне ғылыми модельдер жүйесін және осы модельдерді зерттеуге арналған аппаратты, сонымен бірге модель нәтижелерін практикада қолданатын әдістерді енгізеді. Барлық математикалық түсініктер – сан, фигура және геометриялық формулалар және т.б. сандық қатынастардың және қоршаған шынайылықтың кеңістіктегі формаларын бейнелейді. Оларды зерттеу үшін теңдеулерді шешудің, функцияны зерттеудің, геометриялық фигуралардың ұзындығын, ауданын және көлемін және т.б. өлшеудің түрлі әдістері жасалған. Сонымен бірге математикалық модельдерді зерттеудің нәтижелерін практикада қолданудың әдіс-тәсілдері де анықталған, мысалы практикалық есептерді теңдеудің көмегі арқылы шығару.

Жоғарыда айтылғандай, практикалық проблемаларды шешуде математиканы пайдалану бірнеше кезеңдерден өтеді, бірінші топ математикалық модельдеумен байланысты, екіншісі – құрылған модельді зерттеумен байланысты, үшіншісі – бастапқы шынайы жағдайда математикалық есепті шығарудағы алынған нәтижелерді түсіндірумен байланысты. Бұл жерде, бірінші және үшінші топтың кезеңдерінде пайдаланған іскерлік математикалық емес (бұдан кейін оларды математикадан тыс деп атаймыз), ал екінші кезеңде пайдаланылған іскерлік таза математикалық (математикалық есепті шығара алу іскерлігі) және бастапқы жағдаймен салыстырғанда осындай шешімдерді тиімді ұйымдастыру іскерлігі болып табылады.

Сонымен, математиканы практикада пайдалану іскерлігі екі түрге бөлінеді, олар: математикалық объектілерде математикалық аппаратты пайдалану іскерлігі (математикалық іскерлік) және шынайы жағдайларды зерттеуде математикалық білім мен іскерлікті пайдалану (математикадан тыс немесе қолданбалы іскерлік). Мектептегі математика пәні іскерліктің екі тобын қалыптастыруды да белгілі бір дәрежеде қарастырады.

Қолданбалы математикалық іс – әрекетті бейнелейтін тағы бір маңызды сәттің бірі математикалық модельдеуді тіл тұрғысынан қарастыру мүмкіндігі. Математикалық модельдеудің бірінші кезеңінде табиғи тілмен тұжырымдалған есепті ауыстыру жүзеге асырылады, екінші кезеңде математикалық тіл пайдаланылады, үшінші кезеңде – математикалық тілден табиғи тілге ауысу іске асырылады. Мысалы, Н.Н.Моисеев былай дейді: «Қоғамдық ғылымдар жағдайдың сөздік бейнелеуін қарапайым тіл шеңберінде береді: орыс тілі, неміс тілі, ағылшын тілі. Физиктер және техниктер формальды бейнелеу тілдерін жиі пайдаланады, бұл жаратылыстану салаларына байланысты, оған математика да кіреді» [4].

Сонымен, математиканы пайдалануға байланысты іс – әрекет ерекшеліктерінің негізі келесідей, олар: математикалық теорияны білу және оны әдіс ретінде пайдалану іскерлігі, пайымдаудың қолданбалы математикалық стилін меңгеру, табиғи тілден математикалық тілге ауыса алу және керісінше ауысу іскерлігі.

Математикалық модельдеу, ғылым, техника, экономика салаларында, өз еңбектерінде математикалық есептерді қолданатын мамандарға өте қажет болып отыр.

Математикалық модель – математикалық символдармен жазылған нақты құбылыс абстракциясы. Оны талдау осы құбылыстың мәнін тереңдей ашуға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған.

Математикалық модельдеу әдісі мәтіндік есептерді шешкенде жиі қолданылады. Есептің берілуіндегі сөзбен сипатталған ахуалды модельдеуге әр алуан формулалар, кестелер, диаграммалар, функциялар, алгебралық теңдеулер, дифференциалды теңдеулер мен олардың жүйелері, теңсіздіктер, теңсіздіктер жүйелері, қатарлар, геометриялық фигуралар, схемалар, Венн диаграммалары, т.б. қолданылады.

Жоғарыда айтылғандардан келесідей қорытынды шығарамыз .

1. Бүгінгі таңда модельдеуді оқыту теориясы оның мазмұны және оның құралы ретінде қарастырылады. Оқытудың мазмұны ретінде модельдеу зерттелетін құбылыстар мен заңдылықтардың модельдік сипатын және модельдеу үрдісін меңгеруді көрсетеді, ал құрал ретінде оқытудың белгілі бір мақсатына жетуге қажетті көрнекілік, оқу модельдері ретінде қолданылады. Біздің зерттеуімізде оның алғашқысы ретінде қарастырылады.

2. Математикалық модельдеу үрдісінің құрылымынан және мектеп бағдарламасының мүмкіндіктерінен, таңдап алынған математикалық элементтермен алмастырылатын модельдеу элементтерін бөліп алуға болады. Олар: бастапқы ақпараттың толықтығын бағалай және қажет болған

жағдайда жетпейтін сандық деректерді енгізу, есеп мазмұныныа сәйкес келетін сандық мәнді нақтылау, алынған деректердің практикадағы есептерді шығаруға қажетті мүмкіндіктерін анықтау. Мәтіндік есептер аталған элементтердің құралы бола алады, оны шығару барысында сөздік модель құруға болады.

Мәтіндік есептерді шығару барысында сөздік модельді құру арқылы математикалық модельдеу үрдісінің құрылымы және модельдің негізгі қасиеттері туралы білім беруге болады. Математикалық модель бізді қошаған шынай өмірдің маңызды жақтарын математика тілінде сипаттайтын нысан, ол практикада туындаған есептерді шығарудың әдісі болып табылады. «Математикалық модельдеу» түсінігін енгізу және модельдеу элементтеріне оқыту негізгі мектептегі математика курсының қолданбалы бағытын жүзеге асырудың бір жолы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Лейкина Т.Н. Научиться придумывать, Санкт-Петербург, 1994

2 Подалко А.Е. Задачи и упражнения по развитию творческой фантазии учащихся, М., Просвещение, 1988

3 Шапиро И.М. Использование задач с практическим содержанием в обучении математике. М.: Просвещение, 1990.

4 Моисеев Н. Экология человечества глазами математиков. М.: Молодая гвардия, 1988. - 251 с.

УДК 51:37.016
ГРНТИ 27.01.45

А.Қ.Бекболғанова[1], А.Б.Умиргалиева[2]

[1]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ОРНЫ МЕН РОЛІ

Андатпа

Матемтиканың қызметі – математика білімінің барлық жүйесін қамтитын негізгі элементі. Математика мектептік білім берудің ең негізгі жүйе құраушы пәндердің бірі болып табылады. Математиканың осындай мептептік пәндер арасында алатын орнының мәні, оның қатысушылардың тұлға бойынша жан жақты дамуындағы ерекшеленген рөлінде айқындалады.

Мұндағы мақалада мектептік курсқа математикалық анализдің қойылатын шарттары, талаптары қарастырылған. Айта кету керек, математикалық талдаудағы оқытудың әдістемелік курсын жетілдіру мектеп қабырғасында және жоғарғы оқу орындарында да әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

Математикалық талдаудың мектептегі басты рөлі көптеген математикалық пән сабақтастығында жататындығында емес: бұл азын аулақ қатысушыларға ғана керек, бұны жоғарғы оқу орындарында терең оқытылады және логикалық ойлау қабілетін арттыруында да емес: математикалық талдаудың кезеңдері мектеп курсындағы математикаға «қатал» баяндалу мүмкінділігі шамалы. Математикалық талдаудың элементтерінің жалпы білім беретін мектептегі математика курсындағы басты рөлі – бұл мектептегі математика қосымшаларының кеңейту мүмкіндіктерін құру. Бұл басқа да математиканы қолданатын пәндерге ғана емес, бұл математиканың жалпы өзінің курсына да пайдалы.

Түйін сөздер: математикалық талдау, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, логика, мақсат, жауапкершілік, модель, процесс.

Аннотация

А.К. Бекболганова[1] , А.Б.Умиргалиева[2]

[1]к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

[2]магистрант 1 курса Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

РОЛЬ И МЕСТО ЭЛЕМЕНТОВ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ МАТЕМАТИКИ

Математическая деятельность - ключевой элемент всей системы математического образования. Математика является одним из основных, системообразующих предметов школьного образования. Такое место математики

среди школьных предметов обуславливает и ее особую роль с точки зрения всестороннего развития личности учащихся.

В данной статье рассматриваются требования к математическому анализу в школьном курсе математики. Следует отметить, что совершенствование методической системы обучения курсу математического анализа в школе и педагогическом вузе по прежнему остается актуальной.

Основная роль математического анализа в школьном курсе математики не в том, что он лежит в основе многих математических дисциплин: это понадобится меньшинству учащихся, которые более основательно будут изучать его в вузах, и не в том, что он способствует развитию логического мышления: «строгое» изложение элементов математического анализа в школьном курсе математики невозможно. Главная роль элементов математического анализа в курсе математики средней школы, это создание возможности для расширения области приложений школьной математики. Оно является полезным как для дисциплин, применяющих математику, так и для самого курса математики.

Ключевые слова: математический анализ, образование, воспитание, развитие, логика, цель, ответственность, модель, процесс.

Abstract

A ROLE AND PLACE OF MATHEMATICAL ANALYSIS ELEMENTS IN SCHOOL MATHEMATICS

Bekbolganova A. [1], *Umirgalieva A.B.* [2]

[1]*Senoir Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

[2] *Student of Master's Programme, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

Mathematical activity is a key element of all system of mathematical education. Mathematics is one of the basic, system-forming disciplines of school education. Such place of mathematics among school objects stipulates it's special role from the point of view of all-round development of personality of students.

The requirements for the mathematical analysis in the school course of mathematics are considered in this paper. It should be noted that perfection of the methodical system of training the course of mathematical analysis at school and pedagogical institution of higher learning the same remains actual.

Basic role mathematical analysis in the school course of mathematics not in that he is the basis of many mathematical disciplines: it may need to the minority of students, that more thoroughly will study him in institutions of higher learning, and not in that he assists development of the logical thinking : "strict" exposition of elements of mathematical analysis in the school course of mathematics is impossible. Leading role of elements of mathematical analysis in the course of mathematics of high school, this creation of possibility for expansion of area of appendixes of school mathematics. It is useful both to disciplines, applying mathematics and for the course of mathematics.

Key words: mathematical analysis, education, education, development, logic, aim, responsibility, model, process.

Елбасының «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуға бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Осыған орай,үлкен жауапкершілік жүктеліп отырған мұғалімдерге жаңашылдықпен жұмыс жасауға тура келеді. Ең алдымен барлық пәндер бойынша білім сапасын арттыру керек», - деп айтылған [1].

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [2], - делінген.

Математиканы оқыту бүкіл мектепке тән үш жалпы мақсатты көздейді:

1. Білім беру.
2. Тәрбиелеу.
3. Өмірлік-практикалық білім-дағды дарыту.

Сондықтан мектептегі математиканы оқыту мақсаттары мен міндеттері білім беру процесіндегі оқытудың негізгі міндеті оқушылардың білім жүйесін және ойлау қабілетін кең түрде дамыту мен оның қолданылуын меңгеруді қамтамасыз ету. Мектеп математика мұғалімдеріне қолданбалы және практикалық бағытталған білім беруді ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктер бар.

Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім беру жүйесін зерттеу барысында соңғы он жылдың ішінде жалпы орта білім беру жүйесінің құрылымында және оқыту мазмұнында: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; оқыту- тәрбиелеу үдерісіне жаңа технологиялардың енгізілуі; оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін білім беру моделіне көшу; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; оқушы жастарға азаматтық- патриоттық, рухани

- адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі; білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы процестері жүзеге асырылуда.

Математикалық анализ түсінігі, әдістері және қолданылумен таныс болу ғылым мен техниканың түрлі саласынан алынған көптеген мысалдарды келтіруге және зерттеудің теориялық әдістерін көрсетуге мүмкіндік береді. Ғылыми ақпараттар ағынының жедел қарқынмен өсуі, жалпы білім беретін мектеп оқушыларын өз бетінше жаңа білімдер игеруге қабілетті етіп тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді. Өз бетінше білім алуы үшін оқушы өз танымдық қызметі нысанының мәнін ұғынып, оның іс-әрекет жолдарын игеруге тура келеді. Сол себепті оқушыларды жаңа білімдерді алу технологиясын игеру жолдары мен құралдарына әдейі арнап мақсатты түрде оқыту қажеттігі туындайды.

Еліміздің егемендік алуына байланысты жалпы білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде кайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Болашақ коғам мүшелерінін өмір сүріп нәтижелі қызмет етуінде математикалық білімдердің жасайтын ықпалы мол. Математика ғылым ретінде қолданбалы есептен пайда болған десек те болады және қолданбалы есеп арқылы дамиды. Мектеп математикасын қолданбалы есепсіз құру мүмкін емес.

Ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы математикалық анализдің маңызы көптеген ғалымдардың еңбектерінде атап көрсетілген (Я.С.Дубнов, Б.В.Гнеденко, А.Н.Колмогоров, А.И.Маркушевич, А.Я.Хинчин).

Анализ элементтерін мектеп курсына енгізудің басқа да маңызды себептерін атап өту қажет. Мектептегі білім мазмұнын анықтайтын құжаттарға сәйкес мектепте ғылымның негізі оқылуы керек. Математиканың, сонымен бірге басқа да ғылыми – жаратылыстану пәндерінің даму тарихмен танысу барысында біз математикалық анализдің математикалық ғылымдар негізіне жататынын көреміз.

Математикалық анализ — математиканың функцияларды дифференциалдық және интегралдық есептеулер әдістерімен зерттейтін бөлімі. Математикалық анализдің негізгі зерттеу құралы — шектер әдісі. Математикалық анализдің дамуы нәтижесінде функциядан кеңірек ұғым функционал, оператор ұғымдары пайда болды. Табиғат пен техникада функциялар арқылы құбылыстар, қозғалыстар көптеп кездеседі. Сондықтан

Математикалық анализдің функцияларды зерттейтін құрал ретіндегі маңызы зор. Ол математиканың үлкен бөлігін қамтиды. Оған жалпы жағдайда дифференциалдық есептеу және интегралдық есептеу, нақты және жорымал айнымалы функциялар теориясы, комплексті айнымалы функциялар теориясы, жуықтау функциясы, дифференциалдық теңдеулер теориясы, интегралдық теңдеулер теориясы, дифференциалдық геометрия, вариациялық есептеулер, функционалдық анализ, т.б. математиканың бөлімдері кіреді. Анализ бастамаларымен таныс болмай қазіргі математиканың толық сипатын алу мүмкін емес.

Жалпы орта мектепте оқылатын ғылымдардың негізін салудағы анализ бастамаларының қатынасы туралы тезис нақтылауды қажет етеді.

Математикалық ғылымның негізіне жатқызылатын басқа да математика бөлімдерін көрсетуге болады, себебі олар математикада да және басқа ғылымдарда да (мысалы, сызықтық алгебра, математикалық статистика және математикалық логика, топтар териясы немесе топология) маңызды болып табылады. Дегенмен, мектептегі математика курсын оқытудағы маңызына келген жағдайда олардың барлығы математикалық анализге басымдық береді, яғни ғылыми көзқарасты тәрбиелеудегі ролі мен қолдану спектрінің кеңдігі, сонымен бірге дәстүрлі математика курсына жақындау дәрежесі бойынша да математикалық анализ басқаларынан үстем болады.

Математикалық анализ элементтерін мектептің математика курсына енгізу туралы жазылған көптеген еңбектер XX ғасырдың басында басылып шықты, ал қазіргі кезде ол негізделіп қана қойған жоқ, курсты оқытудың нақты әдістемесі де жазылды. Ф.Клейннің төрағалығымен жүргізілген «математикалық білім бойынша құрылыған халықаралық комиссия» жұмысының негізінде жасалған құжаттың, мақалалар мен кітаптардың (Э.Борель, Н.Я.Виленкин, Б.В.Гнеденко, А.Н. Колмогоров, А.И.Маркушевич, С.Й.Шварцбурд) маңызы зор. Бұл зерттеулердегі анализ бастамалары курсына қойылатын жалпы талапты қысқаша сипаттайық:

1) Анализ элементтерін мектептегі математика курсына енгізуді жақтаушылардың бағдарламасындағы бастапқы кезең функционалды пропедевтикағк қойылатын талап болып табылады. Анализдің негізгі түсінігі – шек, туынды, интеграл, олар функция түсінігіне негізделген. Бізді қоршаған шынайы құбылыстарды зерттеу үшін айнымалы шамаларды байланыстыратын тәуелділіктерді функционалды формаға ауыстыру қажет.

Мысалы математикалық анализдың объектісі өзара тәуелділіктегі айнымалы шамалар. Олардың арасындағы алуан түрлі қатынастарды зерттеудің әдісіндегі ерекшеліктерде де байланыс болады.

Математикалық талдаудың зерттеу құралының негізі – шектер әдісі. Шекке көшу математикалық талдаудың жаңа операциялары – дифференциалдау мен интегралдаудың ірге тасы болады.

Мұндай бастапқы дайындықтың қажеттілігі анализдің негізгі түсініктері енгізілетін сыныптардағы ашық функционалды пропедевтиканың болуын қажет етеді.

2) Анализ бастамаларын зерттеу барсыныда дәстүрлі математика курсының аппараты белсенді рөль атқарады. Мысалы, туындының көмегімен функцияны зерттеу барысында көлемді алгебралық түрлендірулерді орындауға, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге, функцияның мәнін есептеуге тура келеді. Сол арқылы оқытудың алдыңғы кезеңіндегі сәйкес іскерліктерді меңгерудің белгілі бір жеткілікті жоғары деңгейін меңгеруге болады деп есептелінеді.

Қазақстанның білім беру саясатына сәйкес жүргізіліп отырған қайта жаңғыртулардың басты міндеті – білім берудің қазіргі заманғы сапасын қамтамасыз ету және білім беру жүйесінің барлық компоненттерін мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның өзекті әрі болашақтағы қажеттеліктеріне сәйкестендіру болып табылады. Осыған орай, ҚР білім беру жүйесі білім беру мақсаттары мен құндылықтарын жаңаша түсінумен, үздіксіз білім беру жүйесінің рөлін күшейтетін өмір бойына оқуға көшу қажеттілігін сезінумен сипатталатын жаңарудың жаңа кезеңіне қадам басты. Үздіксіз білім беруді іске асыру оның сатыларының барлық деңгейлердегі сабақтастығыны қамтамасыз етуді көздейді. Ол үшін дәстүрлі білім беру жүйесіне біршама өзгерістер енгізу қажет, яғни білім алушылардың дербес танымдық және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру міндеті өзектеле түсіп, оқытуды шын мәнінде даралау жүзеге асуы тиіс.

Мектептегі алгебра курсы функционалдық идея негізінде құрылған. Сондықтан, оқыту әдісін осы бағытта қалыптастыра алсақ, математикалық теорияның негізіне тереңдей болған едік. Мектепте оқытылатын функциялардың саны шектеулі, сызықтық, квадраттық, дәрежелік, көрсеткіштік, логарифімдік және тригонометриялық функциялар. Бұл функциялардың қасиеттері математикалық білімдердің негізін игеруде үлкен роль атқарады.

Мектеп курсына математикалық анализ элементтерін енгізу қажеттілігі қазіргі уақытта өзінің өзектілігін дәлеледеді.Анализ бастамаларын оқыту әдістемесі мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Мектептің анализ курсының мазмұнына, негізгі теориялық ережелер мен ұғымдарды енгізу әдістеріне, алынған оқу нәтижелеріне және аталған курстың оқыту процесін жетілдіру мүмкіндіктеріне қатысты нақты қорытынды жасалынды.

Математикалық анализ курсы мазмұнының ғылымилығы онда негізгі қызмет атқаратын және бұл ғылымның мәнісін айқындайтын іргелі мәселелердің бар болуын талап етеді; ғылымның әдіснамалық аспектілерін ашуды, оның даму жолдары мен таным проблемаларының әдістерін, оқу деңгейлерінің және ғылым мазмұнының деңгейлері мен көлемдерінің арасындағы байланысты орнатуды қамтиды; осы ғылымның теориялық ережелерін, жаңа идеялары мен әдістерін өз беттерінше үйрену дағдыларын оқушылардың меңгерулері үшін жағдай туғызады.

3) Анализ бастамалары курсы үшін оның жалпы білімдік сипаты туралы талаптың болуы өте маңызды болып табылады. «...Орта мектепте математиканы оқыту реформасы болашақ математиктердің немесе техниктердің көзқарасында емес, болашақ мәдениеттің қызығушылығын қанағаттандыратындай болуы керек» [3].

Мектептегі математика пәні бойынша жоғарғы сатыдағы бөлінулері жоқ болағн жағдайда бағдарлама тек жалпы білім беру мақсатымен шектелгені дұрыс болады. Міне, сондықтан екінші деңгейдің соңғы сыныптарында аналитикалық геометрия және анализ элементтері енгізіледі, яғни дифференциалдық есептеулер қарастырылады.

Бұл тарауларда оқылатын тақырыптарды оқушылардың жақсы мегеруі қажет, ол үшін дифференциалдық теңдеулер түсініктерін оқушыларға нәтижелі етіп үйрету қажет, сондықтан төмендегі мәселелерге көңіл бөлген жөн болады, олар:

- бұл ғылымның даму тарихы туралы негізгі мағлұматтарды олардың санасына жеткізе білулері тиіс;
- олар дифференциалдық теңдеулер түсінігі және оның зерттеу әдістері дәл қазіргі кезеңдегі түрге ие болғанға дейінгі оның «тар жол тайғақ кешуден» өткен кезеңдерін оқушыларға түсіндіре және көрсете білулері тиіс;
- бұл курстың даму тарихын білу болашақ мұғалімдердің оқушыларға оларды баяндаудың өте ыңғайлы әдісін таңдап алуларына мүмкіндік береді;
- дифференциалдық теңдеулер дамуының тарихи аспектілерін қарастыру дүние танымның динамикасын және оның әдістерінің, түсініктерінің, заңдарының дамуының динамикалық сипатын көрсетуге мүмкіндік береді.

Ал математикалық анализдің міндеті белгілі мәліметтерді (анықтамаларды, теоремаларды, олардың дәлелдеулерін, өзара байланыстарын, есептерді шешу әдістерін) таныстырып қою емес, сонымен қатар оларды пайдалануды үйрету болып табылады.

Математикалық алаиз бастамаларын меңгеру нәтижесінде оқушылардың:

– математика әр түрлі жеке пәндер құралымы емес, тұтас бір ғылым екенін және сол ғылым ішінде «Математикалық анализдің» орыны туралы;

– нақты сандар, сандық тізбектер, функция шегі, функция үзіліссіздігі, дифференциалдық есептеудің негізгі теоремалары, функцияны толық зерттеу;

– дәлелдеу әдістерін білуі;

– математикалық анализдің әдістерін қолдануға икемді болуы;

– алынған білімдерін практикалық машықтарды меңгеруде қолдана алулары қажет.

Математикалық анализдің негіздерін, оның теориялық және практикалық маңыздылығын білу тек мектеп оқушылары үшін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың болашақ мамандығы үшін де өте қажет.

Қазіргі уақытта Республикамыз бен бүкіл әлемде болып жатқан саяси, экономикалық және т.б. өзгерістер білім берудің байыпты түрде қайта құрылған, жаңа моделін енгізуді талап етіп отыр. Ақпараттық технологияның қарқындап өсуі, сол сияқты оқытудың жаңа заман ағымына сай талаптары мен білім берудің ескі мазмұнының арасындағы қайшылықтар жоғары білім беруді жетілдіруге бағытталған көптеген практикалық тұрғыдан кешендік мәселелерді айқындауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар - өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Міне, сондықтан қандай да бір нақты тақырыпты, бөлімді немесе курсты баяндауды талқылау әдісінің негізгі дидактикалық талаптарды (ғылымилық, қолайлылық, көрнекілік т.б.) қанағаттандыруы тиіс екендігі жөнінде ешкімнің таласы жоқ. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, математикалық анализ бастамаларының мазмұны оқытудың мазмұнын қалыптастырудың педагогикалық дәлдігін анықтайтын дидактика принциптеріндегі дидактикалық шарттарды жүзеге асыруы тиіс, сондықтан біз төменде оларды негізгі ережелер түрінде қарастырдық.

Сонымен, жалпы алғанда, мектептке қажетті оқу бағдарламаларында білімнің теориялық негізі мен оны құрылымдау арасындағы бірлігі; білім мазмұнын тұтастай берілуі; барлық оқу пәндері бағдарламаларының өзара байланысы; білім мазмұнын беруде нақтылығы жүзеге асатындай талаптар орындалуы керек.

Қорыта айтқанда, математикалық анализ бастамаларын оқытудың басты мақсаты (қазіргі уақытта математиканы оқытудың басты мақсаты айқын емес, анық қойылмаған) — оқушының аналитикалық ойлау, логикалық пайымдау қабілеттерін дамыту және оларды осындай қабілеттерін өмірдегі қандай да бір проблемаларға талдау жасай отырып, шеше білуге үйрету болуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларенгізу туралыҚазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы

3 Никитин Н.Н. Преподавание математики в советской школе I9I7-I947 гг. - : Математика в школе, 1997, № 5, с.II. - 135

УДК 517.957, 532.5
ГРНТИ 27.31.15, 29.05.03

Ye. Berikov[1], G. Shaikhova[2]

[1] Student of Master's Programme of the General and Theoretical Physics Department at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2]Ph.D, Associate Professor of the General and Theoretical Physics Department at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

TRAVELING WAVE SOLUTIONS FOR THE BENJAMIN-BONA-MAHONY-BURGERS EQUATION

Abstract

In the paper, we consider the Benjamin-Bona-Mahony-Burgers (BBMB) equation which represents the fluid velocity in the horizontal direction. The BBMB equation was proposed as a model for studying unidirectional long waves of small amplitudes in water, which is an alternative to the Korteweg-de Vries equation. Using the extended hyperbolic tangent method and the Maple program, we find various new solutions to this equation. Solutions in the work are found with allowance for the integration constant. In addition, the graphs of the solutions are presented. We note that the extended hyperbolic tangent method has found wide application for the solution of partial differential equations. The algorithm for the extended hyperbolic tangent method consists in transforming a nonlinear partial differential equation to an ordinary differential equation by traveling wave transformation.

Key words*:* extended tanh method, partial differential equation, Benjamin-Bona-Mahony-Burgers equation, traveling wave, ordinary differential equation, solution

Аннотация
Е.Х.Бериков[1], Г.Н. Шайхова[2]
[1] магистрант кафедры "Общая и теоретическая физика" Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан
[2]доктор (Ph.D), и.о. доцента кафедры " Общая и теоретическая физика" Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

ПЕРЕМЕЩАЮЩИЕСЯ ВОЛНОВЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ УРАВНЕНИЯ БЕНДЖАМИНА-БОНА-МАХОНИ-БЮРГЕРСА

В работе рассмотрено уравнение Бенджамина-Бона-Махони-Бюргерса (ББМБ), которое представляет скорость жидкости в горизонтальном направлении. Уравнение ББМБ было предложено как модель для исследования однонаправленных длинных волн малых амплитуд в воде, что является альтернативой уравнению Кортевега-де Фриза. С помощью расширенного метода гиперболического тангенса и программы Maple находим различные новые решения уравнение Бенджамина-Бона-Махони-Бюргерса. Решения в работе найдены с учетом константы интегрирования. Кроме того, представлены графики полученных решений. Отметим, что расширенный метод гиперболического тангенса нашел широкое применение для решения дифференциальных уравнений в частных производных. Расширенный метод гиперболического тангенса позволяет преобразовывать нелинейное дифференциальное уравнение в частных производных к обыкновенному дифференциальному уравнению с помощью преобразования перемещающейся волны.

Ключевые слова: расширенный метод гиперболического тангенса, дифференциальное уравнение в частных производных, уравнение Бенджамина-Бона-Махони-Бюргерса, перемещающаяся волна, обыкновенное дифференциальное уравнение, решение

Аңдатпа
Е.Х. Бериков[1], Г.Н. Шайхова[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Жалпы және теориялық физика кафедрасының магистранты, Астана қ., Қазақстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Жалпы және теориялық физика кафедрасының Ph.D (докторы), доцент м.а., Астана қ., Қазақстан

БЕНЖАМИН-БОНА-МАХОНИ-БЮРГЕРС ТЕҢДЕУІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ТОЛҚЫНДЫҚ ШЕШІМДЕРІ

Бұл жұмыста көлденең бағытта сұйықтық жылдамдығын білдіретін Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс (ББМБ) теңдеуін қарастырылады. ББМБ теңдеуі Кортевег-де Фриз теңдеуіне балама болып табылатын судағы шағын амплитудалардың бір бағытты ұзын толқындарын зерттеу үлгісі ретінде ұсынылды. Кеңейтілген

гиперболалық тангенс әдісің және Maple бағдарламасын қолдану арқылы ББМБ теңдеуге әртүрлі жаңа шешімдер ізделеді. Осы жұмыстағы шешімдер интегралданған тұрақтымен көрсетіледі. Сонымен қатар, шешімдердің графиктері ұсынылған. Кеңейтілген гиперболалық тангенс әдісі дербес туынды дифференциалдық теңдеулерді шешу үшін кеңінен қолданатыны анықталды. Кеңейтілген гиперболалық тангенс әдісінде сызықты емес дербес туынды дифференциалдық теңдеуді қарапайым дифференциалдық теңдеуге жылжымалы толқын түрлендіру арқылы ауыстыруға болады.

Түйін сөздер: кеңейтілген гиперболалық тангенс әдісі, дербес туынды дифференциалдық теңдеу, Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуі, жылжымалы толқын, қарапайым дифференциалдық теңдеу, шешім

Introduction

In this paper, we have considered the Benjamin-Bona-Mahony-Burgers (BBMB) equation in the following view

$$u_t + u_x + u \cdot u_x - a \cdot u_{xx} - u_{xxt} = 0, \tag{1}$$

where $u(x,t)$ represents the fluid velocity in the horizontal direction x, a is a positive constant. The equation (1) has been proposed in [1] as a model to study unidirectional long waves of small amplitudes in water, which is an alternative to the Korteweg-de Vries equation. Conservation laws and exact solutions of a generalized BBMB equation were found in work [2]. M.S. Bruzon, M.L. Gandariasin work [3] considered Lie group symmetry analysis and obtained traveling wave solutions for the BBMB equation.In [4], Khaled-Momani-Alawneh implemented the Adomian's decomposition method for obtaining explicit and numerical solutions of the BBMB equation (1). Moreover, the BBMB equation has been investigated by authors [5-7].

The aim of the paper is to obtain some new types of traveling-wave solutions to the Benjamin–Bona–Mahony-Burgers equation based on extended tanh method [8], and with the help of Maple. Previously, the BBMB equation was studied by extended tanh method in work [9]. We obtain new solutions by taking into account constant of integration which was neglected in [9].

This work is organized as follows. In Sections 2, algorithm of the extended tanh method is presented. We apply the extended tanh method to BBMB equation in Section 3. Finally, we have presented the conclusions in Section 4.

Algorithm of the extended tanh method

In [8] Wazwaz has resumed using extended tanh method. Nonlinear partial differential equation

$$E_1(u, u_t, u_x, u_{xx}, u_{xxx}, \ldots) = 0, \tag{2}$$

can be converted to an ordinary differential equation

$$E_2(u, -cu', ku', k^2u'', k^3u''', \ldots) = 0, \tag{3}$$

By using the traveling wave transformation $\xi = kx - ct$. The equation (3) is then integrated as long as all terms contain derivatives. Introducing a new independent variable

$$Y = \tanh(\mu\xi), \qquad \xi = kx - ct, \tag{4}$$

where μ is the wave number, leads to change of derivatives:

$$\frac{d}{d\xi} = \mu(1 - Y^2)\frac{d}{dY}, \tag{5a}$$

$$\frac{d^2}{d\xi^2} = -2\mu^2 Y(1 - Y^2)\frac{d}{dY} + \mu^2(1 - Y^2)^2\frac{d^2}{dY^2}, \tag{5b}$$

$$\frac{d^3}{d\xi^3} = 2\mu^3(1 - Y^2)(3Y^2 - 1)\frac{d}{dY} - 6\mu^3 Y(1 - Y^2)^2\frac{d^2}{dY^2} + \mu^3(1 - Y^2)^3\frac{d^3}{dY^3} \tag{5c}$$

The extended tanh method allows the use of the finite extension

$$u(\mu\xi) = S(Y) = \sum_{k=0}^{M} a_k Y^k + \sum_{k=1}^{M} b_k Y^{-k}, \tag{6}$$

where M is obtained by balancing the linear terms of the highest order in the resulting equation, with the highest order nonlinear terms in the equation (3). With M determined, we substitute equation (6) into equation (3) and collecting all the coefficients of powers of Y in the equation. Then we equate all these coefficients to zero.In the final analysis, we obtain a system of algebraic equations with the parameters a_k, b_k, μ, k, c. Having calculated all these unknown parameters, we obtain an analytic solution $u(x,t)$.

Application for Benjamin-Bona-Mahony-Burgers equation

Consider the Benjamin-Bona-Mahoni-Burgers equation (1). We convert equation (1)to an ordinary differential equation

$$(k-c)\cdot u' + \frac{1}{2}\cdot k\cdot (u^2)' - k^2\cdot a\cdot u'' + k^2\cdot c\cdot u''' = 0. \tag{7}$$

After we integrate equation (7) until all terms have derivatives

$$(k-c)\cdot u + \frac{1}{2}\cdot k\cdot u^2 - k^2\cdot a\cdot u' + k^2\cdot c\cdot u'' + C_1 = 0. \tag{8}$$

Balancing u^2 and u'' in the equation (8) gives $2M = M+2$. So that $M=2$.The extended tanh method admits the use if the finite expansion

$$u(x,t) = a_0 + a_1 Y + a_2 Y^2 + b_1 Y^{-1} + b_2 Y^{-2}. \tag{9}$$

Substituting (9) into (8), and collecting the coefficients of Y, we obtain a system of algebraic equations for $a_0, a_1, a_2, b_1, b_2, C_1, k, \mu, c$

$$Y^4 : \frac{1}{2}ka_2^2 + 6k^2c\mu^2 a_2 = 0, \tag{10a}$$

$$Y^3 : 2a_1ck^2\mu^2 + 2aa_2k^2\mu + a_1a_2k = 0, \tag{10b}$$

$$Y^2 : -ca_2 + ka_2 - 8k^2c\mu^2a_2 + ka_0a_2 + \frac{1}{2}ka_1^2 + k^2a\mu a_1 = 0, \tag{10c}$$

$$Y : -2a_1ck^2\mu^2 - 2aa_2k^2\mu + a_0a_1k - a_1c + a_2b_1k + a_1k = 0, \tag{10d}$$

$$Y^0 : 2k^2c\mu^2a_2 - ca_0 + \frac{1}{2}ka_0^2 + ka_1b_1 + C_1 + 2k^2c\mu^2b_2 - k^2a\mu a_1 + ka_0 + ka_2b_2 = 0, \tag{10e}$$

$$Y^{-1} : -2b_1ck^2\mu^2 - 2ab_2k^2\mu + a_0b_1k + a_1b_2k - b_1c + b_1k = 0, \tag{10f}$$

$$Y^{-2} : -cb_2 - 8k^2c\mu^2b_2 + k^2a\mu b_1 + kb_2 + ka_0b_2 + \frac{1}{2}kb_1^2 = 0, \tag{10g}$$

$$Y^{-3} : 2b_1ck^2\mu^2 + 2ab_2k^2\mu + b_1b_2k = 0, \tag{10h}$$

$$Y^{-4} : 6k^2c\mu^2b_2 + \frac{1}{2}k^2b_2^2 = 0. \tag{10i}$$

Solving system (10) with the aid of Maple, we obtain the following results:

Result 1:

Coefficients:

$$a_0 = -\frac{1}{20}\frac{24ak^2\mu^2 + 20k\mu + a}{k\mu}, a_1 = -\frac{12}{5}ak\mu, a_2 = \frac{3}{5}ak\mu, b_1 = -\frac{12}{5}ak\mu, b_2 = \frac{3}{5}ak\mu, c = -\frac{1}{20}\frac{a}{\mu},$$
$$c_1 = -\frac{1}{800}\frac{9216k^4a^2\mu^4 - 400k^2\mu^2 - 40ak\mu - a^2}{k\mu^2} \tag{11}$$

Substituting (11) in (9), we obtain the following solution:

$$u_1 = (-\frac{1}{20}\frac{24ak^2\mu^2 + 20k\mu + a}{k\mu}) + (-\frac{12}{5}ak\mu)\tanh(\mu(kx + \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t)) + (\frac{3}{5}ak\mu)\tanh^2(\mu(kx + \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))$$
$$+\frac{(-\frac{12}{5}ak\mu)}{\tanh(\mu(kx + \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))} + \frac{\frac{3}{5}ak\mu}{\tanh^2(\mu(kx + \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))} \tag{12}$$

The graphical representation of solution (12) is depicted in Figures 1.



Figure 1: The solution $u_1(x,t)$ of equation (1)

Result 2:

Coefficients:

$$a_0 = -\frac{1}{20}\frac{-24ak^2\mu^2 + 20k\mu - a}{k\mu}, a_1 = -\frac{12}{5}ak\mu, a_2 = -\frac{3}{5}ak\mu, b_1 = -\frac{12}{5}ak\mu, b_2 = -\frac{3}{5}ak\mu, c = \frac{1}{20}\frac{a}{\mu},$$
$$c_1 = -\frac{1}{800}\frac{9216k^4a^2\mu^4 - 400k^2\mu^2 + 40ak\mu - a^2}{k\mu^2} \tag{13}$$

Substituting (13) in (9), we obtain the following solution:

$$u_2 = (-\frac{1}{20}\frac{-24ak^2\mu^2 + 20k\mu - a}{k\mu}) + (-\frac{12}{5}ak\mu)\tanh(\mu(kx - \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t)) + (-\frac{3}{5}ak\mu)\tanh^2(\mu(kx - \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))$$
$$+\frac{(-\frac{12}{5}ak\mu)}{\tanh(\mu(kx - \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))} + \frac{(-\frac{3}{5}ak\mu)}{\tanh^2(\mu(kx - \frac{1}{20}\frac{a}{\mu}t))} \tag{14}$$

The graphical representation of solution (14) is depicted in Figures 2.



Figure 2: The solution $u_2(x,t)$ of equation (1)

Result 3:
Coefficients:

$$a_0 = -1, a_1 = -2ak\mu, a_2 = 0, b_1 = -2ak\mu, b_2 = 0, c = 0, c_1 = -8k^3a^2\mu^2 + \frac{1}{2}k \tag{15}$$

Substituting (15) in (9), we obtain the following solution:

$$u_3 = -1 + (-2ak\mu)\tanh(\mu kx) + \frac{(-2ak\mu)}{\tanh(\mu kx)}. \tag{16}$$

The graphical representation of solution (16) is depicted in Figures 1.



Figure 3: The solution $u_3(x,t)$ of equation (1)

Result 4:
Coefficients:

$$a_0 = -1, a_1 = -2ak\mu, a_2 = 0, b_1 = 0, b_2 = 0, c = 0, c_1 = -2k^3a^2\mu^2 + \frac{1}{2}k \tag{17}$$

Substituting (17) in (9), we obtain the following solution:

$$u_4 = -1 + (-2ak\mu)\tanh(\mu kx). \tag{18}$$

The graphical representation of solution (18) is depicted in Figures 1.



Figure 4: The solution $u_4(x,t)$ of equation (1)

Conclusion

In this paper, we study the Benjamin-Bona-Mahony-Burgers equations. Using the extended tanh method, we have constructed various exact wave solutions for this equation. The graphical representation of the obtained solutions is presented in the figures.

References

1 Benjamin T. B., Bona J. L., Mahony J. J. Model equations for long waves in nonlinear dispersive systems // Philos. Trans. R. Soc. Lond. Ser.- 1972.-A 272, P. 47-78

2 Bruzón M. S., Garrido T. M., de la Rosa R. Conservation laws and exact solutions of a Generalized Benjamin–Bona–Mahony–Burgers equation // Chaos, Solitons and Fractals -2016.-89. P. 578–583

3 Bruzon M.S., Gandarias M.L. Travelling wave solutions for a generalized Benjamin-Bona-Mahony-Burgers equation // International Journal of Mathematical Models and Methods in Applied Sciences-2008.- Issue 1, Volume 2, P.103-108

4 Khaled K. Al., Momani S., Alawneh A., Approximate wave solutions for generalized Benjamin-Bona-Mahony-Burgers equations // Appl. Math. Comput.- 2005-171, P. 281-292

5 Raupp M. A Galerkin methods applied to the Benjamin-Bona-Mahony equation // Bull. Braz. Math. Soc.- 1975.-6,P. 65-77

6 Wahlbin L. Error estimates for a Galerkin method for a class of model equations for long waves // Numer. Math.-1975.-23, P. 289-303

7 Ewing R.E. Time-stepping Galerkin methods for nonlinear Sobolev partial differential equation. // SIAM J. Numer. Anal.-1978-15, 1125-1150

8 Wazwaz A. Partial differential equations and solitary waves theory // Springer.-2009.-P.746

9 Gozukızıl O., Akcagıl S. Exact solutions of Benjamin-Bona-Mahony-Burgers-type nonlinear pseudo-parabolic equations // Boundary Value Problems.- 2012.- 2012. P.144

УДК 51:37.016
ГРНТИ 27.01.45

А.Ө .Даулетқұлова[1], М. Слямова[2]

[1]п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕГІ МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҮРДІСІНДЕ АЛГЕБРАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСЕЛДЕРІ

Андатпа

Жалпы білім беретін мектептерде алынған математикалық білім қазіргі заманғы адамның жалпы білімі және жалпы мәдениетінің маңызды құрамының бірі болып табылады. Іс жүзінде, қазіргі заманғы адамды қоршайтының барлығы - түптеп келгенде математикамен байланысты. Ал физикада, техника және ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктері болашақта заттардың осы қалпында қалатынына мүлдем күмән келтірмейді. Мәтінді есептерді шешу оқушылардың ойлау қабілетінің артуына, функционалды тәуекелділік идеяларын терең меңгеруге ықпал етеді, олардың есептеу мәдениетін арттырады. Мәтінді есептерді шешу барысында оқушылардың шынайы нысан мен құбылыстарды модельдеуде біліктілігі мен дағдылары қалыптасады.

Мақалада оқушылардың математикалық деңгейінің негізгі даму көрсеткіші ретінде берілетін қолданбалы тапсырмалардың түрлері, олардың оқу материалдарын терең түсіну, сондай-ақ пәнаралық байланыс мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: мектеп, теория, тәжірибе, қолданбалы тапсырма, тапсырмалар түрлері, пәнаралық байланыс, абстрактілі ғылым.

Аннотация

А.У. Даулеткулова[1], М. Слямова[2]

[1]к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2]старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

МЕТОДЫ И ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ РЕШЕНИЯ ТЕКСТОВЫХ ЗАДАЧ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ АЛГЕБРЫ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ

Математическое образование, получаемое в общеобразовательной школе, является важнейшим компонентом общего образования и общей культуры современного человека. Практически все, что окружает современного человека - это все так или иначе связано с математикой. А последние достижения в физике, технике и информационных технологиях не оставляют никакого сомнения, что и в будущем положение вещей останется прежним. Решение текстовых задач способствует развитию мышления учащихся, более глубокому усвоению идеи функциональной зависимости, повышает вычислительную культуру. В процессе решения текстовых задач у учащихся формируются умения и навыки моделирования реальных объектов и явлений.

В статье рассматриваются типы прикладных задач, которые являются одним из основных показателей уровня математического развития школьников, глубины усвоения учебного материала, а также межпредметная связь.

Ключевые слова: школа, теория, практика, прикладная задача, типы задач, межпредметная связь, абстрактная наука, деятельность

Abstract

METHODS AND WAYS OF REALIZATION OF DECISION OF TEXT TASKS IN THE PROCESS OF EDUCATING OF ALGEBRA AT BASIC SCHOOL

Dauletkulova A.U. [1], Slyamova M.[2]

[1] Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2] Senior Teacher of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

The mathematical education got at general school is the major component of universal education and general culture of modern man. Practically all, that surrounds a modern man is all in any case related to mathematics. And the latest achievements in physics, technology and information technologies leave no doubt that in the future the state of things will remain the same. The decision of text tasks assists development of thinking of students, deeper mastering of idea of

functional dependence, promotes a calculable culture. In the process of decision of text tasks at students abilities and skills of design of the real objects and phenomena are formed.

The types of прикалдных tasks are examined in the article, которыеая are one of basic indexes of level of mathematical development of schoolchildren, depth of mastering of educational material, and also intersubject connection.

Key words: school, theory, practice, applied task, types of tasks, intersubject connection, abstract science, activity

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының тиянақты білім алуын мақсат ете отырып, оларды өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және практикалық мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты ақыл-ой белсенділігін дамытуы қажет. Ендігі жерде білім беру жүйесінен жас ұрпақтың шығармашыл, техникада, экономикада жаңа жолдар мен әдістерді таба алатын батыл да, жаңашыл, ақыл-ойы дамыған, салауатты, саналы, білікті, білімді болуын қамтамасыз ету талап етіледі.

Қазіргі кездегі оқытудың маңызды принциптерінің бірі оқуды өмірмен, қазіргі қоғамды құру тәжірибесімен, яғни теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі болып қала бермек. «Бұл принцип философияның «тәжірибе – танымның ішкі бұлағы» қағидасына негізделген. Оның түбінде көптеген заңдылықтар жатыр:

- оқытудың сапасы мен тиімділігін тәжірибе көрсетеді, тексереді, анықтайды;
- тәжірибе – ақиқаттың көрсеткіші; тәрбие өмірмен, тәжірибемен тығыз байланысты;
- теория мен тәжірибе байланысы оқу мазмұнына, әдістеріне, түрлеріне тәуелді;
- оқушыларды мамандыққа бағдарлау сапасы жоғары болса, олар заманауи өндіріске тез икемделеді».

Қазіргі кезде, ғылым тек техникада, өндірістік салада ғана емес адам өмірінің барлық қызметіне де енген, оқытудың тек ғана политехникалық бағытын жүзеге асыру жеткіліксіз болады. Сондықтан, оқушылар алған білімін түрлі техникалық сұрақтарды шешуде ғана пайдаланбай техникалық емес салаларда да қолданатындай болуы қажет деген мәселе өзекті болып отыр.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік тапсырысы оқу орындарының алдына еңбектің, кәсіптің және ғылыми қызметтің барысында кеңінен қолдануға қажетті біліммен, іскерлікпен және дағдымен қамтамасыз етілген, сонымен бірге халық шаруашылығының міндеттерін шешуге белсене араласуға қабілетті, жан – жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу мақсатын қойып отыр. Біздің елімізде және шет елдерде педагогикалық ғылымдарға теория мен практиканың байланысының маңызын түсінуге және іске асыруға, қандай да бір формада азды – көпті көңіл бөлінуде.

Тұлғаның жан – жақты дамуымен байланысты бағыт, әрдайым өзгеріп отыратын жағдайда меңгерген білімді сенімді және саналы түрде пайдалануға, туындаған проблеманы шешуге шығармашылықты тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін тұлғаның ерекше қасиеттерін тудыруды болжайды.

Біз теориялық зерттеуге негіз етіп алған В.В.Фирсовтың «О прикладной ориентации курса математики» [1] – деген бағдарламалық еңбегінде математиканың осындай курсын құру проблемасы толық талқыланады: «… математикаға оқу процесінде алынған аппаратты оңай және табиғи түрде пайдаланатындай оқыту керек» [1, 218 б.].

Мұндай курсты құру проблемасы әдетте мазмұнды таңдау арқылы шешіледі. Бұл жағдай елуінші жылдардың басында ПҒА мүше – корреспонденті В.Л.Гончаровтың қалыптастырған ережесінде берілген, онда ол оқу пәні ретінде математиканы оқытудың ерекшеліктерін талдай отырып оқытуды алгебра курсының мазмұнды – әдістемелік шеңберінде құруды ұсынады. Ол логикалық (негізгі түсініктерді дамыту, сан туралы түсінікті кеңейту), шартты оперативтік (тепе – теңдікті түрлендірулері, теңдеулерді шешу), графикалық – есептеу (функциялық тәуелділік, графикалық көрініс) сонымен бірге мазмұнды – қолданбалылықты (теңдеулер құру) бөліп алды [2].

Осының негізінде, сәйкес мазмұндарды таңдау арқылы, маңызды әдістерге көңіл бөлу мен өмірден алынған көрнекілікті пайдалану арқылы, соның ішінде шынайы жағдайларға ұқсас есептерді шығару, яғни мазмұнды кеңіту болжанды. Бірақ, осы сұрақтардың бәрінде бірінші орынға математикалық теория қойылады, содан кейін ғана оны шынайы өмірде пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. Егер математика шынайы танымның құралы болса, онда осы құралдың құрылысына көп көңіл бөлінеді.

«Математиканың әсері қазіргі кезде механика, физика және астрономия сияқты ғылымдармен ғана шектелмейді, ол химия, биология, геология сияқты басқа да табиғат ғылымдарына, сондай – ақ қоғамдық ғылымдардың кейбір салаларына, ең алдымен экономика мен лингвистика ғылымдарына әсерін тигізуде. Тіршілік туралы ғылым қазіргі математиканың дамуындағы ірге тасы болмақ. Қазіргі кезде экономикалық әдебиеттерден топология мен функционалдық анализге сүйенуді, абстрактілі

аксиоматикалық теорияларды, күрделі ықтималдық модельдерін және математиканың қазіргі кездегі басқа да құралдарын пайдалануды кездестіреміз.

Соңғы жылдары математикалық әдістер дәстүр бойынша сипаттамасы деп есептеліп келген тарих сияқты ғылымда да қолданыла бастады» [2, 96 б.]. Оқытудың бар әдістері мен формаларын математиканы қолданудағы білім мен іскерлікке бағыттау – маңызды аспект болып табылады. Бұл математиканы оқытуды осындай қолдануларымен байланыстыратын белгілі бір іскерлікті қалыптастыруға бағыттауы керек.

Әдістемелік әдебиеттерде осындай іскерлікті қалыптастыруға қатысты терминология мәселелері бойынша көптеген келіспеушіліктер бар. Оларға қатысты «қолданбалылық», «практикалық», «политехникалық», «жалпыматематикалық» және т.б. атаулар пайдаланылады. Осымен бірге «оқытудың қолданбалылығы» атауының да бірдей түсінігі жоқ.

Политехнизм – ол ерекше пәнді оқыту емес, ол өзіне барлық пәндерді сіңіруі керек, мектеп курсының барлық пәндерінің материалын таңдауда байқалатындай болуы қажет.

ПҒА мүшесі Д.А.Эпштейннің «Политехнический принцип в обучении основам наук в средней школе» деген еңбегінде былай делінеді: «Жаңа мектеп курсындағы математиканың политехникалық бағыты оның есептерінің тұжырымдамасынан байқалады, оған математикалық білімді, іскерлікті және дағдыны саналы және берік меңгеру жатады, олар:

1) қазіргі қоғамның әрбір мүшесіне күнделікті өмірде және жұмыста қажетті;
2) мектепте басқа ғылымдардың негізін оқудың қажеттілігі;
3) мектептен кейін білімді өз бетіен жалғастыру үшін жеткілікті болуы;
4) ғылыми немесе техникалық әдебиеттерді оқу үшін қажет болуы» [3, 14 б.].

Әдістемелік әдебиеттерде политехнизм принциптерін жүзеге асыру бойынша тағы да басқа бағыттар да қарастырылады, мысалы «қолданбалалық негізіндегі алгебра мен физиканың өзара байланысын күшейту» [4, 49 б.]. Біз тек алгебра мен физиканың ғана өзара байланысымен шектелген дұрыс болмайды деп есептейміз, себебі мұндай өзара байланысты география, биология, еңбек сабағымен де құруға болады. Оқушылардың дүниетанымына әр оқу пәні өз үлесін қосып отырады. Соның ішінде математиканы оқыту барысында сабақтас пәндерден және нақтылы өмірден оқушыларға түсінікті түрде келтірген деректер ғылыми білімдердің пайда болу негізін,қоршаған ортаның табиғат құбылыстарының танымалы жеке пәндердің математиканың ұғымдары мен абстрактілі жағдайларын оңай сезіне біледі.

Математика – абстрактілі ғылым. Сондықтан оқудың алғашқы күндерінен бастап-ақ мұғалімнің сабақтас пәндерден деректер келтіруін қажет етеді. Мектептің басқа оқу пәндерінен алған білімдеріне сүйене отырып,оқушылар өтілетін материалды сапалы түрде меңгереді.

Математика курсының әрбір тақырыбын оқыту барысында оқушыларды айнала қоршаған ортаны танудағы математиканың рөлін дұрыс түсінуге және алған білімдерін практикалық есептерді шешуде қолдана білуге әсері тиетіндей пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруы қажет.

Пәнаралық байланыстың оқытудың қолданбалылығын жүзеге асырудағы рөлі туралы айтқанда әрбір пәнаралық байланыс оқытудың қолданбалылығын арттыруға әсер етеді. Оқушылардың политехникалық дайындығының санасын арттыруға бағытталған пәнаралық байланыс өндірістің жаратылыс-ғылыми негізін айқындауы қажет. Ғылым негіздерін оқып білудегі пәнаралық байланыстың қолданбалылығы ғылыми-техникалық революцияның қазіргі мазмұны мен даму тенденцияларын оқушылардың түсінуіне жағдай жасап, ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын ашуға жағдай жасауы қажет. Мұндай байланыстардың мазмұндары ғылым мен өндірістің тығыз байланыста болу қажеттілігін көрсетіп, ондай байланыстарды нақтылы мысалдармен көрсетіп, оқушыларда халық шаруашылығына саналы түрде қатынасу қажеттігін қалыптастырады.

Математика сабағында пәнаралық есептерді шешу арқылы оқушылар жаңа жағдайлармен танысады, математикалық теорияларды, есептердің шешімін табуға қолдануды үйренеді, есеп шешуге қатысты жаңа әдістерді немесе математиканың жаңа тарауларын оқып үйренеді. Басқаша айтқанда, есептерді шешу арқылы математикалық білімі мен білігін дамытады. Күнделікті өмірге қатысты практикалық есептерді шешу барысында оқушы математикалық білімін қолдануды үйренеді. Сонымен бірге пәнаралық байланысты күшейту, біздің ойымызша әрбір бөлініп алынған екі бағыттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі кезде ғылымның барлық дерлік салаларында математикалық әдістерді қолдану қажетті шартқа айналды. Ол өмір талабынан, ғылыми - техникалық прогрестік дамуынан туындайды. Кез келген ғылымдағы обьектіні зерттеу үшін математикалық модельдеу әдісін қолданады. Сонымен, жоғаырда қарастырылған зерттеулерде мектеп курсындағы қолданбалы бағыт математикалық

модельдеу көмегімен шынайылықты сипаттау арналған математиканы оқытудың ерекшелігі болып табылады.

Табиғаттағы құбылыстар мен өзгерістерді зерттеумен, табиғаттың рухани және материалдық байлықтарын ұқыпты игеруде өлшеп, есептеп, саралап алмай мәселені шешуге тіптен болмайтыны өзінен-өзі белгілі. Міне, осы кезде математиканың табиғаттағы, адам өміріндегі рөлі айқындалады. Математикалық модельдеу әдісі қазіргі кезде математикалық экономика, математикалық биология, математикалық лингвистика, технология, бионика, тағы да басқа ғылымдардың көптеген салаларында терең қолданылып,ғылымның дамуына зор үлесін тигізуде.

Қазіргі таңда әдістемелік әдебиеттерде оқытудың қолданбалы бағыты мен практикалық бағыты арасындағы айырмашылық айқындалмаған, олар синоним түсініктер ретінде қолданылады. Дегенмен, практикалық бағыт түсінігінде екі жағдайды бөліп алуға болады.

М.И.Мороның пікірінше қолданбалы бағыт:

а) болашақта білім алуға жақсы дайындықты;

б) практикалық білім, іскерлік және дағдымен бірге балаға күнделікті өмірде қажет болатын практикалық біліммен қаруландыруды;

в) балалар өзін қоршаған орта туралы түсініктіжүйелі түрде толықтыруды қамтамасыз етеді [5, 16 б.].

Жоғарыда айтылғандардың бәрі қолданбалы бағыт туралы нақты емес, жалпылама түсінік береді. Қолданбалы бағытты жүзеге асыру барысында қандай нақты іскерлік пен дағдыны қалыптастыру керек екендігін талдап көрсетпейді, тек математикалық есептерді шығару кезінде қандай есептерулер, тепе теңдік түрлендірулерін және т.б., яғни оқу іс-әрекетін ғана қарастырады.

Қолданбалы бағыт туралы түсініктің екінші жағдайы математиканы оқыту барысындағы «практикалық іс-әрекет» түсінігін нақтылауға байланысты болады. Мұндай іс-әрекет шынайы нысандар мен модельдердің қолданылуын болжайды [30, 6б.]. Оқытудың қолданбалылығын күшейту практикалық іс-әрекетке басты орын берумен байланысты болады, яғни математиканы оқыту үрдісінде мұндай іс-әрекет жүзеге асырылуы мүмкін. Негізгі практикалық іс-әрекетөнімді еңбек болып табылады, оның негізінде оқушылар түрлі шынайы нысандармен, еңбек құралдарымен жұмыс жасай алады.

Қолданбалы бағыттағы есептер. Олар екі типке бөлінеді:

а) орындалуының тиімді тәсілдерін талап ететін есептеу сипатындағы жаттығулар және мазмұны өндірістік-тұрмыстық сипаттағы мазмұны бар мәтіндік есептер: өндірістегі әр түрлі машиналар мен механизмдердің өнімділігін, әр түрлі дақылдарының себу нормасын және басты ауыл шаруашылық дақылдарының себу нормасын және басты ауыл шаруашылық дақылдарының бірқатарының өнімінің нормасын, ұшақтың, кеменің, зымыранның, автокөліктің жылдамдығының орташа мәнін әр түрлі сметалық, шаруашылық және т.б. жұмыстардың мәліметтерін пайдалану арқылы берілген есептер;

ә) техниканың, физиканың, химияның, астрономияның мәліметтері пайдаланылған өндірістік сипаттағы мәтіндік есептер, пайыздық есептеулерге және т.б.-ға арналған есептер.

Әр түрлі қолданбалы бағыттағы математикалық есеп деп математиканың басқа пәндерде, өндіріс, технология және экономикада қолданылуына мүмкіншілік тудыратын есептерді айтамыз.

Қолданбалы бағыт пен практикалық бағыт өзара тығыз байланысқан: оның екіншісі біріншісін жүзеге асыруда негіз болып табылады

Сонымен, математикалық ойлаудың қолданбалылығы математикалық модельдерді құрастыруда, көрнекілік – графикалық образдарға сүйенуде, олардың шынайы мағынасында математикалық операцияларды жүргізе білуде түрлі әдістерді пайымдаумен анықталады.

Біз өз зерттеуімізде іс – әрекет құрылымында танымдық қызығушылық пен оның нәтижесінің өзара байланысы маңызды деген қорытындыға келдік. Оқытушылардың пікірі және оқушылар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша байқағанымыз қолданбалы есептерді шығарудағы оқушылардың қызығушылығын арттыратын мәселелер: сыбайлас пәндер бойынша есептің шешімін пайдалану, есеп шығарудағы күтпеген жағдайлар. Жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесі оқушыларда білім сапасының жоғарылағанын көрсетеді. Математиканы оқытудың қолданбалылығын күшейту оқушылардың оқуға деген қызығушылығын артыру негізінде олардың білім сапасын көтеру құралы болып табылады деп есептейміз. Табысты нәтиже қызығушылық үшін әрқашанда жайлы, ал іс – әрекетке деген қызығушылық табысты нәтижеге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Фирсов В.В. О прикладной ориентации курса математики // Углубленное изучениеалгебры и начал анализа. – М., 2003 – с. 215 – 239.

2 Нысанбаев Ә. Математика және дүние тану. – Алматы, 2003 – 143 бет.

3 Политехнический принцип в обучении основам наук в средней школе: Пособие для учителей /Д.А. Эпштейн, Н.Г.Дайри, В.Г. Разумовский и др. Под. ред. Д.А. Эпштейна. – М.: Проссвещение, 2009 – 151 с.

4 Балк М.Б. О математизации задач, возникающих на практике // Математика в школе. -2006. - №3. –С. 55-57.

5 Моро М.И. Методика обучения математикев 1-3 классах. Пособие для учителя.5-е изд. М.: Просвещение» 1975. - 304 е.; 2-е изд., переработ, и доп. -М.: Просвещение, 2008. - 336 с.

УДК 51:37.016
ГРНТИ 27.01.45

А.Ө. Даулетқұлова[1] , З.М. Толеуханова[2]

[1]п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Қазіргі заманауи жағдайларда болып жатқан білім беру жүйесіндегі радикалды өзгерістер қоғам өмірінің одан әрі жаһандану мен гуманизациялануымен байланысты. Осыған байланысты сапалы жаңа көзқарастарға бай мазмұнды және әдістемелік аспектілерді қамтитын білім сапасына талаптар қойылады. Қазіргі уақытта мектептегі математика пәні курстарының мазмұнына математикалық талдау элементтерінің ауқымды сұрақтары кіреді. Математикалық талдау элементтерін оқытуда негізгі ұғымдарды қалыптастыруға, сондай-ақ оны оқыту әдістемесіне ерекше орын бөлінеді.

Мақалада математикалық талдау элементтері ретінде оқушылардың түсінігіне математика ғылымы адамзатқа теориялық және тәжірибелік рөлінің қандай ауқымды орын алатынын көрсету, сондай-ақ математикалық талдау элементтерінің зерттеу әдістемесін жетілдіру жолдары қарастырылған. Қоршаған ортаны зерттеуге математикалық талдауды қолдану жолдарын ашуға, талдауға көмектесетін қолданбалы тапсырмалар қарастырылған.

Түйін сөздер: практикалық бағыт, деңгей, математикалық ұғым, негізгі мектеп, абстракция, модель.

Аннотация

А.У. Даулеткулова[1], З.М. Толеуханова[2]

[1]к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан
[2]старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ЗАДАЧИ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИЕ УСИЛЕНИЕ ПРИКЛАДНОЙ НАПРВЛЕННОСТИ В ОБУЧЕНИИ НАЧАЛАМ АНАЛИЗА

Происходящие в современных условиях радикальные изменения в образовательных системах связаны с дальнейшей демократизацией и гуманизацией общественной жизни. В связи с этим возрастает требование к разработке качественно нового подхода к содержательному и методическому аспектам образования. В настоящее время в содержание школьного курса математики входит довольно обширный круг вопросов из элементов математического анализа. В обучении элементам математического анализа особое место уделяется вопросу формирования основных понятий, а также методике преподавания.

В статье рассматриваются элементы математического анализа, которые позволяют понять учащимся, какую огромную теоретическую и практическую роль оказывает человечеству математическая наука, а так же пути совершенствования методики изучения элементов математического анализа. Рассматриваются виды прикладных задач, которые помогают раскрыть пути применения математического анализа к исследованию окружающей действительности.

Ключевые слова: практическое направление, уровень, математическое понятие, основная школа, абстракция, модель

Abstract
Dauletkulova A.U. [1], Toleukhanova Z.M.[2]
[1] Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2] Senior Teacher of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

METHODICAL FEATURES ARE SYSTEMS OF MATHEMATICAL TASK, PROVIDING STRENGTHENING OF APPLIED НАПРВЛЕННОСТИ IN EDUCATING TO BEGINNING OF ANALYSIS

What be going on in modern terms radical changes in the educational systems are related to further democratization and humanizing of public life. In this connection a requirement increases to development qualitatively of the new going near rich in content and methodical to the aspects of education. Presently in maintenance of school course of mathematics the vast enough circle of questions is included from the elements of mathematical analysis. In educating to the elements of mathematical analysis the special place is spared to the question of forming of basic concepts, and also teaching methodology.

In the article examined elements of mathematical analysis that allows to understand to the students, what enormous theoretical and practical role is rendered to humanity by mathematical science, and similarly путией perfections of methodology of study of elements of mathematical analysis. The types of the applied tasks are examined that помогаютет to expose the ways of application of mathematical analysis to research of surrounding reality.

Key words: practical direction, level, mathematical concept, basic school, абстрауция, model

Қазіргі мемлекеттік оқу стандарттарын, оқу жоспарларын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын бірізділік бойынша үздіксіздікке, сабақтастық пен пәнішілік, пәнаралық байланыстарға негіздеу қажет. Себебі математиканы келешекте ойдағыдай игеру үшін оның мектеп курсындағы негіздерін жете түсіну керек екені белгілі. Тіпті, орта мектептің өзінде-ақ, төменгі сыныптарда алғашқы ұғымдарды оқушылар дұрыс және толық түсініп алмаса, келесі сыныптардағы оқу материалдарын толық игеріп кетуі қиын болатыны анық. Сондықтан математикалық ұғымдарды, үйретілген амалдарды түсіндіру барысында оқушылардың өздеріне таныс, өмірдегі белгілі практикалық бейнелерді, түсініктерді келтіруі керек.

Алдымен математиканы қолданбалық бағытта оқытуда нені түсіну керектігі мен оның практикалық бағытын анықтаған жөн.

Біздің түсінуіміз бойынша, математикалық анализ бастамаларын оқытудағы қолданбалылықты күшейтуді қамтамасыз ететін қолданбалы бағытта оқыту дегеніміз ол – бағыт-бағдар беру, түрлі кәсіптік бағытта, техникада және ғылымның түрлі салаларында математиканы пайдалануды оқытудың тәсілдері, яғни күнделікті өмірде қолдану деген сөз.

Математиканы оқытудағы практикалық бағытта оқыту мына педагогикалық сұрақтарға жауап береді:

1. Есептеулерге, алгебралық түрлендірулерге, өлшеулерге, графиктермен жұмыс жасауға және т.б. математикалық ұғымдардан туындайтын іс-әрекеттерді түсіндіруге;
2. Есепті шығару барысында қажетті теориялық материалдарды оқып игеруге;
3. Болашақта математиканы жоғары деңгейде меңгеруге;
4. Пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға;
5. Өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға [1].

Математикалық анализ бастамаларын оқытудағы қолданбалылықты күшейтуді қамтамасыз ету үшін математика сабақтарында теория мен есептердің арасындағы байланыстарды қамтып, оқушыларды тақырып бойынша қажетті және қолданбалы есептерді шеше білуге үйрету керек.

Математиканы оқыту процесінде оқушылар тақырыптың мазмұнының практикалық мәніне, оның алдағы уақытта қолданылуының маңызды екенін барынша терең түсінулері керек. Кез-келген теориялық материалды игеруде оның қолданылу аймағын атап өту керек. Негізінде теориялық білім тек есеп шығару барысында ғана пысықталатынын естен шығармаған жөн.

Математикалық тұрғыда есептерді шешу жолдарын алдын - ала болжауы, жүйелі түрде еңбекке дағдылануы, білімге деген жауапкершілігі, алған білімді одан әрі шыңдауға ұмтылуы, өз бетінше жұмыс істеуі, ізденуі және шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін әрбір айтылған, түсіндірілген жаңа ұғым мүмкіндігінше практикалық сипаттағы есептерде көрсетілуінің маңызы зор. Мұндай есептер, біріншіден жаңа теориялық материалдың қажеттілігіне және практикалық маңызы бар екеніне оқушылардың көздерін жеткізеді, оқушыларға математикалық абстракциялау практикадан, күнделікті өмірдің өзінен туындайтынын көрсетеді.

Осы сұрақтардың тәрбиелік маңызы да жоғары. Мысалы негізгі мектептің төменгі сыныптарындағы математика сабақтарында қарапайым оқушыларға таныс әлеуметтік сұрақтарға байланысты мынадай есептерді:

- Мемлекет тарапынан оқушылардың білім алуына, мектептерге жұмсалатын қаржы;
- Кітап басылымына жұмсалатын қағаз шығынына;
- Мектепті, сынып бөлмесін жарықтандыруға кететін шығын;
- Күніне, айына, жылына мектептердегі қалатын нан қалдықтары және т.с.с. беруге болады.

Осындай есептер оқушыларды белсенділікке, еліне деген жанашырлыққа, ысырапшылдықтан аулақ болуға, нанға, кітапқа құрметпен қарауға баулиды [2].

Практикалық есептер оқушыларға берілген теориялық біліммен олардың шама-шарқына лайықты болуы және қиындығы жоғары техникалық және өндірістік мәліметтерден аулақ болғаны дұрыс.

Қарапайым амалдардан бастап математикалық анализ элементтерін оқып үйрену барысындағы әрбір қадам осы талапқа жауап беруі керек.

Есептердің қолданбалы бағытына қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Олардың біріншісіне, яғни ең төменгі деңгейіне қажетті математикалық модельді құруға керекті мәселелер есептің шартында тікелей беріледі. Мұндай есептердің таза математикалық есептерден айырмашылығы ондағы шамаларға қандай да бір мазмұндық мағына беріледі. Мектеп курсында мұндай есептер қарапайым теңдеулер құруға берілген практикалық есептер болып табылады.

Екінші деңгейіне, оқушылар оларды шешу барысында есептің шартында айтылмаған, бірақта өте қарапайым, адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін математикалық тәуелділіктерді (мысалы заттың құны, бағасы және саны арасындағы, дененің бірқалыпты қозғалысындағы жылдамдық, уақыт және жүрілген жол арасындағы тәуелділіктер т.б.) қолдану арқылы шығарылатын есептер.

Үшінші деңгейдегі түріне, оқушылар оларды шығару үшін басқа пәндерді (физика, химия, биология және т.б.) оқып, білу барысында меңгерген қандай да бір заңдылықты немесе оқулықтан, я болмаса анықтамадан белгілі бір материалды тауып қолдану арқылы шығарылатын есептерді жатқызамыз.

Төртінші деңгейдегі түріне, оқушылар есепті шығаруды жеңілдету үшін қандай да бір ұйғарымдар жасауға немесе есепті шығаруға онша маңзды емес мәселені ескермейді, я болмаса, артық берілген мәліметтерді қарастырмайды, ал жетіспейтін материалдар болса, оларды тауып есеп шартымен қосып қарастырады. Мұндай есептерді шығару барысында оқушылар күнделікті өмірде кездесетін қиыншылықтарды шешуге жақын жағдайда болады. Есеп шығару мұғалімнің басшылығымен жүзеге асуы қажет.

Ең жоғары дәрежедегі бесінші деңгейіне нақты бір физикалық объектіге немесе құбылысқа байланысты мәселелер жатады.Бұл түрдегі есептерді шығару үшін қандай да бір шамаларды анықтап қарастыру керек немесе қандай өлшеулер жүргізу қажет, ия болмаса, қандай тәуелділіктерді анықтау қажет екенін есепті шығарушының өзі анықтайды.

Мектептегі математиканы оқыту барысында мұндай есептерге геометриялық денелердің қандай да бір тікелей өлшеп табуға болмайтын элементтерін анықтауға берілген есептер жатады. Сондай-ақ бұл есептердің түрлеріне тікелей жер бетінде орындалатын өлшеу жұмыстарына байланысты есептерді жатқызуға болады.

Есептің қолданбалы бағыттағы дәрежесі мен оның қиындығының арасында ешқандай да тәуелділік жоқ. Есеп ең жоғары бағыттағы қолданбалы есеп болғанымен, шығаруға ең қарапайым болуы мүмкін. Ал, қолданбалығы бірінші дәрежедегі есептің шығарылуы өте қиын болуы мүмкін. Қолданбалы есептердің шығарылу қиындығына қарай үш топқа бөлуге болады. Олар: математикалық модельді құру барысында кездесетін қиындықтар; екінші қиындықтар – құрылған модельді талдау кезінде туындайтын қиындықтар; ал үшіншісі – есепті шешудің қорытындысын талдап түсіндіру барысында туындайтын қиындықтар.

Қолданбалы есептер ғылымды өмірмен, күнделікті өмірге қажетті жағдайлармен ұштастырып жатқандықтан мектеп курсындағы қолданбалы есептердің математиканы оқытудағы орнын айқындауда мынадай міндеттерді қоюға болады:

- қолданбалы есептердің практикамен ұштасып жатқандығын көрсету;
- қолданбалы есептердің сабақтың тиімділігін арттырудағы орнын айқындау;
- қолданбалы есептерді шығаруға қойылатын әдістемелік талаптарды негіздеу;
- қолданбалы есептердің түріне байланысты жаттығулар жүйесін құру.

Математикалық анализдің негізгі ұғымдарын есеп арқылы оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігін жанама басқара отырып, өздігінен білім алуға даярлау – жеке тұлға қалыптастырудың құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Барлық есептер оқыту міндетін орындайды. Басқаша айтқанда, кез келген есепті шығарғанда оқушы математикалық білім алады, шығару біліктілігі қалыптасады, дағдыға ие болады, яғни математикалық білім денгейі жоғарылайды. Көбінесе әр есеп өзінің мазмұны арқылы тәрбиелік міндетін атқарады. Мысалы, қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріне байланысты есеп мазмұны да өзгеріп отырады. Қазіргі оқулықтарда есеп мазмұны оқушылардың жоғары моральдық қасиеттерін қалыптастыруға, ғылыми көзқарастарын дамытуға, отаншылдық рухта тәрбиелеуге негізделген. Оқушыларды есеп мазмұны арқылы ғана тәрбиелеп қоймайды, оларды есеп шығаруға үйретуде болып саналады. Қолданбалы есептерді шығару оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, мінез - құлқының қалыптасуына, табандылыққа, шыдамдылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, қиындықты жеңе білу сияқты қасиеттерінің тәрбиеленуіне ықпалын тигізетіні аян.

Математиканыіс жүзінде қолдана білуге үйрету, яғни қолданбалы бағытын көрсету оқушылардың көзқарасын қалыптастырады. Математика сабағында теориялық материал мен есеп шығару материалын тығыз байланыстырып, оқушының нақты да жүйелі математикалық дағдысын қалыптастыру керек. Себебі бұл дағды математиканы әрі қарай меңгеруге, оны өмірде, кәсіпте қолдануға қажет болады. Мектепте оқушылар көп жағдайда абстракциялы мазмұнды есептер шығарады, балалар шартты есепке көп ынта қоймағандықтан олардың белсенділігі төмендейді. Сол себепті:

- ортақ математикалық моделі бар әр түрлі мазмұнды қолданбалы есептерді;
- абстракциялы, дерексіз есептерді тәжірибелік мазмұнмен толықтыру керек.

Математиканың ерекшелігі – оның қолданылымының әмбебаптығы.

Табиғаттың рухани және материалдық байлықтарын ұқыпты игеруде өлшеп, есептеп, саралап алмай мәселені шешуге тіптен болмайтыны өзінен-өзі белгілі. Міне, осы кезде математиканың табиғаттағы, адам өміріндегі рөлі айқындалады. Мектепте математика курсын оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі-математиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашу. Ал бұл мүмкіндікті ашуда қолданбалы есептердің маңызы зор. Қолданбалы есептер деп математикалық әдістермен шығарылатын математикадан тыс құрылған есептерді айтамыз.

Есептерді шешу әдістерімен таныстырғанда оның оқушыларға түсінікті болуын қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі пайдаланып жүрген оқулықтардағы, мәселен (VII-IX) алгебра, (X,XI кл) алгебра және анализ бастамалары мен геометрия оқулықтарындағы көптеген есептерді қолданбалы бағыттағы есептерге жатқызуға болады. Мысалы, мына есептер.

Қолданбалы бағыттағы есептер сипатына қарай көбінесе мәтіндік алгебралық және геометриялық болып беріледі. Зерттеу барысында негізгі мектепте математикалық анализ бастамаларын оқытудағы қолданбалылықты күшейтуді қамтамасыз ететін есептермен толықтыру, математикалық білім беруді ізгілендіруге зор ықпал жасайтындығына көз жеткіздік:

1) практикалық қызметте жиі кездесетін шамаларды есептеуге;
2) есептеу кестесін құруға;
3) қарапайым номограммалар салуға;
4) эмпирикалық формулаларды қолдану және негіздеуге;
5) практикада кездесетін тәуелдік формулаларын қорытып шығаруға арналған есептер.

1. Бірінші түрдегі есептерді шешу алгебралық өрнектің сандық мәнін табуға келтіріледі.

2. Екінші түрдегі есептердегі есептеу кестесін құру үшін оқушыларға математикалық заңдылықты беру керек. Бұл заңдылық көбінесе формула, график түрінде берілген нақты функция болады.

Әрі қарай таблица құру төмендегідей жоспарда іске асырылады, олар:

а) аргументтің мүмкін болатын мәндері табылады;
б) ткестенің қадамы белгіленеді;
в) функцияның мәнін есептеу дәлдігі анықталады

3. Үшінші түрдегі есептерге тоқталайық. Математика бағдарламасында орта мектепте номограмма элементтерін оқыту көзделмеген. Дегенмен номограммалардың өндірістік қызметтегі (олар практикалық есептеулерге қолданылады) ролі зор болғандықтан, қарапайым номограммаларды салуға және оларды практикалық есептеулер жүргізуге қолданылатынын көрсететін есептер қарастырған жөн.

Мұндай есептерді шығару келесі схема бойынша іске асырылады:

а) негізінде номограмма салуға қажетті математикалық заңдылықты анықтау; бұл заңдылық көбінесе функцияны анықтайтын формула немесе кесте түрінде болады;
б) функцияның анықталу облысын табу;
в) параметрдің әрбір мәні үшін функцияның графигін тұрғызу.

4. Төртінші түрдегі есептер.

Эмпирикалық формулалар практикалық қызметте кеңінен қолданылады. Олар қатал математикалық қорытындыға жатпайды, бірақ олардың практикалық мақсатта дұрыстығы тәжирибеде дәлелденген. Мұндай формулаларды іздеуге және оларды негіздеуге қызығушылық басым болады.

Бұл есептерді шешудің белгіленген алгоритмі жоқ. Ондай есептерді шешу қажет біліммен қоса тапқырлықты , жаңалық ашуға деген құмарлықты, қысқарту және жуық есептеулер біліктілігін керек етеді.

5. Бесінші түрдегі есептер.

Тәуелділік формулаларын қорытып шығаруға арналған есептерді – шығару шығармашылықты талап етеді. Оларды шығару алгоритмін көрсету мүмкін емес. Оқушылардың өндірістік процесс, құбылыстар жайлы нақты түсініктері болғанда ғана, ондай есептерді шешу мүмкін болады.

Жоғарыда шығарылған есептерден практикалық мазмұнды есептердің қаншалықты құнды роль атқаратындығын көреміз. Бұл есептердің барлығы математикалық әдістер арқылы шығарылады. Бұл әдістерді қолдану есеп мазмұнының қиындық денгейлеріне қарай әр түрлі болады. Көптеген қолданбалы бағыттағы есептерді шешу үшін мектеп математикасының көлемінен шығып кететін математикалық білім қажет болады. Көп жағдайда оқушылар қолданбалы бағыттағы есептерді қажетті математикалық дайындығы мен білімінің саяздығынан шығара алмайды.

Сонымен математика пәнінде біз оқушыларды терең ойлай білуге, өз бетінше жұмыс жасай білуге үйрету мақсатын қоямыз. Бұл мақсатты орындау, оқушылардың білім, білік, дағдысын, өзіндік танымын қалыптастыру - нақты ұйымдастырылған кезеңдер арқылы жүзеге асырылатын күрделі үрдіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Блох А.Я., Павленко И.А. О решении задач на экстремум при изучении производной в IX классе. - В сб.: Вопросы преподавания алгебры и начал анализа. - М.: Просвещение, 2000, с.192-197.

2 Мельникова Н.Б. Проблема прикладной экономической ориентации курса алгебры средней школы: Автореф. дис. ... канд. пед.наук. - М., 1980. - 20 с. НИИ СиМО АПН СССР.

3 Бейсеков Ж., Гусев В.А., Есуханов М.Е. Применение свойств непрерывных и дифференцируемых функций при решении задач. - В сб.: Вопросы преподавания алгебры и начал анализа в средней школе. - М.: Просвещение, 2000, с.242-254.

УДК 377.5.02:37.016
ГРНТИ 14.33.09

Л.Ж. Жансеитова[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ph.D докторанты, Алматы қ., Қазақстан*

ОРТА МЕКТЕП ПЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бүгінгі күні білім алушылардың математикалық білім сапасының артуының басты тіректерінің бірі – математиканы оқытудағы сабақтастық байланыстарын сақтау. Мақалада мектептегі және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы (негізгі орта білім негізінде) математиканы оқытудың сабақтастық мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, сабақтастық ұғымын түсіну үшін, сабақтастық туралы түсінік қалыптастыру үшін әртүрлі ғалымдардың еңбектеріндегі берген анықтамалары берілген. Бір байқағанымыз, оқытудағы сабақтастық мәселесі педагогикада қаншама жылдан бері зерттелгеніне қарамастан, сабақтастық ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Мектептегі математика курсының оқу пәнінің мазмұны негізгі бес бөлімді қамтиды: солардың ішінен «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі қарастырылады. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы жалғасын табатын мектептік математика бөлімдерінің байланысын көруге болады. Сабақтастық байланыс мәселесі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде өз шешімін толық таба алмай, зерттеу мен ізденуді талап етіп отырған көкейкесті қалпын сақтауда.

Түйін сөздер: сабақтастық, математика, мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, ықтималдық теориясы, статистика.

Аннотация

Л.Ж. Жансеитова[1]
[1] *Ph.D докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМА НЕПРЕРЫВНОСТИ В ПРЕПОДАВАНИИ МАТЕМАТИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ И В ОРГАНИЗАЦИЯХ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Одним из главных основ современного математического образования является сохранение преемственности в обучении. В статье рассматривается непрерывность преподавания математики в школах и в организациях технического и профессионального образования (на базе основного среднего образования). Кроме того, для определения концепции и формирования понятия о непрерывности, даны данные в работах разных ученых. Несмотря на то, что понятие непрерывности исследовалось в педагогике несколько лет, различия между определениями достаточно значима. Содержание курса школьной математики охватывает пять основных разделов и в статье рассматривается раздел «Статистика и теория вероятностей». Так же в статье показаны связанные между собой темы школьной программы и продолжение темы в организациях технического и профессионального образования. Статус проблемы преемственности в педагогической науке и практике остается неизменным и сохраняет настоятельную потребность в исследованиях.

Ключевые слова: непрерывность, математика, школа, организации технического и профессионального образования, теория вероятностей, статистика.

Abstract

THE ISSUE OF THE CONTINUITY IN TEACHING MATHEMATICS IN SECONDARY SCHOOL AND IN ORGANIZATIONS OF PROFESSIONAL-TECHNICAL EDUCATION

Zhanseitova L.[1]
[1]*Ph.D student at Abai University, Almaty, Kazakhstan*

One of the main pillars of modern mathematical education is the preservation of continuity in teaching. The article deals with the continuity of the teaching of mathematics in schools and professional-technical education (based on basic secondary education). In addition, to determine the concept and the formation of the concept of continuity, data from the works of different scientists are given. Despite the fact that the concept of continuity has been studied in pedagogy for several years, the differences between definitions given are significant enough. The content of the course of school mathematics covers five main sections and the article is devoted to the section "Statistics and Probability Theory". Also, the article shows related topics of the school curriculum and education in the professional-technical education. The status of the problem of continuity in pedagogical science and practice remains unchanged and requires an urgent research.

Key words: continuity, mathematics, school, organization of technical and professional education, probability theory, statistics.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, математикалық білім беру - елімізді инновациялық даму жолына алып шығатын маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; .... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [2].

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары(ТжКББҰ) ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Осындай міндеттерді жүзеге асыруда мектептің орта және жоғары сатысындағы сабақтастықты назардан тыс қалдырмау тиіс. Сабақтастық байланыс мәселесі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде өз шешімін толық таба алмай, зерттеу мен ізденуді талап етіп отырған көкейкесті қалпын сақтауда. Өйткені, қоғамның даму деңгейіне туындалған талаптарға сәйкес білім беруді жаңартудың кез-келген мезетінде оқытудағы сабақтастық өзіндік мазмұнға ие болып әр түрлі деңгейде шешіліп келе жатыр.

Бүгінгі күні білім алушылардың математикалық білім сапасының артуының басты тіректерінің бірі – математиканы оқытудағы сабақтастық байланыстарын сақтау. Математика курсының тақырыптарын оқыту барысында оның өткен тақырыптармен логикалық, математикалық - әдістемелік байланыстарын жетілдіріп, сәйкес мәселелеріне талдау жасап, тақырып сабақтастығын сақтап отыру керек [3]. Жалпы сабақтастық ол үздіксіз білім берудегі педагогикалық үрдісте (процесс) қолайлы жағдай туғызу үшін қажет.

А.П.Сманцердің сабақтастық жүйесі оқушы мен студентті математикаға оқытудағы сабақтастықты жүзеге асырудың теориясы мен практикасын зерттеуге арналған. А.П.Сманцердің оқытудың

сабақтастық жүйесі екі ішкі жүйеден тұрады: оқу-танымдық сабақтастық ішкі жүйесі және процессуалды-оқыту сабақтастық ішкі жүйесі. Бұл жүйедегі сабақтастық үзіліссіз білім беру жүйесінің түрлі кезеңдеріндегі екі детерменанттың бірігуі арқылы іске асады: ішкі, оқушылар мен студенттердің оқу-танымдық іс-әректтеріндегі сабақтастық және сыртқы мұғалім мен оқытушының іс-әректтеріндегі сабақтастық [4].

Мектеп және ТжКББҰ-ның арасындағы сабақтастықты педагогикалық тұрғыдан қарастырайық. Алдымен, сабақтастық ұғымын түсіну үшін, сабақтастық туралы түсінік қалыптастыру үшін әртүрлі ғалымдардың еңбектерін оқып, талдадық. Бір байқағанымыз, оқытудағы сабақтастық мәселесі педагогикада қаншама жылдан бері зерттелгеніне қарамастан, сабақтастық ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Сабақтастық жалпы мағынада «ескіні жоюды ғана емес, алдыңғы сатыларда қол жеткізген, онсыз болмысты да, танымды да алға жылжытуға болмайтын прогрестің, рационалдықтың әрі сақталып қалуын, әрі дамуын» қамтамасыз ететін «даму үдерісінде ескі мен жаңаның араларында болатын қажетті объективті байланыс» деп түсіндіріледі.

XVII ғ. Европа педагогикасының негізін салушы чех педагогы Ян Амос Коменский сабақтастықты адам дамуының жас ерекшелігінен, оның танымдық әрекетінен туындайтын оқыту ұстанымы ретінде қарастырды.

Оқудағы сабақтастық ұғымының тура педагогикалық мәнін алғаш рет Б.П.Есипов көрсетті. М.А.Данилов пен Б.П.Есипов сабақтастықты зерттей келіп, «сабақтастық - оқыту сатысының мәні, оның алға қарай қозғалысы, жүйелілік, білім сабақтастығының шарты» деген қорытынды жасады.

Сабақтастық ұғымына қатысты ғалымдардың берген анықтамаларымен танысып шығайық.

Кесте 1. Сабақтастық ұғымына қатысты анықтамалар.

Авторлар	Анықтамасы
Одақтық энциклопедияда	Сабақтастық – даму процесінде құбылыстар арасындағы жаңаның ескіні ығыстыра отырып, оның кейбір элементтерін өзінде сақтап қалатын байланыс.
Педагогикалық энциклопедияда	Оқытудағы сабақтастық – оқу пәнін оқып-үйренудің түрлі сатыларында оның бөліктері арасында қажетті байланыстар мен дұрыс арақатынасты құрудан тұрады түрлі сатыларында оның бөліктері арасында қажетті байланыстар мен дұрыс арақатынасты құрудан тұрады
Каиров И.А. п.ғ.д., профессор (1893-1978)	Сабақтастық дегеніміз – білім негіздерін белгілі бір логикалық байланыста, оқыту материалдарын бірізділік жүйемен оқыту.
Есипов Б.П. п.ғ.д., профессор (1894—1967)	Сабақтастық – оқыту сатысының мәні, оның алға қарай қозғалысы, жүйелілік білім сабақтастығының шарты.
Лернер И.Я. п.ғ.д. (1917—1996)	Сабақтастық дегеніміз – оқу тәрбие үдерісіндегі әрбір келесі жаңа буында өткен сатыда алынған білім мазмұнын бекітіп, кеңейтіп, күрделендіріп және тереңдетіп отырудағы жүйелілік.
Баллер Э.А. ф.ғ.д. (1918—1987)	Сабақтастық – жүйеліліктің өзгермелі элементтерінің тұтастай немесе бөлек түрде ұйымдастырылуын сақтау тұсында болмыс пен танымның бірнеше сатылары мен кезеңдері арасындағы өзара байланысы, яғни бір жағдайдан келесі жағдайға көшуі.

Жалпы алғанда, оқытудағы сабақтастық ұғымы педагогикалық әдебиеттерде жүйелілік үрдісінің тармағы ретінде қарастырылады. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, сабақтастық оқу-тәрбие үрдісіндегі өзіндік көріністі сипаттайды, яғни ескінің жаңамен алмасуын, жаңаның құрамында ескінің қолданыс табуын және оның жақсы жақтарын сақтай отырып үйлесімді дамуын, ілісе жалғасуын білдіреді. Сондықтан да оқытудағы сабақтастық оқыту процесінің құрамаларының бәріне тән, атап айтқанда, оқытудың мақсаттары мен міндеттерінің, мазмұны мен әдістерінің , құралдары мен ұйымдастыру формаларының арасындағы қажетті байланыстарды білдіреді. Сонымен бірге сабақтастық түрлері де ажыратылады. Олардың қатарында: негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлерінде пәндерді оқытудағы сабақтастық байланыстары, пәнішілік және пәнаралық сабақтастық байланыстары, тақырып немесе тарату материалдарының арасындағы байланыстары және т.б.

Оқу мазмұнындағы сабақтастықты жүзеге асыру жаңа мен бұрыннан таныс білімдердің өзара байланысына жол ашып, сүйенуді, іріктеліп алынған оқу материалын қолдануды және одан әрі дамытуды қажет етеді. Сабақтастық байланыс екі жақты құбылыс, яғни, бұл мәселені төменнен жоғары

бағытта қарастырса, ілгері жылжуды, дамуды және алдағы мақсат пен міндеттерге бағдарлануды, ал жоғарыдан төменгі бағыттан қарастырса, оқушылардың игерген тәжірибесін әр алуан іс-әрекеттерде тиімді және орынды қолдануды сипаттайды. Оқудағы сабақтастықты жүзеге асырудың бастауы нормативті-құқықтық және ресми құжаттарда (білім стандарты және оқу бағдарламалары), оқыту құралдарында (оқулықтар, дидактикалық материалдар, оқу-әдістемелік құралдар) жоспарланған байланыстар жобасынан алады.

Білім беру саласындағы сабақтастық проблемасын әр жағынан қарастырып теориялық негізі В.В. Смирнов, Ю.А. Кустов, С.Я. Батышев, В.С. Леднев еңбектерінде берілсе, мазмұны және іс-әрекеті аспектілерін А.П. Арынғазин, Г.Х. Нұртаева т.б. еңбектерінде кездеседі.

Математикалық білім мазмұнын жетілдіру, білімнің сабақтастығы мен болашағы мәселелері қазақстандық ғалымдар А.Е. Әбілқасымова, Б. Баймұханов, Ә. Қағазбаева, А.М. Мүбараков және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылды. Орта мектептің, негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы және ТжКББҰ-ғы «математика» курсы бойынша көптеген тақырыптары өзара тығыз байланыста, бір-бірімен ұштасып жататыны белгілі.

Оқу пәнінің мазмұны мектептегі математика курсының тақырыптарын қамтитын математиканың негізгі бөлімдерінен тұрады: «Сан», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдық теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ».

Осы бөлімдердің бірін қарастырайық:

Кесте 2. Мектеп математика курсындағы (негізгі орта білім) «статистика және ықтималдық теориясы» бөлімінің мазмұны.

	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1.Жиындар теориясы және логика элементтері: -жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдары; - жиындардың қиылысуы және бірігуі ; - берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ∪, ∩ символдары; - ішкі жиын ұғымы; - жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасы (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар); **2. Статистика және деректерді талдау** - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграм-малар туралы түсініктер; - кесте немесе диаграмма түрінде берілген статисти-калық ақпарат.	**1.Комбинато-рика не гіздері** - іріктеу тәсілмен комбинаторика-лық есептер; **2.Статистика және деректерді талдау** - бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасы; - статистикалық санды сипаттамалар.	**Статистика және деректерді талдау** - басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары; - нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктері; - статистика лық деректерді жинау және оны кесте түрі; - таңдаманың жиілік кестесі - таңдама нәтижесін жиілік алқабының түрі;	**Статистика және деректерді талдау** - таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі; - жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы; - жинақталған жиілік; - статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпарат; - дисперсия, стандартты ауытқу анықтамалары және оларды есептеу формулалары.	**1.Комбинаторика негіздері** - комбинаторика-ның ережелері (қосу және көбейту ережелері); - санның факториалы анықтамасы; - қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамалары, формулалары; - Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттері; **2.Ықтималдықтар теориясының негіздері** - оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдары; -элементар және элементар емес оқиғалар; -ықтималдықтың классикалық анықтамасы; -ықтималдықтың статистикалық анықтамасы; -геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану.

Кесте 3. Мектеп математика курсындағы (жалпы орта білім) және ТжКББҰ-да «статистика және ықтималдық теориясы» бөлімінің мазмұны.

10 сынып	11 сынып	ТжКББҰ (негізгі орта білім негізінде)
1. Комбинаторика негіздері - қайталанбайтын және қайталанбалы «алмастырулар», «орналастырулар», «терулер» ұғымдары; - қайталанбайтын алмастырулар, орналастырулар және терулерді есептеу үшін формулалар; - қайталанбалы алмастырулар, орналастырулар және терулерді есептеу үшін формулалар; - комбинаторика формулалары; - жуықтап есептеу үшін Ньютон биномы (натурал көрсеткішпен); 2. **Ықтималдықтар теориясының негіздері** - кездейсоқ оқиға ұғымы, кездейсоқ оқиға түрлері; - ықтималдықтар қасиеттері, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығы; - ықтималдықтарды қосу ережелері * $P(A + B) = P(A) + P(B)$ * $P(A + B) = P(A) + P(B) - P(A \cdot B)$; - ықтималдықтарды көбейту ережелері * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$ * $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P_A(B) = P(B)P_B(A)$; - толық ықтималдық формуласы; - Байес формуласы; - Бернулли схемасы және Бернулли формуласы; - кездейсоқ шамалар ; - дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалар; - кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңы кестесі; - дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімі ұғымы; - дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы мен орташа квадраттық (стандартты) ауытқуы; - дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары; - дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері: биномдық үлестірім, геометриялық үлестірім, гипергеометриялық үлестірім. - үлкен сандар заңының тұжырымдамасы;	**Статистика және деректерді талдау** - математика лық статистиканың негізгі терминдері - дискретті және аралық вариациялық қатарларды құрастыру үшін таңдаманы өңдеу; - берілген шартқа сәйкес вариациялық қатарлардың деректерін талдау; - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау.	**1.Комбинаторика және Ньютон биномы. Ықтималдық.** -комбинатори каның негізгі элементтері; - орналастырулар, алмастырулар және теру; -Ньютон биномы және оның қасиеті; -комбинаторика мен Ньютон биномының ықтималдық теориясында қолданылуы; -Бернулли теоремасы; -ықтималдықтарды қосу және көбейту; -үйлесімсіз оқиға, тәуелсіз оқиға, тәуелді оқиға, шартты ықтималдық, оқиғалар қосындысы, оқиғалар көбейтіндісі. **2.Статистика және Деректерді талдау** - дискретті және аралық вариациялық қатарлар - таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау

Жоғарыда көрсетілген 1-суреттен ТжКББҰ-да (негізгі орта білім негізінде) жалғасын табатын мектептік математика бөлімдерінің байланысын көруге болады.



Сурет 1. Мектеп және ТжКББҰ (негізгі орта білім негізінде) статистика және ықтималдық теориясы бөлімдерінің байланыстары

Сонымен, мектепте оқылатын материалмен ТжКББҰ-да (негізгі орта білім негізінде) оқылатын материалдың тығыз байланысы туралы айтуға болады. Бұл жағдайда сабақтастық функциясы пропедевтикалық функциямен сәйкес келеді.

Сабақтастықты дұрыс түсіну оқу үдерісі мен оның жеке сатыларын ұйымдастыру кезінде қомақты пайда келтіреді. Сабақтастықты орынды қолдану әдістемелік зерттеулерде ауқымды нәтижелер береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, Ақорда, 2010.

2 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы

3 Мұбараков А.М. Математиканы оқытудағы сабақтастық. – Павлодар, 1999. - 230 б.

4 Сманцер А. П. Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов – Минск: БГУ, 2011. – 289с.

УДК 517.927
ГРНТИ 27.29.19

Д.Т. Жанузакова [1], М.Н. Коныркулжаева [2], А.Б. Таирова [3], С.Т. Тулеухасым [4]

[1,2] Ph.D докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
[3,4]магистрант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ РЕЗОЛЬВЕНТЫ ДИФФЕРНЦИАЛЬНОГО ОПЕРАТОРА НА ГЕОМЕТРИЧЕСКОМ ГРАФЕ

Аннотация

Статья посвящена нахождению резольвенты для дифференциального оператора на геометрическом графе без петель (термин геометрический подчеркивает, что ребра являются не символами связей, а геометрическими объектами - отрезками). Он представляет собой структуру, состоящую из «абстрактных» отрезков и вершин,

примыкание которых друг к другу описывается некоторым отношением. Известные результаты для дифференциальных операторов на отрезке переносятся на дифференциальные операторы на графах. Для определения оператора на заданном графе необходимо выделить множество граничных вершин. Вершины не являющиеся граничными называются внутренними вершинами. Дифференциальный оператор на заданном графе определяется не только заданными дифференциальными выражениями на дугах, но и условиями типа Кирхгофа во внутренних вершинах графа. Перечисленные результаты являются новыми, ранее подобные выводы и положения были известны для оператора на отрезке и оси.

Ключевые слова: геометрический граф, дифференциальный оператор, максимальный оператор, резольвента.

Аңдатпа

Д.Т. Жанузакова [1], М.Н. Коныркулжаева [2], А.Б. Таирова [3], С.Т. Тулеухасым [4]
[1,2] Ph.D докторант әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Казақстан
[3,4]магистрант Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Казақстан

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ГРАФ БОЙЫНДАҒЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОРДЫҢ РЕЗОЛЬВЕНТАСЫ

где ρ – плотность материала среды, λ, μ – постоянные Ламе, δ_{ij} – символ Кронекера, θ – объемная деформация, равная

$$\theta = \varepsilon_{11} + \varepsilon_{22} + \varepsilon_{33}.$$

Запятая с индексом означает частную производную по соответствующему аргументу. По j производится суммирование (j=1,2).

Следуя работе [5], введем безразмерные независимые переменные и искомые величины:

$$\vec{t} = \frac{tc_1}{b}; \quad \vec{x}_i = \frac{x_i}{b}; \quad v_i = \frac{1}{c_i}\frac{\partial u}{\partial t}, \quad (i = 1,2)$$

$$p = \frac{\sigma_{11} + \sigma_{22}}{2\rho c_1^2}; \quad q = \frac{\sigma_{11} - \sigma_{22}}{2\rho c_1^2}; \tag{3}$$

$$\tau = \frac{\sigma_{12}}{\rho c_1^2}; \quad \gamma = \frac{c_1}{c_2}$$

где b – характерная длина, c_1, c_2 -скорости волн расширения и сдвига, σ_{11}, σ_{22}, σ_{12} - компоненты тензора напряжений, γ - постоянный параметр. В дальнейшем черта над безразмерными параметрами опускается. Дифференцируя зависимости (2) по времени, складывая и вычитая нормальные напряжения σ_{11} и σ_{22}, уравнения движения (1) и физические соотношения (2) записываются в виде системы уравнений для скоростей перемещений v_1, v_2 и трех линейных комбинаций p, q, τ компонент тензора напряжений:

$$v_{1,t} - p_{,1} - q_{,1} - \tau_{,2} = 0; \quad v_{2,t} - p_{,2} + q_{,2} - \tau_{,1} = 0 \tag{4}$$
$$\gamma^2 (\gamma^2 - 1)^{-1} p_{,t} - v_{1,1} - v_{2,2} = 0; \quad \gamma^2 q_{,t} - v_{1,1} + v_{2,2} = 0;$$
$$\gamma^2 \tau_{,t} - v_{1,2} - v_{2,1} = 0.$$

Эта постановка выбрана потому, что такие системы изучены к настоящему времени довольно хорошо, и кроме того, при выборе скоростей перемещений и напряжений в качестве зависимых переменных исключаются производные из граничных условий.

Исследуется плоская деформация упругого тела с прямоугольным поперечным сечением. Сечение имеет размеры $0 \le x_1 \le l, \quad -L \le x_2 \le L$ (рисунок 1). Краевая задача, формулируемая для разрешающих уравнений (4), предполагает, что в начальный момент времени $t = 0$ тело находится в состоянии покоя

$$v_1(x_1,x_2,0) = v_2(x_1,x_2;0) = p(x_1, x_2, 0) = q(x_1, x_2, 0) = \tau(x_1, x_2, 0) = 0. \tag{5}$$

В любой другой момент времени t>0 на лицевой границе $x_1 = 0, \quad |x_2| \le L$ прямоугольной области прикладывается внешняя нагрузка

$$v_1 = f(t), \quad v_2 = 0 \text{ при } x_1 = 0, \quad |x_2| \le L. \tag{6}$$

Боковые границы $x_2 = \pm L$ полосы считаются свободными от каких–либо воздействий

$$p - q = 0,\ \ \tau = 0 \text{ при } |x_2| = L,\quad 0 \le x_1 \le l\,. \tag{7}$$

На нижней грани $x_1 = l$ полосы рассмотрены неоднородные граничные условия

$$v_1 = v_2 = 0 \quad \text{при } x_1 = l \text{ и } \forall x_2^0 \le |x_2| \le L, \forall x_2^2 \le |x_2| \le x_2^1, \quad \forall |x_2| \le x_2^3 \tag{8}$$

$$p + q = 0, \quad \tau = 0 \quad \text{при } x_1 = l \text{ и } \forall x_2^1 \le |x_2| \le x_2^0, \quad \forall x_2^3 \le |x_2| \le x_2^2. \tag{9}$$

Для сравнения результатов решение данной задачи рассматривается дополнительная задача , в которой предполагается, что граница $x_1 = l$ полосы жестко закреплена, т.е.



Рисунок 1. Исследуемая область

$$v_1 = v_2 = 0 \quad \text{при } x_1 = l\,, \quad |x_2| \le L\,. \tag{10}$$

Здесь $f(t)$ - заданная функция; $x_2^0, x_2^1, x_2^2, x_2^3$ - некоторые постоянные числа, удовлетворяющие требованию $|x_2^i| \le L$ $(i = 0,1,2,3)$. Нулевые начальные условия (5) означают, что полоса до момента времени $t \le 0$ находится в невозмущенном состоянии. Граничное условие (6) – задание нормальной компоненты скорости частиц $x_1 = 0$ полосы и отсутствие касательной компоненты скорости частиц для всех моментов времени. Граничные условия (7) означают, что соответствующие точки границы $|x_2| = L$ полосы свободны от напряжений для всех моментов времени. Граничные условия (8) соответствуют условиям жесткого закрепления тыльной части границы $x_1 = l$ полосы. Условия (9) означают, что другая часть тыльной границы $x_1 = l$ полосы свободна от напряжений. Они моделируют условия работы многоопорной конструкции. Задача заключается в определении внутри рассматриваемого тела волнового движения в момент времени t>0.

Поставленная задача решена методом пространственных характеристик, подробный алгоритм численной реализации которого изложен в [5]. Особенностью рассмотренного тела является то, что в точках типа E (рисунок 1) границы $x_1 = l$ исследуемого тела нарушается «привычная» для динамических задач гладкость функций, т.е. в этих точках искомые функции и их производные терпят разрыв первого рода. Именно на такие особенности не было распространено или вообще, как нам известно, не было метода решения таких задач. В дополнение к известным соотношениям [5] получены расчетные соотношения в особых точках типа E границы $x_1 = l$ для нахождения искомых функций, в которых граничные условия терпят разрыв первого рода [6].

Анализ результатов расчетов. На основе разработанного численного алгоритма составлена программа расчетов на персональном компьютере на алгоритмическом языке Фортран, которая как составная часть включена в единую общую программу. Настоящие расчеты проведены для

прямоугольной области $0 \le x_1 \le 100h$, $|x_2| \le 100h$. Шаг по времени k выбран в соответствии с необходимыми условиями устойчивости

$$\left(\frac{k}{h}\right)^2 \le \min\left\{\frac{\gamma^2}{\gamma^2+1}, \frac{\gamma^2}{2\left(\gamma^2-1\right)}\right\}$$

используемой явной конечно–разностной расчетной схемы. Материал тела обладает следующими характеристиками: модуль упругости E=200 ГПа, коэффициент Пуассона ν=0.3, плотность $\rho = 7.9 \cdot 10^3 кг/м^3$, $c_1 = 5817 м/сек$, $c_2 = 3109 м/сек$, $\gamma = 1.87$. Параметры волнового поля получены при следующих значениях исходных данных:

$$f(t) = t \cdot e^{-t},\ k = 0.025,\ h = 0.05,\quad \left|x_2^0\right| = 80 \cdot h,\quad \left|x_2^1\right| = 60 \cdot h,\quad \left|x_2^2\right| = 40 \cdot h,\quad \left|x_2^3\right| = 20h.$$

Из-за симметрии условий закрепления и характера нагружения искомые параметры v_1, p, q являются четными, а v_2, τ - нечетными функциями относительно оси $x_2 = 0$. Поэтому результаты расчетов представлены только для положительных значений $x_2 (x_2 \ge 0)$. Фактически расчет был выполнен до момента времени $t = 600 \cdot k$, который соответствует двухкратному отражению волны от тыльной границы прямоугольной полосы.

Зависимость компоненты напряжения $p+q$ на границе $x_1 = 100h$ от координаты x_2 / h представлена на рисунке 2 для моментов времени $t = 300 \cdot k$ (1) и $t = 400 \cdot k$ (2).



Рисунок 2. Изменение напряжений $p+q$ на границе $x_1 = 100h$ от координаты x_2 / h для моментов времени $t = 300 \cdot k$ (1) и $t = 400 \cdot k$ (2)

Результаты рассматриваемой задачи отмечены сплошными линиями, а пунктирные линии соответствуют задаче, когда граница $x_1 = 100h$ жестко защемлена (дополнительная задача). Сравним основные особенности этих двух задач. Во – первых, некоторое снижение концентрации напряжений вблизи угловой точки K ($x_1 = 100h$, $x_2 = 100h$) полосы по сравнению с значением напряжений, вычисленными в задаче с жестко защемленной границей. Оно обусловлено наложением дифрагированных волн исходящих от угловой точки K ($x_1 = 100h$, $x_2 = 100h$) прямоугольной полосы

и особых точек типа Е. Во – вторых, напряжения $p+q$ вблизи особых точек в 5-18 раз превышают номинальные значения заданных на границе $x_1 = 100h$ напряжений.

На рисунке 3 для момента времени $t = 300 \cdot k$ показаны изолинии касательных τ=const напряжений, демонстрирующие характерное для данной задачи напряженное состояние.



Рисунок 3. Изолинии касательных напряжений $\tau = const$ *в момент времени* $t = 300 \cdot k$

Это время характерно тем, что волна возмущения отразилась от тыльной границы x_1=100h прямоугольной области, но ещё находится на полпути до лицевой границы x_1=0. Эти изолинии дают общую картину напряженного состояния во всей области в определенный момент времени $t = 300 \cdot k$. Суперпозиция многократно отраженных и дифрагированных волн от границ прямоугольной полосы и особых точек типа Е приводит к формированию сложной волновой картины внутри полосы. Для напряженного состояния характерно сложное взаимодействие отраженных, дифракционных и интерференционных явлений, обуславливающих появление большого числа локальных экстремумов отдельных компонентов напряжений и заметное их изменение на малых участках.

Знак касательного напряжения τ не имеет такого определяющего значения, как знак нормальных напряжений $p+q$, $p-q$. В этом случае нас будут, в первую очередь, интересовать области больших градиентов и изолинии нулевых касательных напряжений τ, которые являются местом смены знака. Появления и образования локальных экстремумов касательных напряжений τ вблизи точек разрыва граничных условий на внутренней тыльной границе $x_1 = 100h$ прямоугольной области обусловлено дифракцией волн, исходящих от указанных особых точек типа Е.

Анализ изолиний нормальных $p+q$ и касательных τ напряжений, построенных для различных моментов времени, показывает практически идентичный описанному характер их распределения. Однако, уровень напряжений, место расположения локальных экстремумов, появление и образование зон растягивающих напряжений в различные моменты времени отличаются друг от друга. Точки разрыва в граничных условиях оказывает заметное влияние и на характер распределения скоростей движения в отдельных точках полосы. Уровень концентрации напряжений является функцией времени и в различные моменты времени достигает различных значений.

Анализ скоростей перемещений точек и напряжений в них показывает, что для области с разрывами в граничных условиях и для области без разрыва в граничных условиях вдали от точки разрыва их распределения по оси x_1/h практически совпадают. Отличия этих параметров наблюдаются лишь вблизи точки разрыва, на расстояниях равных $6\cdot h - 8\cdot h$ от точки разрыва.

Разработанная методика может быть использована для исследования динамических напряжений при скачкообразном изменении граничных условий, максимально приближенных к реальным типам закрепления ряде инженерных сооружений.

Список использованной литературы

1 Кукуджанов В.Н. Деформирование, повреждаемость и разрушение сред и материалов с дефектами и со структурами дефектов // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2011.– №4 (4). – С.1557–1558.

2 Ashirbayev N., Ashirbayeva Zh., Sultanbek T., and Bekmoldayeva R. Modeling and solving the two-dimensional non-stationary problem in an elastic body with a rectangular hole// AIP Conference Proceedings.–2016.–V.1759,020078, http://dx.doi.org/10.1063/1.4959692.

3 Долотов М.В., Килль И.Д., Лимонченко Ю.Г. Несимметричная касательная нагрузка на границе упругого полупространства// Прикладная математика и механика, 2015. –Т.79. –С.264–272.

*4 Ashirbayev N., Ashirbayeva Zh. , Shomanbayeva M. " Features of the Wave Field in a Finite Body with a Noncentral Hole," in International Conference «Functional analysis in interdisciplinary applications» (FAIA2017), AIP Conference Proceedings **1880**, edited by Tynysbek Kal'menov and Makhmud Sadybekov (American Institute of Physics, Melville, NY, 2017), 060013 (2017); http://doi.org/10.1063/1.5000667.*

5 Clifton R.J. A difference method for plane problems in dynamic elasticity, Quart. Appl. Math., Vol. 25, No.1, pp. 97-116, 1967.

6 Аширбаев Н.К.,Аширбаева Ж.Н.,Алтынбеков Ш.Е.,Абжапбаров А. Особенности нестационарного напряженного состояния в упругой двухопорной конструкции// Вестник КазНПУ им.Абая, серия физико-математическая, 2015. – №4(52). –С.77-83.

УДК 539.216; 539.22; 538.91-405; 548; 620.18
ГРНТИ 29.19.04

Д. Баймолда [1], М.Мырзатай [2]

[1] PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауым. профессоры, Алматы қ., Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты , Алматы қ., Қазақстан

КӨМІРДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КҮКІРТТІ РЕНТГЕН ФЛУОРЕЦСЕНЦИЯ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІМЕН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада энергияның негізгі көзі болып табылатын көмірдің құрамындағы күкіртті рентген флуорецсенция зерттеу әдісімен қалай жылдам, дәл анықтауға болатыны туралы айтылады. Көмірдің сапасы оның құрамындағы күкірт және күлдің мөлшеріне тікелей байланысты болады. Екінші жағынан көмірді энергия көзі ретінде пайдаланып жаққан кезде күкіртті газ бен күл қоршаған ортаға орны толмас зиян әкеледі. Сондықтан көмір кеніштерін зерттеу, оны пайдалану барысында көмірдің құрамындағы күкіртті және күлді жылдам анықтау сол арқылы оның сапасына баға беру қажеттігі туындайды. Көмірді өндірмес бұрын кеніш жағдайында және жағу процесстері барысында көмірдің сапалылығын аналитикалық әдістердің арасындағы ең қолайлы әдістердің бірі болып табылатын рентген флуорецсенциялық зерттеу әдісінің көмегімен қалай зерттеп, бақылауға болатындығы мақалада айтылады.

Түйін сөздер: рентген флуорецсенция әдісі, көмір, рентген сәулесі, күкірт, көмірдің күлі, экология

Аннотация

Д. Баймолда [1], М.Мырзатай [2]
[1] Ph.D доктор, ассоциированный профессор Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2] магистрант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СЕРЫ В УГЛЕ С МЕТОДОМ РЕНТГЕН ФЛЮОРЕЦСЕНЦНОГО АНАЛИЗА

В этой статье обсуждается, как быстро и точно рентген флуоресцентным методом можно определить серу в угле, являющейся основным источником энергии. Качество угля напрямую зависит от количества серы и золы,

содержащихся в нем. С другой стороны, двуокись серы и зола вызовут необратимый ущерб окружающей среде при использовании угля в качестве источника энергии. Поэтому необходимо изучить и определить содержание серы и золы угля в процессе его использования и оценить его качество. В статье обсуждается вопрос о том, как исследовать и контролировать качество угля в процессе добычи и сжигания, используя рентгенофлуоресцентное исследование, которое является одним из наиболее подходящих методов среди аналитических методов до добычи угля.

Ключевые слова: уголь, рентген флуорецсентный, сера, золы угля, качество, экология

Abstract

Baimolda D.[1], Myrzatai M.[2]
[1] Ph.D, Associate Professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan
[2] Student of Master's Programme, Abai University, Almaty, Kazakhstan

DETERMINATION OF SULPHUR IN COAL BY X-RAY FLUORESCENCE METHOD

This article discusses how quickly and accurately determine the sulfur in the coal with the X-ray fluorescent method. The coal being the main source of energy its quality directly depends on the amount of sulfur and ash contained in it. On the other hand, sulfur dioxide and ash will cause irreversible environmental damage when using coal as an energy source. Therefore, it is necessary to study and determine the content of sulfur and coal ash during its use and evaluate its quality. The paper discusses how to study and control the quality of coal in the process of extraction and combustion, using X-ray fluorescence research, which is one of the most suitable method among analytical methods.

Key words: coal, X-ray, coal ash, sulfur, quality, ecology

Соңғы жылдары қоршаған ортаны қорғау, экологияны дұрыс сақтау мәселелері өткір қойылып соған байланысты көмірдегі күкірт құрамын тікелей он-лайн режимімен анықтау мәселесі алға қойылып отыр. Күкірттің – 2.308 kэВ S- Ka рентген сәулесін (X-ray) тіркеу, өлшеу жұмыстары шетелдік бірқатар ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттеліп, талқыланған [1,2,3]. Осы еңбектерге қарағанда көмір құрамындағы элементтердің бір-біріне әсер ету эффектісіне (inter-element effects) байланысты математикалық жолмен тиісті түзетулер жасалғаннан кейін жақсы нәтижеге қол жеткізілген.

Көмір құрамындағы күкіртті, темірді, күлді және басқадай элементтерді классикалық химиялық әдіспен анықтауда көп мөлшерде химиялық реактивтер және басқадай материалдар қажет етілуімен бірге көп уақыт жұмсалады. Ал, рентген флуорецсенция зерттеу (РФЗ) әдісін қолданған жағдайда тек қана күкірт, темірді ғана емес одан да көп элементті бір мезетте, аса дәлдікпен анықтауға болатындығы бірқатар ғалымдардың жұмыстарында көрсетілді [7,8]. Өзінің экологиялық маңыздылығына байланысты көмір құрамындағы көп зерттеліп, көп жазылған элементтің бірі күкірт (S) болмақ. Көмірдегі күкірттің құрамы жалпы массаның 10–12% аралығында болады [4,5].

Көмірдегі күкірт табиғатта үш түрлі жағдайда бола алады:

(1) көмір құрамындағы органикалық заттармен бірлескен
(2) пирит не марказит минералы түрінде
(3) сульфат (SO_4) түрінде

Сондықтан тас көмір немесе қоңыр көмір құрамындағы жалпы күкіртті төмендегі жағдаймен көрсетуге болады:

$$\mathbf{S_t = S_{SO4} + S_p + S_o}$$

мұндағы: S_t – жалпы күкірт, S_{SO4} – сульфатты күкірт, S_p – пириттік күкірт және S_o– органикалық күкірт

Жалпысы, көмірдегі күкірттің құрамы егер 0.6% тен жоғары болса пириттік күкірт (FeS_2) басым ал органикалық заттармен бірлескен түрі басым жағдайда күкірттің құрамы ~1% шамасында болады. Егерде күкірттің құрамы 0.6% тен төмен жағдайда онда күкірттің (70-100)% органикалық заттармен бірлескен түрде кездеседі. Әр жерден алынған көмір құрамындағы күкірт құрамы мен оның кездесетін түрі арасында қызықты байланыс барын байқауға болады. Мысалы, егерде көмір құрамында күкірт көп болса онда күкірттің пириттік түрі басым келеді [4].

Бұл жағдайды Кесте 1.1 ден көруге болады. Кестеде әр жерден алынған битум көміріндегі күкірттің табиғатта кездесетін түрлері көрсетілген.

Кесте 1.1 Әр жерден алынған битум көміріндегі күкірттің түрлері.

Көмір кенішінің аты	Жалпы күкірт (%)	Пириттік күкірт (%)	Органикалық күкірт	Пириттік S/ Органика.S
Шахтерский (Ресей)	0.38	0.09	0.29	0.031
Тайтунг (Қытай)	1.19	0.87	0.32	2.7
Типонг (Индия)	3.63	1.59	2.04	0.78
Хагле No2 (АҚШ)	4.29	2.68	1.61	1.7
Дербишире (Британия)	2.61	1.55	0.87	1.8
— (Германия)	1.78	0.92	0.76	1.2
—- (Польша)	0.81	0.30	0.51	0.59

Кесте 1.1 бойынша әр жерден алынған көмір сыныптарындағы күкірттің жалпы құрамы 0.38% – 4.29% аралығында екенін байқауға болады. Осы көмірлердегі пириттік күкірт құрамы ең азы 0.09% тен ең жоғарғысы 2.68% аралығында, ал органикалық күкірт құрамы ең азы 0.29% дан ең жоғарғысы 2.04% аралығында екендігіне көз жеткізуге болады.

Көмірдегі күкірттің қандай түрде, құрамы қандай екендігін анықтау жұмысы баршаға белгілі стандарттық процедуралар бойынша жүріледі. Көмірдегі жалпы күкірт құрамын Ешка әдісі бойынша анықтайды. Ал пириттік түрдегі күкіртті азот қышқылды сығындыдан (extraction) өткізіп барып, әуелі көмірдегі темірдің құрамын есептейді, ал сульфаттық күкіртті тұз қышқылды сығындыдан өткізіп барып гравиметриялық жолмен ал органикалық күкірті жалпы күкірт және сульфаттық күкірттердің айырмашылықтары арқылы есептейді [5].

Алайда көмірдің элементтік құрамын зерттейтін зерттеу мақсатындағы аспап құралдары жоғары ажыратқыштық қасиетке тән рентген спектрометрі (High–resolution X-ray spectrometr) болуы тиісті екендігі сонымен бірге зерттелетін көмір түйіршектерінің көлемінен болатын (particle size) эффектіні азайту үшін көмірді әбден құрғатып, оның түйіршіктерінің майдалығын < 0.2 мм ден кіші болатындай ғып жақсылап тұрып ұнтақтау қажеттігі бірқатар шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде айтылыпты [9,10,11].

Көмір құрамындағы күкіртті РФЗ әдісімен анықтау әдістемесі

Көмір құрамындағы күкіртті РФЗ әдісімен анықтау жұмысын жүргізгенде Чехословакия елінде өндірілген рентген флуорецсенция 123-1 спектрометрі құралын пайдаландық. Бұл Ресейде өндірілген `СИ` үлгідегі пропорциональ детекторымен, 256 каналды анализатормен жабдықталған микропроцессорлық басқаруы бар құрал. (Сурет 1).

Сурет 1. Рентген флуорецсенциялық анализатор 123-1

Сондай-ақ қоздырғыш көз ретінде белсенділігі (activity) 30 мКю, қоздырушы энергиясы 5.9 кэВ Fe^{55} (темір-55) радиоизотопы пайдаланылды. РФЗ 123-1 спектрометріне қажет көмірдің сынама мөлшері 10 грамм, көмір түйіршіктігі 3мм шамасында, ылғалдығы 30% ал тәжірибе уақыты t= 500 секунд.

Темір 55 изотопымен көмір сынамасын қоздырған кезде РФЗ 123-1 анализаторы S (күкірт) пикін және Ca (кальций) пикін және темірден қайта шашыраған радиациялық сәулеге тиісті (Bs-Fe) пикті тіркейді. РФЗ әдісімен көмір және басқадай минералдардың құрамындағы элементтерді зерттеу барысында кезігетін бір қиыншылық ол қатар орналасқан элементтердің бір біріне әсер етуінен туындайтын матрицалық эффектіні жою мәселесі болмақ. Сондықтан бұны математикалық жолмен яғни эмпирикалық коэфициент әдісін пайдалану арқылы төмендегі теңдеу арқылы шешуге болады.

C(S) = b (0) + b(1)* P(S) / P(Bs-Fe) + b(2)* P(Ca) / P(Bs-Fe) + b(3)* P(Fe) / P(Bs-Fe)

Мұнда: b(0), b(1), b(2), b(3) - стандарт сынамаларды керектену арқылы алдын-ала анықталған коэфициенттер; P(S), P(Ca), P(Fe) – күкірт, кальций және темірге қатысты пиктердің алаңы; P(Bs-Fe) – темір-55 тен қайта шашыраған радиациялық сәулеге тиісті пиктің алаңы. Эмпирикалық коэфициент әдісімен көмір сынамаларындағы күкірттің мөлшерін анықтау үшін GW-Basic тіліндегі `Sn` программасын қолдандық.

Кесте 1.1 Стандарт ретінде алынған көмірдің 18 сынамасы бойынша химиялық және РФЗ әдістері бойынша күкіртті анықтаған көрсеткіштер

№	Code	C(S)- chem	C(S)- rfa	delta
1	21	4.40	4.22	-0.18
2	22	3.97	3.64	-0.33
3	23	4.50	3.96	-0.54
4	24	4.37	4.25	-0.12
5	25	3.39	3.19	-0.20
6	26	3.60	3.66	0.06
7	27	4.04	3.83	-0.21
8	28	3.42	3.16	-0.26
9	29	3.03	3.35	0.32
10	30	3.56	3.72	0.16
11	31	3.79	3.71	- 0.08
12	32	4.22	3.86	- 0.36
13	33	5.04	5.29	0.25
14	34	3.73	4.00	0.27
15	35	3.02	3.10	0.08
16	36	3.37	3.89	0.52
17	37	3.56	3.56	0.00
18	38	2.93	3.75	0.82

Кесте 1.1 дегі көрсеткіштерді салыстырып қарайтын болсақ химиялық жолмен анықталған көмір сынамаларындағы күкірттің мөлшері C(S) = (2.93 – 5.04) % аралығында болса, ал РФЗ әдісімен анықтаған кездегісі C(S) = (3.10 – 5.29) % аралығында яғни авсолюттік айырмашылықтың S1= summa (C(RFA) – C(Chem)) / N өте аз яғни S1= 0.261% шамасында екенін көреміз. Біз осы әдістемені пайдаланып Чехияның Вршовице (Vrsovice) және Моңғолияның Багануур көмір кеніштерінен алынған көмір сынамаларын зерттедік. Мысалы, Чехияның Вршовице көмір кенішінен алынған 30 сынама бойынша ондағы күкірт мөлшері (0.66 - 2.41)% аралығында болса, ал Моңғолияның Багануур көмір кенішінен алынған 40 сынама бойынша күкірт (0.6 - 0.8) % аралығында яғни экологиялық тұрғыдан ең сапалы көмір болатыны анықталды.

Список использованной литературы

1 *Gluskoter, H.J., Mineral matter and trace elements in coal. Adv. in Chem.141, 1973.*
2 *Valkovic, V., Trace Elements in Coal, CRC Press, Inc., Boca Raton, Florida, 1983.*
3 *Dziunikowski, B ., Energy-Dispersive X-Ray Fluorescence Analysis, PWN Warsaw and Elsevier, Amsterdam, 1989*
4 *Van Krevelen , D.W., Coal. Elsevier, Amsterdam, 1961.*
5 *Given, P.H., Miller, R.N., Deter. of forms of sulphur in coals. Fuel, 57,1998*
6 *Hurley, R.G., White, E.W., Analytical Chemistry. 46, 2234, 1974.*
7 *Page, D., Piggins, T., Development of an X-ray fluorescence method for on-line determination of sulphur in coal. Int. J. Appl. Radiat. Isot*

8 De Kalb, E.X., Fassel.V.A., Energy-dispersive X-ray fluorescence analysis of coal. Proc of ERDA and Gamma Sources and Appl., Univ of Mich. Ann Arbor Conf, 1976

9 Valkovic, V., Markowicz, A., Haselberger, N., Review of Recent applications of radioisotope excited X-ray fluorescence. X-ray Spectromk 22, 1993

10 Arkan, P., Zararsiz, A., Efe, N., Determination of ash in Turkish coal using back-scattering in X-ray fluorescence techniques and Mineral Resour (Proc of Symp.Vienna, 1990) IAEA, 1991

11 Cechak T., Baimolda D., Wolterbeek. XRFA in Monitoring Impact of Coal Burning. Jajpur:IRSP.–1997, –Vol.1, –P.162-163

12 Bernasconi G., Valkovic V., Baimolda D. Trace element analysis of bulk coal samples. The 1994 European Conference on Energy Dispersive X-ray Spectrometry. Budapest.–1994.– From 30 May to 3 June.

13 Baimolda D., Application of the XRF analysis in Coal Industry, Prague, 1996

14 Баймолда Д., Рентген флуорецсенциялық зерттеу әдісін көмір өндірісінде қолдану. Монографиялық еңбек. Павлодар, 2010.

15 Баймолда Д., Көмірдің химиялық құрамын зерттеуде аналитикалық әдістерді қолдану. Хабаршы-Вестник. Абай атындағы ҚазҰПУ. №2(58), 2017

УДК 539.216; 539.22; 538.91-405; 548; 620.18
ГРНТИ 29.19.04

Д. Баймолда[1] , Т. Чехак [2]
[1] физика ғылымының Ph.D докторы, ассоц. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2] физика ғылымының докторы, профессор, Чех Техника университетінің Ядролық физика және физикалық инженерия факультеті, Дозиметрия және иондаушы сәулелер кафедрасы, Прага қ., Чехия

РЕНТГЕН ФЛУОРЕЦСЕНСИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІМЕН МИНЕРАЛ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖӘНЕ ТИТАНДЫ АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада әйнек, шыны, фарфор ыдыстарды жасауда негізгі минерал шикізат ретінде ең көп керектенілетін каолин құрамындағы темір, титан секілді химиялық элементтерді рентген флуорецсенсиялық зерттеу әдісімен (РФЗ) анықтаудың артықшылықтары туралы сөз болады. Әйнек және шыныдан жасалған ыдыстар мен фарфор бұйымдардың сапалылығы және әсемдігі каолин құрамындағы темір (Fe) және титан (Ti) секілді химиялық элементтердің мөлшеріне тікелей байланысты болатыны белгілі. Сондықтан аталмыш заттарды өндіру барысында өнім сапасын тұрақты бақылау үшін оның құрамындағы темір және титанды жедел түрде анықтаудың қажеттігі туындайды. Сондықтан бұл мақалада ядролық физика әдістері арасында ең оңтайлы әдіс болатын РФА әдісі арқылы каолин шикізаттары және одан өндіріс процессі кезінде жасалатын шыны, фарфордан өнімдерінің сапасын қалай бақылауға болатындығы жөнінде айтылады.

Түйін сөздер: рентген флуорецсенциялық әдіс, минерал, каолин, рентген сәулесі, темір, титан, шыны, фарфор.

Abstract

DETERMINATION OF IRON AND TITANIUM CONTENTS IN MINERAL WITH X-RAY METHOD

Baymolda D.[1], Chekhak T.[2]
[1] Ph.D, Associate Professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan
[2] Dr. Sci. (Physics), Professor, Faculty of Nuclear Sciences and Physical Engineering at the Czech Technical University in Prague, Czech Republic

This article discusses the advantages of the X-ray fluorescence anlysis method for determination of chemical elements such as iron, titanium in the kaolin mineral. Kaolin is the most commonly used a main raw material for the production of glass and porcelain goods. The quality and beauty of glass and glassware and porcelain products are directly related to the amount of chemical elements in the kaolin such as iron (Fe) and titanium (Ti). Therefore, it is necessary to quickly detect iron and titanium concentration in kaolin in order to control the quality of its products during the production process. That is why this article discusses how to control the quality of glass and porcelain products that are produced during the process of production of kaolin and kaolin`s same raw materials through the X-ray fluorescence analysis method, and was shown that this method is the one of most optimal method of nuclear physics for the such studies.

Key words: X-ray fluorescent, kaolin, mineral, iron, titanium, analyze, glass, porcelain

Аннотация

Д. Баймолда[1] , Т. Чехак [2]
[1] Ph.D доктор, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2] доктор физических наук, Факультет Ядерных наук и физической инженерии Чешского технического университета, г. Прага, Чешская Республика

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЖЕЛЕЗА И ТИТАНА В МИНЕРАЛЕ МЕТЕДОМ РФА

В этой статье обсуждаются преимущества метода рентген флуоресцентного анализа (РФА) для определения химических элементов, таких как железо, титан в минерале каолин. Как известно каолин наиболее часто используемый минерал в качестве основного минерального сырья при производстве стеклянной и фарфоровой посуды. Качество и красота стекла и фарфора напрямую связаны с количеством химических элементов в каолине, таких как железо (Fe) и титан (Ti). Поэтому необходимо быстро обнаруживать железо и титан, чтобы контролировать качество его продуктов в процессе производства. Именно поэтому в этой статье уделяется внимание тому, как контролировать качество изделий из стекла и фарфора, которые производятся в процессе производства каолинового сырья по методу РФА, который является наиболее оптимальным методом ядерной физики.

Ключевые слово: рентген флуорецсенция, анализ, минерал, каолин, микроэлемент, железо, титан, стекло, фарфор

Рентген сәулесін (X-ray) пайдалану арқылы қатты дененің атомдық құрылымы, химиялық байланыстардың электрондық құрылымы және элементтік құрамы жайындағы маңызды ақпаратты алуға болады. Осы тұрғысынан материяны рентген сәулелері арқылы зерттеу – бүгінгі ғылым мен технологиядағы ең қолайлы әрі жан-жақты пайдалануға болатын техникалық құрал, әдіске айналып отыр [1].

Рентген сәулесін химиялық зерттеулерге қолдануға болатындығын алғаш С.Г.Баркла (Barkla) және Х.Г. Мозли (Moseley) секілді физик ғалымдар болжап айтқан. 1911 жылы С.Г. Баркла кез келген зат құрамындағы элементтерге тиесілі өзіндік эмиссиялық спектр шашылатындығын зерттеп білген болса, 1913 жылы Х.Г.Мозли элементтің атомдық нөмірі мен рентген сәулесі жиілігі арасында нақты байланыстың барлығын зерттеп анықтады [2].

Рентген флуоресценциялық зерттеу (РФЗ) әдісі өте сезгіш, әрі затты бүлдірмей зерттейтін амал болғандықтан оны кез келген жағдайда да қолдануға болады. Сондықтан 1950-ші жылдардан бастап РФЗ әдісіне негізделген коммерциялық тұрғыдағы құрал-аспаптар көптеп өндіріле бастады. Алғашында зерттеушілер бұл әдісті тек элементтік зерттеуге ғана қолданған болатын [3].

Элементтік зерттеу техникасы ретінде РФЗ әдісінің басқадай аналитикалық әдіс амалдардан көп артықшылықтары бар. Бүгінгі күні бұл әдіс аналитикалық химияда жақсы жолға қойылған. Рентген флуоресцсенция әдісі Менделеевтің периодтық таблицасындағы барлық элементтерге жуығын ($Z > 11$) қамти алады деуге келеді. РФЗ – көп элементтік зерттеу техникасы ретінде белгісіз заттың сынамасындағы барлық элементтердің құрылымы және құрамдары жайында бір жолда өзінің спектрі арқылы нақты, сенімді ақпарат бере алады.

Зерттелетін сынамалар түрлі жағдайда яғни қатты, сұйық, ұнтақ түрінде тіптен саз балшық күйінде де бола береді. Сондай–ақ зерттелетін сынамалар масс спектрометрі, атом абсорбциялық спектрометрі секілді басқа аналитикалық әдістердегідей, алдын-ала арнайы химиялық дайындаудан өтпей- ақ сынаманың сыртқы түрі, көлеміне қарамай зерттеле береді. Бұл РФЗ әдісінің ядролық физиканың басқа әдістеріне қарағанда бір артықшылығы.

Сондай-ақ бұл әдіс элемент құрамын 100% тен 10^{-6} % (1 ppm) аралығындағы кең диапозондық ауқымда анықтай алады. Осындай артықшылықтары арқасында РФЗ әдісі аналитикалық химия саласында жан жақты әрі ең тиімді сөйте тұра қолдануға өте ыңғайлы әрі арзан әрі дәл зерттейтін техникаға айналып отыр [4].

Соңғы жылдары РФЗ техникасын қолдану арқылы каолин және әйнек-шыны бұйымдарын жасауға қажет көк батпақ, пегматит секілді басқа шикізаттардың құрамындағы темір және титанды анықтау ісіне кеңінен пайдалану және оны ары қарай дамыту мәселелері күн тәртібіне қойылып, бұл жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізіле бастады [5,6].

Шыны, фарфор бұйымдарын өндірудегі ең негізгі шикізат болып табылатын каолиннің құрамындағы басты минерал каолиниттің – $Al_2(OH)_3(SiO_2)2(H_2O)$ мөлшері 90 пайызды құрайды ал қалған бөлігін темір, титанның тотықтары және құрамында кальций, магний, натрий элементтері бар басқадай минералдар құрайды. Бүгінгі күні ТМД елдері бойынша 51 кен орындарында каолин минералы өндіріледі. Бұның 25-і Ресей жерінде ал қалған кен орындары Украина, Өзбекстан,

Қазақстан, Түрікменстан және Грузияда орналасқан. Қазақ жерінде каолиннің 3 кен орыны бар. Оның запасы 260 млн тонна шамасында. Соңғы жылдары Қазақстанда жылына 10 мың тоннадай каолин минаралы өндіріледі.

Қазақстан секілді Моңғолия жері де каолин минералына аса бай келеді. Біз бұл зерттеу жұмысымызда Моңғолияның бірқатар каолин кеніштерінен алынған сынамалардағы және Ұланбатыр қаласында орналасқан шыны, фарфор бұйымдарын өндіретін өндірістен алынған каолин шикізаты, шыны массасы, эмальдегі темір және титан мөлшерін РФЗ әдісімен анықтау жұмысын жүргіздік.

РФЗ әдісімен каолин минералындағы темірді (Fe) және титанды (Ti) анықтау әдістемесі: Шыны, фарфор бұйымдарын жасау үшін қажет негізгі шикізат болатын каолин және пегматит, көк батпақ секілді минералдардағы темірді және титанды анықтау үшін белсенділігі (activity) 10 мКю плутоний-238 (Pu-238) радиоизотопын қоздырушы көз ретінде және Чехословакия елінде өндірілген 256 каналды, микропроцессор арқылы басқарылатын пропорциональ детекторлы РФЗ 123-1 анализаторын, сондай-ақ 4096 каналды, Si(Li)- жартылай өткізгіш детекторлы ОРТЕК анализаторларын керектендік. РФЗ 123-1 спектрометріне қажет сынама мөлшері 10 грамм, тәжірибе уақыты t= 500 секунд болса, ОРТЕК спектрометріне қажет сынама мөлшері 5 грамм, ал тәжірибе уақыты t=1000 секунд болды.

Каолин минералындағы спектрде 6.43 кэВ рентген сәулесін көрсететін Fe –ді РФЗ 123-1 анализаторымен анықтағанда: темірден, кальциийден және плутонийден қайта шашыраған кезде өлшенген (backscatter) пиктерге қатысты N(Fe), N(Ca), N(Bs-Pu) алаңдар жеке-жеке есептелді. Бір-біріне әсер етуші элементтер ықпалынан туындайтын (мысалы Fe мен Ca екеуінен болатын) матрицалық эффектіні азайту үшін эмпирикалық коэфициент әдісі қолданылды және математикалық жолмен есептейтін Бейсик (Basic) программа тіліндегі `S3Caolin` программасы жасалды. Ал каолин және басқадай минералдардағы темір (6.43 кэВ) және титанды (4.5 кэВ) Si(Li) жартылай өткізгіштік детекторлы ОРТЕК анализаторымен анықталған тәжірибе нәтижелері «Актив» программасының көмегімен «Каолин», «К-6», «С2А» стандарттарымен салыстыру арқылы есептелді. РФЗ әдісімен анықтаған каолин және басқадай минералдар құрамындағы темір мөлшерін химиялық әдіспен анықталған нәтижелермен салыстырып көрсеткен көрсеткіш Кесте 1-де көрсетілді.

Кесте 1

Минерал аты	**РФА 123-1** (%)	**РФА (ОРТЕК)** (%)	**Химиялық анализ (%)**
Каолин (Хонгор овоо)	0.37	0.35	0.55
Каолин (Адуунчулуун)	0.36	0.21	0.30
Каолин (Цогт овоо)	0.39	0.42	-
Каолин (өндірістен)	1.02	0.64	0.98
Көк батпақ	0.76	0.47	0.68
Каолин (Хадаан цагаан)	-	0.35	0.39
Пегматит	-	0.29	0.20
Каолин (Цогт овоо 19)	1.05	-	0.95
Каолин (Таван толгой)	3.94	-	3.94
Каолин (Улаан нуур)	1.50	-	1.54
Каолин (Мандал овоо)	5.97	-	5.42
Каолин (Бумбат)	1.14	-	1.99
Байытылмаған өндіріс каолині	0.28	-	0.06
Байытылған өндіріс каолині	0.12	-	0.04
Известь тасы	0.41	-	0.21
шликер	0.34	-	0.26
Шыны масса 1	0.33	-	0.19
Шыны масса 2	0.29	-	0.22

Кесте 1-де көрсетілгеніндей РФЗ (123-1) және РФЗ (ОРТЕК) әдістерімен анықталған темірдің (Fe) нәтижелері мен химиялық нәтижелері арасындағы айырмашылықтың аз екендігін байқауға болады. Мысалы, салыстырмалы түрде ауытқу коэфиценті S1-дің темірге қатысты ауытқушылықтары:

S1 = Summa (RFA (123-1) – Chem) / N = 0.102%

S1 = Summa (RFA(ORTEK) – Chem) /N = 0.105%

Каолиннің халықаралық стандартындағы Fe_2O_3 – 0.982%, TiO_2 – 0.166% екенін ескерер болсақ, Моңғолиялық каолин кеніштерінен алынған сынамаларда темірдің мөлшері (0.21-1.84) %, титан мөлшері (0.04- 0.69) % аралығында екені анықталды.

Кесте 2. Si(Li) детекторлы ОРТЕК анализаторын қолданған РФЗ әдісімен каолин және шыны өндірісінен алынған сынамалардағы Fe, Ti-дің анықталған нәтижелері.

№	Шикізат аты	Fe (%)	Ti (%)
1.	Көк батпақ	0.56	0.71
2.	Пегматит	0.29	0.03
3.	Байытылмаған масса	0.45	0.27
4.	Байытылған масса	0.35	0.26
5.	Байытылмаған шыны	0.28	0.06
6.	Байытылған шыны	0.12	0.04
7.	Известь тасы (ақ тас)	0.41	0.21
8.	Шликер	0.34	0.26
9.	Шыны массасы1	0.33	0.09
10.	Шыны массасы 2	0.29	0.22
11.	Каолин (Хонгор овоо)	0.35	0.04
12.	Каолин (Адуунчулуун)	0.21	0.06

Кесте 2 дегі каолин және шыны өндірісіне қажет көк батпақ, пегмитит секілді минералдар мен шыны өндірісінің байытылмаған массасы, байытылған массасы, байытылмаған шыны, байытылған шыны массасындағы Fe және Ti –ды анықтаған нәтижелерді көрсеттік.



Сурет 1. Хонгор овоо каолинінің рентген спектрі

Сондай-ақ сурет 1- де Хонгор овоо каолинін Si(Li) детекторлы 4096 каналды ORTEK анализаторы және плутоний-238 радиоизотопын керектеніп зерттеген жағдайдағы спектрді көрсеттік. Спектрден тиісті энергиялары бойынша Ti (4.51 кэВ), Fe (6.4 кэВ), Ni (7.47 кэВ), Cu (8.04 кэВ), Zn (8.63 кэВ), Ga (9.25кэВ) және As (10.54кэВ) секілді элементтердің барын байқауға болады.

Қорытынды

Изотопты рентген флуоресценциялық зерттеу әдісімен шыны, фарфор бұйымдарын жасауда негізгі шикізаты саналатын каолин және басқадай минералдар құрамындағы темір (Fe) және титан (Ti) мөлшерін жылдам әрі дәл анықтауға сол арқылы шыны, әйнек, фарфор өнімдерін өндіру барысындағы өнім сапасына және технология барысына бақылау жасауға болатындығын көрсеттік. Моңғолияның Хонгор овоо, Адуунчуллун каолиніндегі темір мен титан мөлшері Ресейдің Васильевский каолинінен аз екендігін мысалы темір 2-3 есе, ал титан 8-10 есе аз болатындығын тәжірибе барысында анықтадық. Ұланбатырдағы шыны өндірісінде қолданылатын магниттік сепаратордың көмегімен байыту

процессінен кейінгі өндіріс өнімдеріне РФЗ әдісімен жасалған бақылау барысында темірдің мөлшерінің азайғанын ал титан жағдайында аса көп өзгерістің болмағаны байқалды.

Қазақстан жерінде кездесетін каолин және каолин сияқты минерал-шикізаттар құрамындағы темір және титан секілді элементтер құрамын РФЗ әдісімен жылдам әрі дәл анықтау арқылы каолиннен жасалатын шыны, әйнек және фарфор бұйымдары мен ыдыстарының сапалылығына бақылау жасауға болатындығын көрсеттік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Barkla, CO., The Spectra of the Fluorescent Roentgen Radiation's, Phil. Mag 22, 396,1911

2 Moseley, II.G. J., The High-Frequency Spectra of the Elements, Phil. Mag 26,1024, 1912.27,703,1913.

3 Tertian, R. and Claisse, F., Principles of Quantitative X-ray Fluorescence Analysis, Heyden, London, 1982.

4 Dziunikowski, B., Energy-Dispersive X-ray Fluorescence Analysis, PWN Warsaw and Elsevier, Amsterdam, 1989.

5 Valkovic, V., Trace Elements in Coal, CRC Press, Inc., Boca Raton, Florida, 1983.

6 Baimolda D, Cechak T., Determination of Fe and Ti in the some minerals. Works of the Instytute Chemistry, Mongolian Academy of Sciences. № 30, 1990

7 Баймолда Д,. Рентген флуорецсенциялық зерттеу әдісін көмір өндірісінде қолдану. Монография,. Павлодар, 2010

8 Cechak T, Trojek T et al. X-ray fluorescence analyzers for investigating postmediaeval pottery from Southern Moravia, Applied Radiation and Isotopes Volume 68, Issue 4-5, Pages 879-883, Published: Apr-May 2010

УДК 521.9; 521.9(083.8)
ГРНТИ 41.15.15

А.А. Ғазизова[1], М.Ғ. Әбдіғали[2]

[1] Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Физика кафедрасының магистранты Алматы қ., Қазақстан
[2] Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Физика кафедрасының магистранты Алматы қ., Қазақстан

ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ МИКРОЛИНЗАЛАУ – ЭКЗОПЛАНЕТА ТАБУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСІ

Аңдатпа

Мақалада гравитациялық микролинзалаудың негізгі ерекшелігі қарастырылған. Соңғы онжылдықта экзопланетаның ашылуы – астрофизикадағы актуалды тақырыптардың бірі. Ғалымдар экзопланета табудың көптеген әдістерін осы уақытқа дейін қолданып, соның ішінде ең тиімді, қолайлы әдіс гравитациялық микролинзалау екенін дәлелдеді. Осы мақалада микролинзалау әдісінің жетістігі ретінде жаңа экзопланеталарды ашуға болатындығымен танысуға болады. Мақаладан гравитациялық микролинзалаудың тиімді жақтары мен кемшілік тұстарын да айтып өттік. Оның теориялық негіздемесі нақты және де тәжірибе жүзінде де іске асқан. Сонымен қатар, біз бұл мақалада гравитациялық микролинзалау әдісі арқылы табылған бірнеше экзопланеталардың тізімін ұсындық. Ол тізімдегі экзопланеталар жыл сайын көбейе түсіп, ғалымдардың қызығушылығын оятып отыр. Соның дәлелі бүгінде, гравитациялық микролинзалау әдісімен айналысатын бірнеше астрономдар тобы да бар.

Түйін сөздер: экзопланета, гравитациялық линза, микролинзалау, галактика, гравитация, астрофизика, жұлдыздар шоғыры, жұлдыздық фон.

Аннотация

А.А. Ғазизова[1], М.Ғ. Әбдіғали[2]
[1] магистрант кафедры физики Казахского Национальнго ПедагогическогоУниверситета имени Абая Казахстан, г.Алматы
[2] магистрант кафедры физики Казахского Национальнго ПедагогическогоУниверситета имени Абая Казахстан, г.Алматы

ГРАВИТАЦИОННОЕ МИКРОЛИНЗИРОВАНИЕ – ОСНОВНОЙ МЕТОД ОБНАРУЖЕНИЯ ЭКЗОПЛАНЕТ

В статье рассматривается основная особенность гравитационного микролинзирования. Открытие экзопланеты за последнее десятилетие является одним из актуальных вопросов астрофизики. Ученые использовали многие методы поиска экзопланет, включая наиболее эффективный, благоприятный метод гравитационного микролинзирования. В этой статье вы узнаете о появлении новых экосистем в качестве успеха метода микролинзирования. В статье, мы также упоминали о преимуществах и недостатках гравитационного микролинзирования. Его теоретическое обоснование является реальным и практичным. Кроме того, в этой

статье мы перечислили список нескольких экзопланет, обнаруженных методом гравитационного микролинзирования. Экзопланеты в списке растут ежегодно, и в этом ученые заинтересованы. Доказательством этого является то, что сегодня существует ряд астрономов, которые участвуют в гравитационном микролинзировании.

Ключевые слова: экзопланета, гравитационная линза, микролинзирование, галактика, гравитация, астрофизика, звездный кластер, звездный фон.

Abstract

GRAVITATIONAL MICROLENSING - THE BASIC METHOD OF DETECTING THE EXOPLANET

A.A. Gazizova[1], M.G. Abdigali[2]

[1,2] Student of Master's Programme in Physics, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

In the article considered the main feature of gravitational microlensing the discovery of the exoplanet over the past decade is one of the topical issues of astrophysics. Scientists used many methods of searching for exoplanets, including the most effective, favorable method of gravitational microlensing. In this article, you will learn about the emergence of new ecosystems as a success of the microlensing method. In the article, we also mentioned the advantages and disadvantages of gravitational microlensing. It is theoretical justification is real and practical. In addition, in this article we listed a list of several exoplanets discovered by the method of gravitational microlensing. Exoplanets in the list grow every year, and scientists are interested in this. The proof of this is that today there are a number of astronomers who participate in gravitational microlensing.

Key words: exoplanet, gravitational lens, microlensing, galaxy, gravitation, astrophysics, star background, star cluster

Гравитациялық линза – массивті дене (планета, жұлдыз...) немесе аспан денелері жүйесі (галактика, галактикалар шоғыры), шашыраңқы сәулеленудің бағытын өзінің гравитациялық өрісімен жарық сәулесін қарапайым линзаның еңкеюі сияқты өзгертеді. [1,3]

Бұл біздің Галактикадағы барлық жұлдыздардың қозғалуымен байланысты: Галактиканың центрінің айналасындағы жұлдыздардың реттелген қозғалысынан (газдың бұлтшасынан құралған жұлдыздың алғашында энергияның және импульстың сақталу заңы бойынша қандай да бір жылдамдығы болады, оған тағы оның траекториясын өзгерте алатын көршілес жұлдыздармен гравитациялық өзара әсері қосылады) олардың жылдамдықтары қосылады және өзіндік хаосты қозғалысына, яғни телескоп, жұлдыз және линзаланатын объект бір оптикалық осьте болуын барынша тез тоқтатады және осымен линзаландыру аяқталады [5].

Экзопланета (грек тілінен аударғанда экзо - сыртта, сыртында) немесе күн жүйесінен тыс планета. Ең бірінші экзопланетаны 1988 жылы Цефея шоқжұлдызынан тапқан. Алғаш Күннен тыс планетаның ашылуы – өткен жүзжылдықтың ең үлкен ғылыми жетістігінің бірі болып саналды. Жылдар өте ғалымдарды белгісіз әлем қызықтыра түсті. Бүгінде ол заманауи астрономияның негізгі бір бөлігі болып табылады [1].



Сурет 1. Экзопланеталардың ашылу тарихы

Экзопланеталарды табу планеталар жүйесінің «периодтық кестесін» құруға және оларды орбиталарының ерекшеліктері бойынша классификациялауға мүмкіндік береді. Сонда біз Күн Жүйесінің қаншалықты бірегей екенін және планеталардың қалыптасуына қандай процестердің әкелгенін түсінеміз.

Енді мұндай планеталар көбінесе олардың мүмкіндіктері шектеулі ғылыми әдістердің арқасында табылды. 2018 жылдың 3 қаңтарында 2792 планеталық жүйеде 3 726 экзопланет бар екендігі дәлелденді, оның ішінде 622 - ден көп планета бар. Экзопланета үшін сенімді кандидаттар саны әлдеқайда көп екенін атап өткен жөн. Осылайша, 4706 нақтыланған экзопланеталар бар деуге болады [1,3].

Экзопланетаны табудың негізгі әдістері басқа жұлдыздың маңында айналып жүретін планеталарды іздеу үшін гравитациялық микролинзалаудан басқа тағы 4 әдіс қолданылады:

1. Радиалды жылдамдықтар әдісі Доплер эффектісіне негізделген: жұлдыз және планеталар өздерінің жалпы массалық центрлерінің айналасында айналып жүреді, демек, жұлдыз бірде бізге жақындайды, бірде алыстайды. Бұл жұлдыздың сәулеленуінің спектралды сызықтары ұзынтолқынды аймаққа (қызару) жылжуына, яғни алыстауына және қысқа толқынды аймаққа (көк), жақындауына әкеледі. Бұл өзгерістер өте кішкентай және оларға көптеген кедергілер тап болады: жұлдыздардың өзіндік жылдамдығы, Жердің өз осінен айналуы, Жердің Күнді айналу қозғалысы және Галактика центрінің айналасында Күннің қозғалысы әсер етеді. Егер бұл кедергілерді ескермесек, периодты жылжу қалады да, бұл сол жұлдыздың айналасында планета айналып жүр дегенді білдіреді.

2. Периодты соғылу әдісі (пульсация) пульсарлардың маңында айналып жүретін экзопланеталарды табу үшін қолайлы. Бұл әдістің мәні радиалды жылдамдық әдісі сияқты: пульсардың маңында планеталардың айналуы оның тұрақты және өзгере бермейтін импульсының периодтылығын өзгертеді. Маңызды параметрі болып орбитаның еңкейуі болып табылады, яғни экзопланетаның орбитасының тығыздығы бақылаушыға қатысты бұрылған болады. Әлбетте, орбитаның тығыздығы көріну сәулесіне перпендикуляр болуға жақын болған сайын, бақыланатын Доплер эффектісі соншалықты аз болады (вертикалды жылжу радиалдыдан біраз аз болады). Осылайша алғашқы екі әдіс орбитаның еңкеюі нөлге жақын болған сайын эффективті болады.

3. Транзитты әдіс –ең нәтижелі және кең тараған әдіс болып табылады. «Кеплер» ғарыш телескопы планетаның дискісінен сол планетаның өтуі кезінде жұлдыздың көрінетін жарығының өзгеру есебінен барлық белгілі экзопланеталардың жартысын ашқан. Бұл әдістің өзіндік вариациялары бар: мысалы, егер жарық бөлігі планеталардан шағылса, жарықтың жеңіл күшеюін қадағалауға болады (бұл қолшамның шағылдырушысы бір лампаның жарығын күшейткенге ұқсас). Алайда бұл әдістің орбитаның мүмкін болатын еңкейуіне шектеу көбірек, ал планетаны байқамай қалу –одан жоғары екенін ескере кету керек.

4. Тура бақылау. Жұлдыз кез келген планетадан әлдеқайда жарығырақ, сол үшін бұл әдіспен экзопланетаны анықтау өте қиын (телескопқа жұлдыздан келген жарықты толығымен ескермеуге тура келеді). Егер ол мүмкін болса, онда жұлдыздың маңындағы кейбір жарық көзін іздеуге болады және егер келесі өлшеулер кезінде бұл жарық көзі орбита бойымен қозғалса, демек ол жаңа планета. Бүгінде осы әдіспен барлығы 39 экзопланета табылған [3].

Гравитациялық микролинзалау әдісімен планета іздеу жұлдыздың жарқылының өзгерісін байқау мақсатымен аспанның белгілі бір ауданын (аудан неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жақсы болады) бақылауға әкеледі. Ол 2-суретте көрсетілген. Суретте біздің Галактика центріндегі қызыл ергежейлінің маңында айналатын OGLE – 2005 – BLG – 390 экзопланетасын табу кезінде алынған жарқылдың қисығы көрсетілген [6].



Сурет 2. Микролинзалау әдісімен OGLE – 2005 – BLG – 390 экзопланетасының табылуы

30 шілдеге сәйкес келетін негізгі шың – бұл жақынырақ жұлдыз фондық жұлдыздың жарықтылығын күшейтеді, ал 10 тамыз кезіндегі кішкентай шың (ол үлкейтілген және бөлек жиектемеден шығып тұр) – бұл планета кеңістігінің қисаюы есебінен фондық жұлдыздың

жарқылының күшеюі. Бұл мәліметтер екі айдың ішіндегі бақылаудың көрсеткіші және үш әртүрлі телескоппен алынған. (График eso.org сайтынан алынған) [6].

Гравитациялық микролинзалау артықшылықтарын айта кету керек:

- Бұл әдіс басқалардан елеулі өзгешеленетін кез келген еңкею бұрышында жұмыс істейді.
- Аз массалы планетаға «сезімтал» болып келеді.
- Өз жұлдызынан салыстырмалы түрде қатты алыста тұратын планеталарға сай келеді. Бұл әдіс орбитасы қар шыңынан (планетадағы температура судың қату нүктесінен төмен болғандағы аналық жұлдыздан қашықтығы осылай аталады) аса орналасқан планеталарға тиімді. Осы ауданда пайда болған планеталар үлкен тығыздыққа ие және олардың табылуы планетаның пайда болуының негізгі моделі - «ядродағы аккрецияны» тексеру үшін өте маңызды. Осы моделге сәйкес, алғашында қатты немесе сұйық протопланеттық ядро болып құралады.
- Біздің көруіміздің перпендикуляр осьінде, жазықтықта айналатын планета үшін қолайлы (мұндай планеталар транзиттік әдіспен немесе радиалды жылдамдық әдісімен дәл табылмайды).
- Бір «өтуде» бірнеше планетаны көруге болады [2].

Әдістің кемшілігі ретінде көрсетілген оқиғаның қайталанбайтындығы (егер құбылысты жіберіп алсаңыз, ол екінші рет қайталанбайды) және оның қысқа мерзімділігі (біздің Галактикадағы жұлдыздар үшін микролинзалау құбылысының орташа уақыты 1 аптадан 1 айға дейін). Көбірек алыстаған жұлдыздардан басқасы гравитациялық каустиканың жанынан өту керек. Гравитациялық каустика –жұлдыздың және оның планетасының гравитациялық потенциалдары, өтіп бара жатқан жарықты күшейте отырып қосылады. Яғни микролинзалау міндетті түрде болмайды, тіпті бақылаушы, планетамен бірге жұлдыз және фондық жұлдыз бір осьте болса да: каустика аумағы жеткілікті деңгейде аз және егер де фондық жұлдыздан шығатын жарық ол жерге түспесе, онда біз негізгі шыңды бақылаймыз, ал экзопланетаның бар екені туралы сигнал болып саналатын екінші реттік шың бақыланбайды [3].

Бүгінгі таңда микролинзалау әдісімен планеталарды іздейтін астрономдардың үш тобы бар:

Физикада тербелістерді комплекстік сандар немесе комплекстік айнымалылар арқылы өрнектеуге болады. Мысалы, гармониялық тербелістердің келесі

$$A_0\cos(\omega t+\varphi),\ A_0\sin(\omega t+\varphi)$$

тригонометриялық функциялармен өрнектелетіні мектепте өтілетін физика курсынан белгілі. Осы тригонометриялық нақты екі функцияның орнына нақты айнымалы t-нің (уақыттың) бір комплекс функциясын қарастыруға болады, мәселен,

$$A(t)=A_0[\cos(\omega t+\varphi)+i\ \sin(\omega t+\varphi)]=A_0e^{i(\omega t+\varphi)}=A_0e^{i\varphi}e^{i\omega t}=Ae^{i\omega t},$$

мұнда $A=A_0e^{i\varphi}$.

Бұл формуладағы $A_0=[A]$ – гармониялық тербелістің амплитудасы, $\varphi=argA$ – бастапқы фаза, ал ω – жиілігі.

$A(t) = Ae^{i\omega t} = Ae^{i(\omega t+\varphi)}$

функциямен сипатталатын комплекс тербелісті модулі (ұзындығы) A_0 санына тең, ω бұрыштық жылдамдықпен айналатын вектор арқылы кескіндеуге болады.

Тербелістерді комплекс шамалар арқылы көрсету векторлық диаграмманы тұрғызумен тығыз байланысты. Шынымен, егер жазықтыққа өзара екі перпендикуляр өстер жүргізетін болсақ және олардың біріне $(X)z$ комплекстік санныңx нақты бөлігін, ал келесісіне (iY) жорамал iy бөлігін орналастырса, онда z саны сол жазықтықта белгілі бір вектор түрінде орналасады. Бұл вектордың ұзындығы $\rho = \sqrt{x^2 + y^2}$ z комплекс санының модулі болады, ал нақты x осіне жасалған $\varphi = arctg(y/x)$ бұрыш z аргументіне тең. Векторлық диаграмма жағдайында біз бұл векторды график түрінде саламыз, ал комплекстік шамаларды қолданып, оны аналитикалық түрде жазуға болады.

Осылайша: жиіліктері бірдей болатын бірнеше тербелістерді қосу үшін олардың комплекстік амплитудасын қосу жеткілікті. Алынған комплекстік шаманың модулі ақырғы тербелістің амплитудасын, ал оның аргументі бастапқы фазаны береді.

Егер тізбек бөлігінің L индуктивтілігі болса, онда $u_{0L} = I_0 i\omega L$ болады. Сондықтан
$z_L = i\omega L$

Дәл осылай конденсатор жағдайында да комплексті кедергі мынаған тең: $z_c = \frac{1}{i\omega C}$

Осыдан, тұрақты ток заңдарын тек ток күшінің амплитудасына, кедергіге және электр қозғаушы күшке ғана емес, сонымен қатар осы шамалардың комплекстік амплитудаларына да қолдана аламыз. Сондықтан кез келген айнымалы токтың тізбегі бойынша есептерді шешу кезінде тұрақты ток есептерін шешудегі ток күшін, кедергіні және э.қ.к.–ін олардың комплекстік амплитудаларымен, ал тізбек бөлігіндегі кедергіні оның комплекстік кедергілерімен сәйкесінше алмастырсақ, онда есеп жеңілдейді.

Сөйтіп айнымалы тізбектегі кедергіні есептеудің ережесі шығады: айнымалы ток тізбектегі кедергіні есептеу үшін тізбектегі әрбірLиндуктивтілікті оның$j\omega L$комплекстік кедергісіне, әрбір C сыйымдылықты $1/i\omega C$ шамаға ойша ауыстырып, ал барлық кедергілерді өзгеріссіз қалдырамыз. Көрсетілген комплекстік кедергілерге тұрақты токтың кедергілерін есептеудегі қолданған операцияларды, яғни тізбектей жалғау кезінде кедергілерді қосамыз, ал параллель жалғауда оларға кері шамаларды қою керек. Бұдан алынған $Z = X + iY$ комплекстік шама тізбектегі толық комплекстік кедергіні көрсетеді. Ол тізбек импедансы деп аталады. Оның X нақты бөлігі тізбектегі активті кедергі, ал жорамал бөлігі Y – реактивті кедергі. Импеданс модулі $Z = \sqrt{X^2 + Y^2}$ айнымалы ток үшін тізбектегі кедергі шамасын береді және ток күшінің амплитудасын анықтайды.

Комплекстік сандарды қолдану тұрақты ток тізбектерінде қолданылатын барлық заңдар, формулалар және есептеу әдістерін айнымалы ток тізбектерінде есептеуде қолдануға мүмкіндік береді.

Электротехникада «Айнымалы ток» тақырыбы ауқымды орын алады. Бұл көптеген электротехникалық қондырғылар айнымалы токта жұмыс істейтіндігімен түсіндіріледі.

Электр станциялары қарапайым электр тізбектерінде айнымалы ток түзетін айнымалы кернеу өндіреді, бірақ электростанциялар тек қана айнымалы емес, сонымен бірге синусоидалы өзгеретін кернеумен ток жасайды.

Айнымалы кернеу теңдеуінің жалпы түрі: $u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$. u- кернеудің максимум мәні (амплитуда), U_m– кернеудің лездік мәні, ω– бұрыштық жиілік, 50Гц стандарты жиілікте, t- уақыт, φ-бастапқы фазалық бұрыш, $\omega t = \alpha$– электрлік бұрыш, φ=314 рад/с немесе ω=град/с

$u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$– бұл теңдеу екі айнымалы шаманы байланыстырады: кернеу U және уақыт t. Уақыт өтуіне байланысты кернеу синусоидалы өзгереді. Осыған ұқсас басқа да синусоидалы өзгеретін ток шамалары бар:

$i = I_m \sin(\omega t + \varphi)$, $e = E_m \sin(\omega t + \varphi)$ және т.б.

Айнымалы синусоидалы шама вектормен берілуі мүмкін. Вектор ұзындығы амплитудаға тең, иілу бұрышы бастапқы фазалық бұрышқа тең. Синусоидалы шамаларды қосу және азайтуды векторларды қосу және азайтумен алмастыруға болады. Бірақ, қосу және алудан басқа, синусоидалы шамаларды көбейту және бөлуге тура келеді. Осы кезде бізге комплекстік сандардың көмегі қажет.

Комплекстік санның нақты және жорамал екі құрама бөлігі болатындығы, комплекстік беттің абсцисса өсі бойынша комплекстік санның нақты, ал ординат өсі бойынша жорамал бөлігін алатындығы белгілі. Электротехникада, математикаға қарағанда, жорамал бірлікті$-j$әріпімен

белгілейді. Егер де $A = a + jb$ комплекстік саны болса, оны вектормен көрсетуге болады. $|A| = \sqrt{a^2 + b^2}$- комплекстік санның модулі; $\alpha = arctg\left|\frac{b}{a}\right|$- комплекстік санның аргументі.

Сызықты электр тізбегінің тұрақталған жұмыс ретін есептеу кезінде синусоидалық токтың лездік мәндеріне сәйкес комплекстік мәндер қойылады. Мысалы, $u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$ кернеу теңдеуі бар. Электротехникада вектордың ұзындығына максимал мән емес шын мән алынады. Ол U әріпімен белгіленеді және максимал мәнді $\sqrt{2}$ бөлу жолымен есептелінеді.

Комплекстік санмен берілген синусоидалы шама комплекстік деп аталады және жоғары жағында нүктесі бар бас әріппен белгіленеді $\dot{U}$. Алгебралық үлгі - $\dot{U} = U_a + jU_p$ (мұндағыU_a – кернеудің активті құраушысы, U_p-кернеудің реактивті құраушысы); тригонометриялық үлгі - $\dot{U} = U(cos\psi + jsin\psi)$; көрсеткіштік үлгі -$\dot{U} = Ue^{j\varphi}$.

Сонымен, комплекстегі кернеу, модуль нақты мәнге, ал аргумент – бастапқы фазалық бұрышқа тең. Кернеудің активті құраушысы кернеу комплексінің негізгі бөлігіне, ал реактивтік – жорамал бөлікке тең.

Токқа да аналогты болады:$i = I_m \sin(\omega t + \varphi)$; $I = I_m/\sqrt{2}$; $\dot{I} = I(cos\psi + +jsin\psi)$; $\dot{I} = I_a + jI_p$; $\dot{I} = Ie^{j\varphi}$.

Өткізгіштік – бұл кедергіге кері шама. Gтабу үшін кедергінің комплекстік мәнін қолданамыз: $Z = r + jX_L$.

$$G = \frac{1}{r+jX_L} \cdot \frac{r-jX_L}{r-jX_L} = \frac{r-jX_L}{r^2-j^2{X_L}^2} = \frac{r}{r^2+{X_L}^2} - j\frac{X_L}{r^2+{X_L}^2} = \frac{r}{Z^2} - j\frac{X_L}{Z^2};$$

$G = \frac{1}{Z}$– өткізгіштік комплексі. $\frac{r}{Z^2} = g$, $\frac{X_L}{Z^2} = b_l$ деп белгілеп, $G = g - j\,b_l$ аламыз. g– активті өткізгіштік, b_l– реактивті өткізгіштік.

Көрсеткіштік үлгіде $G = ye^{-j\varphi}$, мұнда $y = \sqrt{g^2 + {b_l}^2}$ y– толық өткізгіштік $\varphi = arctg(-\frac{b_l}{g})$.

Сыйымдылық кедергі үшін ұқсас $G = g + jb_c$, $G = ye^{j\varphi}$, $y = \sqrt{g^2 + {b_c}^2}$,

$\varphi = arctg(\frac{b_c}{g})$.

Қуат жайында тоқталсақ, қуат комплексі егер кернеу комплексін бағыттас ток комплексіне көбейткенде пайда болады.

$\tilde{S} = \dot{U}\ddot{I}$, $\tilde{S}$– қуат комплексі, $\ddot{I}$–бағыттас ток комплексі.

Комплекстік үлгіде тек толық қуатты жазуға болады:

$$\tilde{S} = \dot{U}\ddot{I} = UIe^{j(\varphi_\alpha + \varphi_\beta)} = UIe^{\pm j\varphi} = Se^{\pm j\varphi}$$

Толық қуат комплекстік үлгіде екі бөліктен тұрады: заттық бөлік активті қуат, ал жорамал бөлік коэффициенті реактивті қуат. Жорамал бөлік алдындағы мәннің «+» белгісі кернеу токты басып озады, жүктеме-активті-индуктивті, «-» белгісінде жүктеме- активті-сыйымдылықты. Көбейту денкейін нақты бөлігі активті қуатқа, ал жорамал бөлігі – реактивті қуатқа тең комплекстік саналады.

$\tilde{S} = P + jQ$. P–активті қуат. Q –реактивті қуат.

Синусоидалық ток тізбектердің негізгі заңдары комплекстіктік түрде былай жазылады:

1.Тізбек бөлігі үшін Ом заңы:

$\dot{U} = \underline{Z}\dot{I}$

2. Кез келген түйін үшін Кирхгофтың бірінші заңы: (контурдағы барлық k тармақтарындағы тоқтардың алгебралық қосындысы).

$$\sum_k \dot{I}_k = 0$$

3. Кез келген контур үшін Кирхгофтың екінші заңы: (контурдағы барлық l тармақтарындағы кернеулердің алгебралық қосындысы).

$$\sum_l \dot{U}_l = \sum_l \dot{E}_l$$

1-ші мысал: Берілгені: ток күші комплекстік түрде берілген: $\dot{I} = 3 - j4\ A$. Токтың теңдеуін жазу керек.

Шешуі. Теңдеуді жазу үшін бастапқы фазалық бұрышы мен амплитудасын білу керек. Сондықтан берілген комплекстік токтың бастапқы фазалық бұрышының аргументі мен әсер етуші мәнінің модулін табу керек:

$$I = \sqrt{3^2 + (-4)^2} = 5\ A$$

$$\psi = arctg\frac{-4}{3} = -53°$$

$$I_m = I\sqrt{2} = 5\sqrt{2} = 7{,}07\ A$$

$$i = I_m \sin(\omega t + \psi) = 7{,}07\sin(\omega t - 53°).$$

2-ші мысал: Берілгені:$\dot{U} = 43{,}5 + j55{,}6$; $\dot{I} = 10{,}4 + j9{,}35$.Активті P және реактивті Q қуатты анықтау керек.

Шешуі. Комплекстік түрде берілген кернеу мен токты көрсеткіштік түрге келтіреміз, ол үшін ток пен кернеудің аргументі мен модулін табамыз:

$$U = \sqrt{43{,}5^2 + 55{,}6^2} = 70{,}7\ B;\ \ \psi_1 = arctg\frac{55{,}6}{43{,}5} = 52°;\ \ \dot{U} = 70{,}7e^{j52°}\ B;$$

$$I = \sqrt{10{,}4^2 + 9{,}35^2} = 14\ A;\ \ \psi_2 = arctg\frac{9{,}35}{10{,}4} = 42°;\ \ \dot{I} = 14e^{j42°}\ A.$$

Бағыттас ток комплексін анықтаймыз: $\dot{I} = 14e^{-j42°}$

$$\tilde{S} = \dot{U}\dot{I} = 70{,}7e^{j52°} \cdot 14e^{-j42°} = 990e^{j10°} = 990(cos10° + jsin10°) == 990(0{,}984 + j0{,}173)$$
$$= 975 + j171.$$

Активті және реактивті қуатты табамыз: $P = 975$ Вт; $Q = 171$ Вт.

3-ші мысал: Берілгені: пассивті екі полюстіктің кірісіндегі кернеуі мен токтың лездік мәні

$$u = 100sin314t\ B; i = 0{,}2\sin(314t + 53°)\ \ A$$

Тапсырма: екі полюстіктің комплекстік кедергісі мен өткізгіштігін анықтау керек.

Шешуі. Ток пен кернеудің комплекстік әсер етуші мәндері:

$$\dot{U} = \frac{100}{\sqrt{2}} = 70{,}71\ B$$

$$\dot{I} = \frac{0{,}2}{\sqrt{2}}e^{j53°} = 0{,}141e^{j53°}\ A$$

Анықтама бойынша екі полюстіктің комплекстік кедергісі мен өткізгіштігін анықтайық:

$$\underline{Z} = \frac{\dot{U}}{\dot{I}} = \frac{70{,}71}{0{,}141}e^{-j53°} = 501{,}5e^{-j53°} = 300{,}9 - j399{,}3\ \text{Ом}$$

$$\underline{Y} = \frac{\dot{I}}{\dot{U}} = \frac{0{,}141}{70{,}71}e^{j53°} = 1{,}994 \cdot 10^{-3}e^{j53°} = 1{,}204 \cdot 10^{-3} + j1{,}597 \cdot 10^{-3}\text{Ом}^{-1}.$$

4-ші мысал: Ток $i = 8\sin(\omega t + 20°)$ А.Осы токтың комплекстік амплитудасын жазу керек.

Шешуі. Бұл жағдайда $\underline{I}_m = 8\psi\, A,\ \psi = 20°$ немесе $\underline{I}_m = 8e^{j20°}\, A$. Берілген ток уақыттық комплекстік функциясының жорамал бөлігіне тең.

$\underline{I}_m e^{j\omega t} = I_m e^{j(\omega t + 20°)} = 8\angle(\omega t + 20°)\, A.$

5-ші мысал: Токтың комплекстік амплитудасы $\underline{I}_m = 25e^{-j30°}\, A$ осы токтың лездік мәнінің мағынасын жазу керек.

Шешуі. Комплекстік амплитудадан лездік мәнге өту үшін $\underline{I}_m e^{j\omega t}$көбейту керек және осы көбейтіндіден:

$$i = \underline{I}_m\left[25e^{-j30°} \cdot e^{j\omega t}\right] = \underline{I}_m\left[25e^{j(\omega t - 30°)}\right] = 25sin(\omega t - 30°)$$

шығады.

Токтың әсерлік мәнінің комплексі немесе токтың комплексі $\underline{I}$ дегеніміз – комплекстік амплитуданың $\underline{I}_m/\sqrt{2}$ -қатынасы.

6-шы мысал: Кернеудің комплекстік амплитудасы $\underline{U}_m = -100 + j100\ B$,жиілігі $f = 1$кГц. Лездік кернеу үшін оның өрнегін жазу керек.

Шешуі. Бұрыштық жиілік $\omega = 2\pi f = 2\pi \cdot 10^3 = 6280$рад/с, амплитуда $U_m = \sqrt{(-100)^2 + 100^2} = 100\sqrt{2}\ B;\ tg\psi = 100/(-100) = -1;$

Комплекстік амплитуданың нақты бөлігі теріс, ал жорамал бөлігі оң болғандықтан, онда $\underline{U}_m$векторы екінші ширекте жатады, демек $\psi = 3\pi/4$.

Сонымен кернеудің лездік мәні:

$u = 100\sqrt{2}\sin(6280t + 3\pi/4)\ B.$

Жалпы алғанда комплекстік сандардың қолданылуы сан алуан, оның ішінде көптеген физика мен техника құбылыстарын сипаттауда өте жиі кездеседі. Сондықтан комплекс сандардың практикалық қолдануларын қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Физикалық мәселелерді шешуде комплекс айнымалылы функциялар теориясының маңызы өте зор. Комплекстік сандарды қолдану тұрақты ток тізбектерінде қолданылатын барлық заңдар, формулалар және есептеу әдістерін айнымалы ток тізбектерінде есептеуде қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Лаврентьев М.А,. Шабат Б.В. Методы теории функций комплексного переменного, М., «Наука», 1979.*

2 *Балабатыров С.Б., Электротехниканың теориялық негіздері, 1-бөлім. Алматы. «Бастау», 2010.*

3 *Ұзақов Ғ. Аналитикалық функциялар теориясы. Алматы. «Мектеп», 1986.*

4 *Бурсиан Э.В. Физика 100 задач для решения на компьютере / Э.В.Бурсиан. Учебное пособие.- Спб.: ИД «МиМ», 1997. -256 с.*

5 *Яглом И.М. Комплексные числа и их приложения в геометрии. Изд. 2-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004.*

ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 002:004.056
ГРНТИ 81.93.29

Р.Е. Абдуалиева[1], М.М.Токанов[2]

[1]Жетісу мемлекеттік университетінің Физика-математика факультетінің Ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, магистр, Талдықорған қ., Қазақстан
[2]Жетісу мемлекеттік университетінің Физика-математика факультетінің Информатика мамандығының магистрі, Талдықорған қ., Қазақстан

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН «КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ» ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, білім беру саласындағы жаңа әрі сапалы оқыту құралдары мен бағдарламалық кешендердің пайда болуына үлкен ықпал жасады. Ақпараттық технологияның негізгі талабы – білімгерлерге ақпараттық білім негіздерін беру болып табылады. Қазіргі таңда білім беру саласында оқу әдістемелік құралдарды қолдана отырып сабақ түсіндіру айтарлықтай жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Мақалада бағдарламалық қамтамасыз етулерді пайдаланатын жабдықтар жайлы мысалы: «Ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздік» пәніне арналған «Қатынауды бақылау жүйелері», «Криптографиялық жүйелер», «Штрих кодтаудлар» сипатталған, сонымен қатар бағдарламалық кешендердің оқу-әдістемелік кешендері құрастырылып олармен қалай жұмыс жасайтындығы жайлы айқын ашылып айтылған. Айта кетерлік бұл мақалада зертханалық және іс-тәжірибелік сабақтарда оқу құрылғыларымен жұмыс жасай отырып білімді машықтындырған қаншалықты қолайлы әрі тиімді екендігі баяндалған.

Түйін сөздер: жаңа технологиялар, ақпаратты қорғау, криптография, инновациялық қызмет

Аннотация
Р.Е. Абдуалиева[1], М.М.Токанов[2]
[1] Магистр, старший преподаватель кафедры информационных систем Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан
[2] Магистр по специальности «Информатика» Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИИ «КРИПТОГРАФИЧЕСКИХ СИСТЕМ» С ПОМОЩЬЮ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

С появлением новых технологий, связанных с развитием компьютерных средств и новых программных обеспечений, появилась возможность создавать качественно новую информационно-образовательную среду как основу для развития и совершенствования системы образования. Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности учащегося по сравнению с традиционной системой. На данный момент актуально стало применение в обучении учебно-методическое оборудование, например на уроке «Информационная безопасность и защита информаций» используются «Криптографические системы», «Системы контроля доступа» и «Штрих кодирование». В статье рассмотрены программное обеспечение вышесказанных учебно-методических оборудований. Также описываются особенности работы специализированных программ, изучаются платформы, на которых работает данное программное обеспечение. Материал данной статьи показывает, на сколько эффективно и целесообразно использование оборудования на уроках.

Ключевые слова: новые технологий, защита информаций, криптография, инновационная деятельность.

Abstract

“CRYPTOGRAPHIC SYSTEMS” ORGANIZATIONS WITH NEW TECHNOLOGIES

Abdualiyeva R.E.[1], Tokanov M.M.[2]

[1] M.Sc., Senior Lecturer of the Information Sysytems at Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

[2] M.Sc. in Computer Science, Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

With the advent of new technologies associated with the development of computer tools and new software, make it possible to create a high-quality new information and educational environment as a basis for the development and improvement of the education system. The purpose of innovation is a qualitative change in the identity of the student compared to the traditional system. At the moment, the use of educational and methodological equipment in training has become relevant, for example, in the lesson "Information security and information protection", "Cryptographic systems", "access control Systems" and "Bar coding"are used. In the article the software of the above-mentioned educational and methodical equipments is considered. It also describes the features of specialized programs, studied the platform on which the software works. The material of this article shows how effective and appropriate the use of equipment in the classroom.

Key words: new technologies, protection of information, cryptography, innovative activity

Осы бір қәзіргі өскелең заманда дамыған елдерде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияның кеңінен қолданылуына орай жаңа технологиялық төңкеріс жүріп жатқаны белгілі. Соған орай адамдардың алдына заманауи функциялық талаптар қойылып, жұмыскер тек қана өндірістік міндеттерді жақсы атқарып қана қоймай, соған бола өзінше бір қосымша жобалауды, шешім қабылдауы және шығармашылық жұмыстарды орындай білуі тиіс болып отыр. Сөйтіп бұл мамандардың осындай қабылеттері мен біліктіліктері жас кезінен қалыптасуы, оқу және еңбек әрекеттерін орындау кезеңдерінде әрі қарай дамуы шарт. Сондықтан да әлемнің барлық ғалымдары XXI ғасырдағы ғылым мен технологияның дамуы адамның барлық саладағы қызметін жетілдіре түсетінін тұжырымдауда.

Ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздік пәнінің дамуына байланысты XXI ғасырдың бас кезінен бастап қатынауды бақылау жүйелері күшейтіліп қарқынды дамуда. Криптография ақпаратты қорғаудың бір бөлімі ретінде қазіргі таңда көптеген оқу құрылғылары жоғары оқу орындарының білім салаларына еніп, сабақ барысында тәжірибелік жұмыстарды орындауға оңтайландырылған кәсіби техникалар қолданылады. Атап айтсақ, «Қатынауды бақылау жүйелері», «Криптографиялық жүйелер», «Штрих кодтау» және тағы да басқаларын атауға болады. Аталған жүйелердің ішіндегі «Қатынауды бақылау жүйесімен» жұмыс жасау үшін арнайы Edge Solo бағдарламасы қажет. Осы бағдарлама негізінде «қатынауды бақылау жүйесінің» есіктерін ашу үшін арнай смарт-карталар қажет.

Сурет 1. Қатынауды бақылау жүйесі

Смарт-карта –(ағылшынша smartcard) деген микросхемасы енгізілген пластикалық карталар (ағылшынша integratedcitcuitcard, ICC–интеграцияланған электрондық схемалары тізбектелген карта).

Көп жағдайларда смарт картаға микропроцессор және операциялық жүйе енгізілген, оның жадындағы құрылғылар мен нысандарын ашу жолдары қол жетімді қарастырылған. Оны Француз ғалымы Р.Морено 1974 жылы ойлап тапқан. Ақпаратты жазу қағидасы магнит жолақты карталардан гөрі басқаша болып келетін Смарт-карта сақталатын ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын, сондай-ақ өзге деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, дербес бірегейлендірілген нөмірдің сақталуы авторландыру орталығымен байланыс жасамай-ақ операция жасау кезінде карта ұстаушыны бірегейлендіруге (дербес режимде) мүмкіндік береді [1].

Смарт-карталар

Сурет 2. Смарт-карта

CLA-КОМАНДА КЛАССЫ
INC-НҰСҚАУЛАР КОДЫ
P1, P2-ҚОСЫМША ЕРЕКШЕ КОМАНДАЛАР

Байланыс смарт карталардың базасы негізінде қатынауға бақылау басқармасы жүйесін құру G - Scriptor бағдарламасы арқылы жұмыс жасайды.



Сурет 3. Gscriptor - бағдарламасы

«Қатынауды бақылау жүйелерімен» жұмыс жасау барысында ең алдыменконтактілі смарт – карталардың байланыс смарт карталардың базасы негізінде смарт-карталарды бағдарламалауды үйренген маңызды.

«Криптографиялық жүйелерде» -де «Қатынауды бақылау жүйесі» сияқты арнайы командалық жолдармен жұмыс жасауға арналған ашық және жабық кілттер және программалық кешен бар.

Криптографияның екі іргелі әрекеті шифрлау және шифрды анықтау болып табылады. Шифрлау-түпнұсқа ақпаратты шығара алмайтындай етіп деректі кодтау болып табылады. Осы шифрды анықтауда кодталған дерек криптографиялық кілттерді пайдалана отырып түпнұсқаға қайта оралады [2].

Қысқаша айтсақ, шифрлау және шифрды анықтау үшін шифр алгоритмі және кілт қажет. Өйткені көптеген шифрлау алгоритмдері бар, соның ішінде деректі шифрлау стандарты(DES), Rivest/Sharmir/Adleman (RSA) шифрлары, RC2 және RC5. Осы параметрлердің әрқайсысында кілт жай мәтінді (оқуға болатын) шрифтелген мәтінге (кодталған және оқуға мүмкін емес) түрлендіру үшін алгоритммен сәйкес қолданылады.DES, RC2, және RC5 симметриялық кілт технологиясы немесе құпия кілт криптографиясы ретінде белгілі, себебі деректі шифрлауға қолданылған кілт оның шифрын

анықтауға да бірдей қолданылады. Сол себепті, кілт деректі шифрлайтын топ пен оның шифрлауын анықтайтын топ арасында құпия түрде ортақ болуы шарт.

RSA ортақ кілт криптографиясы немесе ассиметриялы криптография ретінде танымал, себебі әдетте осы екі кілт түрі үнемі қолдананыста жүр,яғни ортақ және жеке кілт. Кілттер өзара математикалық қатысты, бірақ олардың бірін білмесе, екіншісін шығара алмайды. Жеке кілт құпия сақталады — тек қана криптографиялық жұпты жасағандар ғана оған кіре алады. Ортақ кілт Интернет сияқты қауіпсіз емес орталарда пайдаланылады. Ортақ кілт жүйелерін қолдану кезінде екі тарап арасында ортақтастырылған құпия болмайды. Алайда ортақ кілт деректі шифрлау үшін пайдаланылса, онда оның шифрын тек жеке кілт қана шеше алады. Сол сияқты егер жеке кілт деректі шифрлау үшін пайдаланылса, онда оның шифрын тек ортақ кілт қана шеше алады. Міне, осы жайттарды білімгерлер қауымы мейлінше білмесе болмайды. Себебі толығымен криптографиялық жүйенің күрделі қыр-сырына қанығу үшін бұл саланы мейлінше терең зерттеу же қажет. Өйткені келешекте оқушылар қауымына тақырып бойынша дәріс бергенде осы саланы мейлінше жетік білу талап етіледі. Сондықтан да саладағы жаңалықтар мен өзгерістерді дер кезінде біліп отыру да өте маңызды да қажетті [3].

Жалпы білімгерлерге криптографиялық жүйені оқытып-үйретудің жолдары әр түрлі. Осы орайда білімгерлерге криптографиялық жүйені оқытып-үйретуде терең теориялық білім берумен қатар лабороториялық практикумдар арқылы оны бекіте түсу, жалпы осындай практикалық сабақтар өткізу де қамтылғанын айтқан ләзім. Иә, сонымен айтар болсақ, білімгерлер қауымына криптографиялық жүйенің осындай жай-жапсарларын мейлінше кеңінен әрі терең түсіндірумен қатар білімдерін дәйектілеу үшін лабороториялық сабақтар өткізбесе болмайды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мысалы, Open SSL қолдана отырып мәтінді файлды жасыруға шифрлау алгоритмін қолдану жөніндегі лабороториялық жұмысты алайық. Жұмыс мақсаты- Open SSL бағдарламалық өнімді шифрлау алгоритмін қолдануға жаттықтыру, DES және RSA алгоритмдерін зерттеп білу болады.Сөйтіп, осы лабороториялық жұмыс барысында теориялық басқарудың барлық пункттері – «Жабық кілтпен шифрлау», «DES алгоритмі», «Ашық кілтті шифрлар», «RSA алгоритмі» және басқарудың жетекшілік пункттері «Симметриялық алгоритмдерді қолдана шифрлау», «Ассиметриялық алгоритмдерді шифрлауға қолдану» пункттері меңгеріледі, семантикалық ұғыныкты мәнде мәтіндік файл әзірленеді, Open SSL көмегімен DES алгоритмін шифрлауға кілт әзірленеді, олар мәтінді файлға қолданылады, шифрлау уақыты өлшеніп , жазылып қойылады. Сол сияқты тек қана DES функциясын қолдана DES-EDE және 3DES алгоритмдерін шифрлау орындалып, нәтижелері Open SSL көрсеткіштерімен салыстырылады. Қолмен шифрлап, Open SSL –мен ашу арқылы сәйкестігі тексеріледі. Әр жолы уақыты да ескеріліп отырады. Бұл әрекеттер RSA алгоритмі үшін 7-8 рет қайталанады. Сонымен қатар DES , DES-EDE және 3DES, RSA алгоритмдерін қолдана жүргізілген шифрлау уақыттарын салыстыру керек.



Сурет 4. Ашық және жабық кілттермен жұмыс Open SSL

Сол сияқты Open SSL қолдану арқылы файлдың өзгермейтіндігін дәлелдеуге алгоритмдерді хештеуді қолдануды алайық.Жұмыс мақсаты- Open SSL қолдану арқылы файлдың өзгермейтіндігін дәлелдеуге алгоритмдерді хештеуді қолдануға машықтандыру болып табылады.

Сонымен,

Қорыта келгенде осындай лабороториялық жұмыстар жүргізу әрі қосымша осы тектес практикалық сабақтар арқылы берілген теориялық білімді пысықтап, бекітуге болатыны айқын.Түйіндей айтқанда, білімгерлердің осы заманғы өте қажетті криптографиялық жүйені толығымен жетік меңгерулеріне жол ашылып, мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Абдикалыков К.А., Задирака В.К. Элементы современной криптологии и методы защиты банковской информации. -Алматы, 1999, -210 с.

2 Пшенин Е.С. Теоретические основы защиты информации: учебное пособие, Алматы: КазНТУ, 2000, -125 с.

3 Зегжда Д.П., Ивашко А.М. Основы безопасности информационных систем. - М. :Горячая линия-Телеком, 2000, -452 с.

УДК 002.6:37.016
ГРНТИ 20.01.45

А.О. Алдабергенова[1], А.К. Баева[2]

[1] п.ғ.к., доцент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,Қазақстан,
[2] І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, «Информатика» мамандығының магистранты, Талдықорған қ.,Қазақстан

MACROMEDIA FLASH ПРОГРАММАСЫНДА ҚАРАПАЙЫМ БЕЙНЕЛЕРДІ САЛУ ЖӘНЕ ТҮРЛЕНДІРУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация

Бүгінгі ақпараттық технологиялар дамыған заманда, адамдардың интернет арқылы үлкен көлемді ақпаратпен мәлімет алмасуы, соның ішінде анимациялық ақпаратпен жұмыс істеулері үлкен көлемді жадыны қажет етеді. Осыған орай, мәліметтердің көлемін қысқартуға мүмкіндік беретін Flash технологиясын пайдалану тиімді болып табылады. Flash программасының көмегімен, қарапайым анимациялардан бастап күрделі анимацияларға дейін құруға болады. Flash ортасында құрылған анимация AVI немесе MPEG форматтарында жасалған анимацияларға қарағанда ондаған және жүздеген рет кіші орын алады. Оның өлшемі Flash киноның терезесінің өлшемінен тәуелді емес және Macromedia Flash программасында құрылған жоба Интернет беттерін жағымды және көз тарталық болуды және көптеген пайдаланушыға оңай және түсінікті болуына сәйкес шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік туғызады. Мақалада Flash программасының құралдарының көмегімен қарапайым бейнелерді салу және түрлендіру әдістері ұсынылған.

Түйін сөздер: компьютерлік технологиялар, Flash технологиясы, анимация, құралдар тақтасы, түрлендіру, объектілерді топтау.

Аннотация
А.О. Алдабергенова[1], А.К. Баева[2]
[1] к.п.н., доцент, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан
[2] магистрант 2 курса, специальности 6М011100 «Информатика», Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан

МЕТОДЫ ПОСТРОЕНИЯ И ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ПРОСТЫХ ИЗОБРАЖЕНИЙ В MACROMEDIA FLASH

В современных информационных технологиях люди имеют доступ к большому количеству информации через Интернет, включая их способность работать с анимированной информацией. В этом отношении выгодно использовать технологию Flash для уменьшения объема данных. С помощью Flash вы можете создавать простые и сложные анимации. Анимации, созданные во Flash, занимают десятки и сотни раз меньше объема, чем анимации, созданные в форматах AVI или MPEG. Его размер не зависит от размера окна Flash Movie, Macromedia Flash - отличный способ сделать страницы Intep приятными и привлекательными и работать творческий, что понятно многим пользователям. В статье представлены инструменты создания и преобразования простых изображений с использованием программных средств Flash.

Ключевые слова: компьютерные технологии, технология Flash, анимация, панели инструментов, трансформация, группировка объектов.

Abstract

CONSTRUCTING AND TRANSFORMING METHODS OF SIMPLE IMAGES IN MACROMEDIA FLASH

Aldabergenova A.O.[1], Bayeva A.K. [2]
[1] Cand. Sci. (Pedagogical), Assosciate Professor, Zhansygyrov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan
[2] Student of Master's Programme in Computer Science, Zhansygyrov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

People have access to a lot of information via the Internet in the modern information technologies, including their ability to work with animated information. In this regard you can use use Flash technology to reduce the amount of data. Using Flash you can create simple and complex animations. Animations, created in Flash take tens and hundreds of times less volume than animations, that created in AVI or MPEG formats. Its size does not depend from size of the Flash movie window, Macromedia Flash is a excellent method to make Intep pages pleasant and attractive and creative work, which is understand to many users. The article presents tools for creating and converting simple images using Flash software.

Key words*:* computer technologies, Flash technology, animation, toolbars, transformation, grouping of objects.

«Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді , жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек». Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат - еліміздегі білім беруде халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ [1].

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процесс. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушылар мен студенттердің білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы олардың алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады.

Елбасы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», - деп нақты бағдар берді [2].

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда IT саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну қиын. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы цифрлы жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бүгінгі таңда компьютерлік және мультимедиалық технологиялар үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Осындай технологиялардың бірі - жылдам қарқынмен дамып отырған Flash технологиясы болып табылады. Енді біз сіздерге Flash технологиясының негізін меңгеру үшін қарапайым бейнелерді салу және түрлендіру әдістерін ұсынайық.

Flash ағылшынша «өте жылдам» немесе «өте ашық түсті нәрсе» деген мағыналы сөзін білдіреді. Немесе оның екеуінің де бір уақытта болуы мүмкін. Macromedia Flash бағдарламасы Web-сайтты және презентация жасау барысында қолданылатын интерактивті векторлық анимация жасауға арналған интегралды орта. Программа көмегімен мынадай жұмыстар орындауға болады: кескін салу, вектор және растр графикасын беруге, алынған растрлы графиканы векторлық графикаға түрлендіруге, мәтінмен жұмыс жасауға, объектілердің формасын, уақыт және кеңістікке байланысты өзгертуге, интерактивті анимация үшін басқару элементін жасауға, роликтерді, оқиғаларды дыбыстауға, анимация үшін ActionScript бағдарлама тілін қолдануда кескін, клип, батырмалар және ActionScript сценарийлердің кітапханаларын жасау және оны пайдалану [3].

Flash программасы Web - анимацияларды құру мақсатында қолданылатын бағдарлама. Қазіргі кезде Flash программасының көмегімен күрделі интерактивті бағытталған кескіндерді, динамикалық Web - беттерді, мультфильмдерді, ойындарды және т.б. ұйымдастыруға болады. Flash бағдарламасында

құрылған құжаттың кеңейтілімі *. fla (Flash құжаты) және *. swf (Small Web - File - кіші Web - файл) типті болып келеді.

Flash-тың құралдары графиканы құру және жөндеудің негізгі құралы болып табылады. Құралды таңдау үшін құралдар тақтасынан қажетті батырманы немесе жылдам орындау пернесін таңдау керек. Үнсіз жағдайда құралдар тақтасы программа терезезінің сол жағында орналасқан, оны экранның кез-келген жеріне орын ауыстыруға болады.[4]

Енді құралдар тақтасының құралдарымен танысайық. Алдымен **Macromedia Flash 8** программасын Windows-тың бас мәзірінен **Start ♦ Programs ♦Macromedia ♦ Macromedia Flash 8** (Бас мәзір ♦Программалар ♦Macromedia ♦ Macromedia Flash 8) командасын орындай отырып жүктеңіз. Экранда Macromedia Flash 8 программасының жұмыс терезесі ашылады. Үнсіз жағдайда осы терезенің сол жағында құралдар тақтасы орналасады.



Сурет 1

Тақта қалқымалы терезеге айналады да, оны экранның кез-келген жеріне орналастыруға болады. Құралдар тақтасы төрт бөліктен тұрады. Олар: құралдар, көру, түстер және параметрлер бөлігі.



Сурет 2

Құрал	*Аты*
	Ерекшелеу
	Тура ерекшелеу
	Түзу
	Лассо
	Перо

	Мәтін
	Шеңбер
	Төртбұрыш
	Қарындаш
	Қылқалам
	Еркін түрлендіру
	Сия бүріккіш
	Бояу
	Пипетка
	Өшіргіш
	Қол және лупа
	Жиек түсі
	Бояу түсі
	Стандартты түстерді таңдау

Құралдар тақтасымен жұмысты толық меңгеру үшін «Гүл шоғырын» салу әдісін қарастырайық. Құралдар тақтасындағы «Шеңбер» құралымен гүл жапырақшасын саламыз. Гүл жапырақшасының түсін қызыл деп белгілейміз.



Объектіні белгілеп, **Modify → Group** командасы арқылы топтастырамыз.

Еркін түрлендіру құралын таңдап, жапырақ центрін төмен ауыстырамыз.

Window→Transform командасы арқылы Трансформация тақтасын ашып, ашылған тақтада бұрылу бұрышы өрісіне 20^0 мәнін орнатамыз.



Осы тақтаның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан *көшіру және трансформациялау* батырмасы арқылы гүл жапырағының санын қажетінше көбейтеміз.



Гүлді толық ерекшелеп, топтастырамыз.

Еркін түрлендіру құралын таңдау арқылы гүл центрін төмен ауыстырамыз. Трансформация тақтасында бұрылу бұрышының мәнін 60^0 – қа өзгертіп, гүл көшірмесін аламыз.



Жұмыстың соңында суреттегідей нәтиже шығады.

Келесі «Кеме суретін салу» әдісін қарастырайық. Қылқалам құралын таңдап, түсін қоңыр түске орнатамыз. Қылқалам құралының формасын және өлшемін орнатыңыз.

Қылқалам құралымен қисық сызық сызып, Ерекшелеу құралымен кеме суретін өзгертеміз.

Қылқалам құралының басқа формасын таңдап, кеменің бортына «Толқын» сөзін жазамыз.

Объектіні ерекшелеп, топтастырып, Еркін түрлендіру құралын таңдап объект өлшемін кішірейтеміз. Желкен суретін салу үшін түзу құралын таңдап, түзуді саламыз.

Қылқалам құралымен кеме желкенінің суретін салып, Ерекшелеу құралының көмегімен желкеннің жарты бөлігін жеке бөліп аламыз.

Барлық объектілерді топтастырып, Қылқалам құралының фонды бояу режимін таңдаймыз.



Қылқалам құралының формасын өзгертіп, фон түсін көгілдір түске бояймыз. Қарындаш құралын таңдап, түзу типіне штрих стилін орнатып, өлшеміне 14 мәнін береміз және қайықтың ізін саламыз. Қылқалам құралының қалыңдығын және өлшемін өзгертіп, түсіне көк түс орнатып, толқын бейнесін саламыз.



Жұмыс нәтижесі суреттегідей болып шығады. Нәтижесін сақтаймыз.

Қорыта келе, біздің мақаламыз Macromedia Flash программасында қарапайым бейнелерді салып, оған түрлендірлер жасап үйренгісі келетін студенттер мен магистранттарға, орта мектептің және жоғары оқу орындарының информатика пәнінің мұғалімдері мен оқытушыларына, графикалық дизайнмен айналысушыларға көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 https://baribar.kz

2 http://www.akorda.kz «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

3 А.О. Алдабергенова, Э.С.Серғазинова Flash анимацияларды жасау пәнінен лабораториялық практикум: оқу-әдістемелік құрал./ -Талдықорған: ЖМУ, 2017.-93 бет

4 Macromedia Flash 8 с нуля Под ред. И.Панфилова. – М: Лучшие книги, 2007. – 368 с

УДК 004.77
ГРНТИ 14.35.07

К.С. Алдажаров[1], С.К. Батырхан[2]

[1]э.ғ.к., Нархоз университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Нархоз университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ВИРТУАЛДЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН (VIRTUAL DESKTOP INFRASTRUCTURE) ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Зерттеудің негізгі мазмұнын Нархоз университетінің техникалық мамандықтарының студенттеріне ақпараттық жүйелерге және технологияларға жататын тиісті пәндер бойынша сабақтар өткізу мәселесін талдау құрайды. Аталған мәселенің шешімі ретінде виртуалды жұмыс орындарының инфрақұрылымын (Virtual Desktop Infrastructure) пайдалану әдісі алға шығарылып отыр. Қазіргі заманда бұлттық технологияның алатын орны ерекше. Осы технологияға сүйене отырып, осындай инфрақұрылымды пайдалану үшін студенттердің өз бетінше ойлау, мәселелерді анықтап, оларды шеше алуға үйрету қажет, осы мақсатта виртуалды жұмыс орындарының инфрақұрылымын (VDI) оқу үрдісінде пайдалану тиімді деп шешеміз. Оқытудың жаңа құралдарын инновациялық тұрғыдан іздеу оқытушылардың бізге іс-әрекеттік, практикалық - бағытталған, проблемалық, рефлексивті және басқадай оқыту мен үйрету формалары мен әдістерінін қолдану керек екендігін түсіндіреді. Бұл технология жекелей немесе кешенді тұрғыда білім беру саласындағы жағдаят- тардың қандай да бір деңгейінде қолданылады.

Түйін сөздер: виртуалдандыру, деректер, ақпарат, білімдер, оқу үрдісі, виртуалды инфрақұрылымы.

Аннотация

К.С.Алдажаров[1], С.К.Батырхан[2]
[1]к.э.н., доцент университета Нархоз, г.Алматы, Казахстан
[2]Старший преподаватель университета Нархоз, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ ВИРТУАЛЬНЫХ РАБОЧИХ МЕСТ (VIRTUAL DESKTOP INFRASTRUCTURE) В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Основное содержание исследования – анализ проблем, часто встречаемых при проведении занятий, связанных с информационными системами и технологиями для студентов технических специальностей Университета Нархоз. Решением этой проблемы является использование инфраструктуры виртуальных рабочих мест (Virtual Desktop Infrastructure). В настоящее время облачные технологии занимают особое место. Основываясь на этой технологии и чтобы использовать эту инфраструктуру, студентам необходимо научиться самостоятельно мыслить, выявлять и решать проблемы. С этой целью было решено применять в образовательном процессе инфраструктуру виртуальных рабочих мест. Инновационные исследования новых учебных инструментов определяют, что преподаватели должны использовать практические, проблематичные, рефлексивные и другие формы и методы обучения.

Ключевые слова: виртуализация, данные, информация, знания, образовательный процесс, виртуальная инфраструктура.

Abstract

Aldazharov K.S.[1], Batyrkhan S.K.[2]
[1]Cand. Sci. (Economic), Associate Professor of Narxoz University, Almaty, Kazakhstan
[2]Senior Lecturer of Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

USING THE VIRTUAL DESKTOP INFRASTRUCTURE (VIRTUAL DESKTOP INFRASTRUCTURE) IN THE EDUCATIONAL PROCESS

The main content of the study is an analysis of the problems, often encountered in conducting classes which are linked to information systems and technologies for students of technical specialties at the Narxoz University. The solution to this problem is to use the virtual desktop infrastructure (Virtual Desktop Infrastructure). Currently, cloud technologies occupy a special place. Based on this technology and to use this infrastructure, students need to learn how to independently think, identify and solve problems. To this end, it was decided to use the infrastructure of virtual workplaces in the educational process. Innovative research of new teaching tools determines that teachers should use practical, problematic, reflexive and other forms and methods of teaching.

Key words: virtualization, data, information, knowledge, educational process, virtual infrastructure.

VDI — бұл үстелде тұратын жүйелерді виртуалдандырудың мұнда пайдаланушының жұмыс үстелінің барлық элементтері деректерді өңдеу орталығында орналастырылған түрі. Пайдаланушы өзінің жұмыс үстеліне қандай да бір клиенттік құрылғыдан қашықтықтан қосылады. Бұл ретте пайдаланушының жұмыс үстелі де, қосымшалар да, оның құрылғысындағы деректер де жергілікті сақталмайды.

Осылардың арасында виртуалды жұмыс орындарының инфрақұрылымы (Virtual Desktop Infrastructure, VDI) кең таралымын ала бастаған жаңа технологиялардың жылдам дамуын және қолданылуын ескере отырып, бізге университеттегі оқу үрдісін оны пайдаланудың негізінде құру тартымды болып көрініп отыр.

VDI технологиясы қандай артықшылықтар береді? Біз келесіге ие болып отырмыз:

– Виртуалдандыру шеткі станциялардың энергия тұтынуын елеулі төмендетеді және жұмыс орындарының эргономикасын арттырады.

– Әрбір пайдаланушыға (студентке) дербес жұмыс орнын беру мүмкіндігі пайда болады. Студент виртуалды ортада ашық іске асырылған дербес аппараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыру алады. Осылайша, студентке оның физикалық емес, виртуалды ортада жұмыс істеп отырғандығы сезілмейтін болады.

– Бұл технологияның оңды жағы деп, серверлік ресурстардың қажетті санын: процессор қуатын, оперативті жадыны, диск кеңістігін жеке беру мүмкіндігін атап өтуге болады. Келесі суретте виртуалды жұмыс орындарының моделін қарап көруге болады [1].



Сурет 1. Виртуалды жұмыс орындарының желісі
(дереккөз: http://e-campus.vvsu.ru)

Біздің техникалық мамандықтарға арналған оқу бағдарламамызда ақпараттық қауіпсіздік, компьютерлік желі, инженерлік және компьютерлік графика секілді пәндер және басқалары бар болып отыр. Болашақ мамандар сондай-ақ ЭЕМ, автоматтандырылған ақпаратты өңдеу және басқару жүйелері, бағдарламалық қамтамасыздандыру, есептеу техникасы және автоматтандырылған жүйелер саласында білімдерге ие болуға тиіс. Оқыту барысында студенттер компьютерлерінің жалпы саны 400 асатын компьютерлік класстарда дербес компьютерде көптеген әртүрлі зертханалық жұмыстар мен

жаттығулар орындайды. Оқу жылының бойында екі емтихан сессиясы қарастырылған, олар да жоғары технологиялы жабдықты пайдалана отырып өткізіледі.

Қазіргі таңда университетте компьютерлік класстарға қызмет көрсетумен және студенттердің дербес компьютеге кіруін қамтамасыз етумен байланысты бірқатар проблема бар [5]. Әртүрлі оқу курстары үшін әртүрлі конфигурациялық операциялық жүйелер де, қосымшалардың құрамы да қажет. Онымен қоса, студенттердің әрқайсысы қоршаған жұмыс ортасын өзіне баптауды жөн көреді. Кей кездері, орнатылған бағдарламалар бір бірімен үйлеспейді, бұл операциялық жүйелердің жекелеген бейнелерін жасау мен орнату қажеттігіне алып келеді, ал бұл болса көп уақыт жұмсауды қажет етеді. Онымен қоса, кез келген компьютер класында секілді, университетте пайдаланушылардың қате әрекеттерінің жағдайында IT-жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселесі өткір болып отыр. Сондықтан, әкімшілердің уақытының көпшілік бөлігі бағдарламалық қамтамасыздандырудың бейнелеріне қызмет көрсетуге және оларды қайта орнатуға кетіп жатыр. Сессияға дайындалу мен оны тапсыру кезеңінде компьютер класстардың жұмысының көптігі күрт арта түседі.

Аталған мәселелерді талдаудың нәтижесінде, IT-басшылығы жұмыс үстелдерін виртуалдандыру (Virtual Desktop Infrastructure) жүйесін енгізу туралы шешім қабылдады, бұл жүйе IT-инфрақұрылымын қолдауға шығындарды қысқартуға және студенттерге барлық қажетті ресурстармен кез келген компьютерден жұмыс істеуге мүмкіндік беруге жағдай жасар еді.

Осындай шешімді пайдаланған кезде, физикалық компьютерлердің орнына, жұмыс осылар Деректерді өңдеу орталығындағы серверде іске қосылатын виртуалды машиналарда орындалады. Пайдаланушы кез келген жұмыс орнынан желі бойынша қажетті виртуалды машинаға қосылып, онымен жұмыс істейді. Бұл ретте физикалық компьютер бар болғаны кіру нүктесі болып шығады және нақты жұмыс орнына немесе пайдаланушыға байланыстырылмаған. Бұл қосымша компьютерлер сатып алмай, әрбір студент үшін оның виртуалды машинасын жасауға мүмкіндік береді. Кіру нүктелері ретінде «жіңішке» клиенттерді және тіптен планшеттерді пайдалануға болады. Онымен қоймай, шешім әртүрлі шаблондар жасауға мүмкіндік береді, осы шаблондардан қажетті конфигурациядағы жаңа виртуалды жұмыс орындарын әп сәтте жасауға болады.

. Компания мамандары бөлінген сақтайтын орынды пайдалана отырып, Microsoft Hyper-V Server базасында виртуалды желілік инфрақұрылым жасады. Оның негізінде Citrix XenDesktop VDI Edition және Microsoft System Center өнімдерінің базасындағы виртуалды жұмыс үстелдерінің инфрақұрылымы өрістетілді. Citrix XenDesktop – бұл жұмыс станцияларының орталықтандырылған іске қосылуын жүргізетін, жұмыс станцияларын (қызмет ретінде көрсетілетін) виртуалдандыру жүйесі. Аталған амал-тәсіл дата – центрдегі виртуалды жұмыс станцияларының тіршілік циклын толық орталықтандырудың есебінен, деректердің қорғалғандығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асырудың нәтижелері бойынша университет қосымша мүмкіндіктер мен пайдалар алар еді. Мәселен, әрбір студентке дүние жүзінің кез келген нүктесінен және кез келген құрылғыдан дербес виртуалды жұмыс үстеліне кіру мүмкіндігін берудің есебінен, оқу үрдісінің тиімділігі артты. Шешім қауіпсіздіктің, оның ішінде барлық жұмыс станцияларын университеттің серверлерінде орталықтандырылған сақтаудың есебінен, вирустардан қорғаудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді. Жобаның негізгі, маңызды нәтижелерінің бірі университеттің IT-инфрақұрылымының жұмысын қолдауға IT-бөлімінің еңбек шығындарының әжептәуір төмендеуі, жұмыс станцияларын орталықтандырылған басқарудың және жаңартудың есебінен, жұмыс станцияларына иелік етудің құнының қысқаруы және дербес компьютерлер паркін ұстауға жалпы шығындардың төмендеуі болып табылады.

Жаңа жүйелердің енгізілуін әжептәуір шапшаңдатуға, сондай-ақ қазірде бар жүйелерді қолдауға шығындарды оңтайландыруға жағдай жасай отырып, виртуалдандыру технологиялары қазіргі IT-инфрақұрылымның ажырамастай бөлігі болып отыр. Virtual Desktop Infrastructure (VDI) – бұл салыстырмалы түрде жаңа концепция, бірақ та ірі кәсіпорындар бұл технологияны қазірдің өзінде-ақ өте тиімді пайдаланып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Виталий Г. VDI – Virtual Desktop Insfrastructure на базе Microsoft Hyper-V server Citrix и XenDesktop. http://services.softline.ru/projects/susu (дата обращения: 01.02.2018).*

2 *Виртуальные машины [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://all-ht.ru/inf/vpc/p_0_0.html (дата обращения: 24.09.2015).*

3 *Гилев В.М. Использование виртуальных машин в образовательных учреждениях. Новые информационные технологии в образовании: материалы VIII междунар. науч.-практ. конф., Екатеринбург, 10–13 марта 2015 г. //ФГАОУ ВПО «Рос. гос. проф.-пед. ун-т». Екатеринбург, 2015. – С. 303-306.*

4 *Электронный кампус Виртуализация рабочих мест. http://e-campus.vvsu.ru*

5 Алдажаров К.С., Макиленов Ш. Н. Пути повышения практической значимости образования в сфере информационных технологий. "Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time": materials of the II international scientific-practical conference. Osaka, Japan, March 7-9, 2017. - – P.431-136.

УДК 621.39:004.05
ГРНТИ 81.93.29

Б.С. Ахметов[1], В.А. Лахно[2], А.Б. Адранова[3], Л.М. Кыдыралина[4]

[1] тех.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті , Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры, Алматы қ., Казақстан
[2] тех.ғ.д., профессор, Европалық университеті, Киберқауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін басқару кафедрасының меңгерушісі, Киев қ., Украина
[3,4]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы қ., Казақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫН ТАҢДАУДЫҢ ВЕКТОРЛЫҚ ОҢТАЙЛАНДЫРУ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН АЛГОРИТМДЕРІ

Аңдатпа

XML-мен байланысқан стандарттар өте көп. Олардың барлығы үш деңгейге біріктіріле алады. Тікелей XML-ге ішінде W3C-мен анықталған, XML «грамматикасы» – XML технологиясының ядросы анықталатын тек бірінші деңгейді жатқызуға болады. Ол XML, DTD және XML Schema синтаксистерінің ережелерін, және де XML Namespaces және Xpath аттарының кеңістігін жатқызады. Бұл деңгейге XSLT XML-құжаттардың трансформациялау тілін де жатқызуға болады.

2006 жылғы W3C анализінің қорытындысы бойынша (www iso.ru/journal/articles/489.html), жаңартылған XML-тілдер группасы келесі компоненттерден тұрады:

а) XML Path Language (XPath) 2.0
ә) XSL Transformations (XSLT) Version 2 0
б) XQuery 1 0: An XML Query Language
в) XML Syntax for XQuery 1 0 (XQueryX)
г) XQuery 1.0 and XPath 2 0 Data Model (XDM)
ғ) XQuery 1 0 and XPath 2.0 Functions and Operators
д) XQuery 1.0 and XPath 2.0 Formal Semantics
е) XSLT 2.0 and XQuery 1 0 Serialization

Бұл технологиялардың барлығы веб-сервистердің, оның анықтамасында көрсетілген, негізгі қасиеттерінің іске асыруын қамтамасыз етеді және веб-сервистердің сервис-бағытталған архитектура шеңберінде өзара іс-қимылы негізінде болады. Бұл технологиялардың шегінде веб-сервистердің функционирлеу, олардың практикалық қолдануының шарасыз алдында тұратын көп сұрақтары жатады. Бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, сенімді хабар берудің және қалтқыға тұрақтылықтың, транзакциялық тұтастықтың, және бизнес-процесті орындаудың ағындары, сұрақтары. Бұл сұрақтарды шешу үшін технологиялардың және стандарттардың бәсекеге лайық кезіндегі көп нәрселер ойлап табылды. Сондықтан W3C консорциумы веб-сервистердің бұл облыстағы архитектурасының кейбір қадамдарын стандарттау және бұл облыстағы Веб-сервистерді архитектуралау болып табылады.

Жеке алғанда, WS-I веб-сервистерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін халықаралық ұйым құрылды. Оған жүз елуден астам жетекші компаниялар кірді. Бұл ұйымның міндеттеріне сервис-бағытталған архитектура шеңберінде веб-сервистердің өзара іс-қимыл стандарттарын популяризациялау және өндіру кіреді [2].

Петри желісінің бір түстісі де, көп түстісі де әдетте бағдарламаның жұмысының логикасын пішіндейді, өйткені фишкалар өтулерді істеуге уақыт шығындамайды, олар лезде доғалар мен позицияларды толтырады. Егер процестің дамуын уақыт бойынша зерттеу тапсырмасы болса, желіге «ғаламдық өлшеуішпен есептеу » деп жазылады , ал фишкаға уақыт байланады. Нақты фишкаға байланған уақыт фишканың желіде болу ұзақтығын көрсетеді. Ол бастапқы белгінің алдында нөл ретінде қабылданады және әр доға мен әр өту өткен сайын ол көбейіп отырады. Егер ол «кешікпесе» оның уақытының мәні ғаламдық сағаттың желісінен аз болады.

Петридің көп түсті желілері, уақыт енгізуде , бейсинхронды жүйелерде ақпарлық үдерістерді имитация үшін айрықша пайдаланылады. Петри желілерінің формализмы жүйелерді талдауға және жобалауға екі маңызды ажыратылатын көзқарастарды қолданып ерекшелейді.

Петри желісінің бірінші көзқарасында бұл талдаудың қосалқы аспабы қаралады. UML диаграмма түрінде атқарылған жүйе Петри желісіне өкілдік етеді. Жалпы өзін қарастырғанда тіпті желінің моделденуі жобада кемтік анықтауға ерік береді. Құрылған жоба содан соң анықталып үлгі жасалынады. Бұл цикл бірнеше рет қайталана алады.

Болашақ жүйенің сипаттамалары ұйғарымның жобалауы және процесі екінші көзқараста петри желілері терминдерінде жүргізіледі. Егер осындай қажет болса желіге анализ жүргізілген нұсқасы жасалынған және сақталуы үшін шыққан келесі түрлендіру болып табылады. Нақты жұмыс жүйесіне петри желісінің түрлендіруі үшін арнаулы зерттеулер жүргізіледі . Петри желісінің функционалуын қолдайтын бар орталар нақты бағдарламалық жүйенің фрагменттері аяқталған желіні қосуға ерік беріледі.

Сурет 1. Петри желісін модельдеуге және анализ жасауға қолдану

Үлестірілген ақпараттық жүйелердегі үдемелі композиция веб-сервисті статикалық талдау міндетін шешу үшін қойылған көп түсті петри желілерін белсенді пайдаланады. Үлгілер, композицияға көзқарас ерекшеліктеріне қарап әртүрлі мүмкін петри желілерінде құрылған, осы уақытта композиция веб-сервистің нұсқаларын нақты бағдарламалық іске асырудың талдау мақсаттары үшін жеңіл-желпі болған егжей-тегжейлерді әжептәуір үлкен санды болады. Модельдеу үшін CPN Tools жүйені пайдаланады [3].

Компьютер саласында сервистер парадигмасы бірнеше эволюция қатарынан өтті. Эволюцияның әрбір қадамы жаңа технологиялардың пайда болуымен және тиісті инфрақұрылымның жасалынуымен анықталды. Эволюцияның кез-келген қадамының мәні сервисті публикациялау тетігін жақсарту, сервистерді іздеу, сауалдарды орындау және жауаптарды жеткізуден тұрады. Веб сервистер – сервистер парадигмасында эволюцияның соңғы қадамы. Интернет және Веб технологиялар – осы дамудың катализаторлары. Веб-сервистер сервисті жеткізудің , іздеудің, сауалдарды орындаудың және жариялаудың жеңіл және ыңғайлы тәсілін ұсынады.

IT индустрияның грандтарының белсенді маркетинг көмегімен келген SOA идеясы, кем дегенде, сервистер нарығын жасауға мүмкіндік туғызады. Сервистер нарығы, оның ішінде айрықша веб-сервистер нарығы, интерфейс және бірдей функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыздандыратын бірнеше сервистардың бар болуын ойластырады. Мұндай веб-сервистер бір немесе бірнеше жабдықтаушылардан түсінікті бола алады (сервис-провайдерлер), және де бірдей функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыздандыра отырып, олар функционалды емес сипаттамалар бойынша ажыратыла алады. Веб-сервистер тұтынушысы оның функционалдық емес және функционалдық талаптарына сай веб-сервисті пайдалануы керек, оны қолдану үнемді және сенімді.

“Интерфейс және бірдей функционалдық мүмкіндіктер қалай тәуелсіз өндірушіні қамтамасыздандыра алады?”- деген сұрақ туындайды. Мәселенің шешімі экономиканың әртүрлі саласында «біртұтас ақпараттық кеңістік» жасаудан көрінеді.

Жалпы алғанда ақпараттық кеңістік көптеген әр түрлі класстардың ақпараттық объектілерінен және бұл ақпараттық объектілердің арасындағы көптеген байланыс түрлерінен тұруы мүмкін.

Әр ақпараттық объект оның өмір бойы объект ағымына алып баратын бір мағыналы идентификаторымен, кейбір оқиғаларды орындаудың өлшемі бойынша өз мәндерін өзгертетін қасиеттерімен, және объектілердің кейбір класына жатуымен суреттеледі. Қасиеттер мәні - бұл литералдар немесе объектілердің идентификаторларымен көрсетілетін басқа объектілерге сілтемелер. Демек, қасиеттер бірнеше мәндермен берілетін көп мәнді бола алады. Класс объектілерінің кейбір қасиеттері басқа объектілердің есептелінетін туындылары болып табылады. Егер қасиеттің мәнінде басқа объектіге сілтеме бар болса, онда бұл екі объектілердің байланысы туралы айтуға болады деген сөз. Байланыс әрқашан бағытталады және бұл байланыстың қасиеттері формалды байланыс шығатын объектінің қасиеті сияқты беріле алады. Ақпараттық объектінің идентификаторы класстың атымен және осы класс төңірегіндегі ерекше литералмен анықталады. Бұл класс біркелкі объектілердің жиыны ретінде деген мағынада беріледі. Басқа жағынан класс объектілердің сипаттамасын асырайды, демек сәйкес класстың объектілері туатын класстың «сұлбасын» анықтайды. Класс сұлбасы есептелетін мәндерді алу үшін қажетті қасиеттер жиынын және есептеу әдістерін береді.

Берілген амалды ақпараттық кеңістіктің ұсынысына іске асыру үшін, XML тілінің базасында ақпараттық кеңістік объектілерінің сипаттамасын пайдалануға болады. XML тілінің терминологиясында ақпараттық объект ретінде әдетте XML құжат ұғылады. XML құжаттарды ақпараттық құрылымда декларациялау үшін арналған XML-Schema стандарты, қазіргі деңгейде ақпараттық кеңістіктегі моделдеу (немесе формализация) проблемасының шешімін табуға мүмкіндік береді. Жасалған және келісілген XML-сұлбалар, түсінікті онлайн режимінде барлығымен әрекеттесетін субъектілер мен актуалды күйде үздіксіз қолданыста болатын, сол жеткілікті иілгіштікке

ие ақпараттық жүйелердің компоненттерін автоматтандырылған өзара іс-қимыл үшін шарт құрудағы стандартты орталарды құрайды.

XML-сұлба құруда, ең алдымен, ақпараттық кеңістіктің лексикасы стандартталады. Бұл нақты мазмұнды әрекеттесетін жүйелерді барлық қатысушыларымен шешілетін анықталған лексикалық бірліктермен бекітуге мүмкіндік береді. Нақтысында XML-құжаттар құрастырудың ортақ негіздері шеңберінде, өз тағдырын өзі шешетін бір мағыналы адаммен де, машинамен де интерпретацияланатын хабарлаулар жасуға ерік берілетін пәндік облыстың терминдер сөздігі анықталады.

Ақпараттық кеңістік тұрақты өзгеріп отырады және ақпараттық жүйелердің функционалдануына әсер ететін жаңа жұмыс салалары пайда болады, бір процестердің түсінігі тереңдетіледі, ал басқалары маңызды өзгерістерге ұшырайды. Бұнын барлығы нақты пәндік облыстың терминдер сөздігі үздіксіз жүргізілетінін көрсетеді, демек қолданылатын терминология өзгертіледі, құжаттар сұлбасы анықталады және т.б. Дегенмен XML ақпаратты тек жіктеуге мүмкіндік беретінін байқау керек, семантика XML-сұлба көзқарасының сыртында қалады. Ақпараттық кеңістіктің сипаттамасы үшін оған семантиканың элементтерін қосқан жақсы болар еді. Осы мақсатпен W3C консорциумы Resource Description Framework (RDF) ресурстарды сипаттау технологиясын өңдеді. Semantic Web-тің негізгі технологиясы ретінде (Tim Berners-Lee – Semantic Web Road) W3C RDF-ты орталықтандырылмаған әлемде білімнің табыс ету тәсілі ретінде декларациялайды. RDF-тың XML-ден және басқа технологиялардан басты айырмашылығы — бұл, RDF үлестірілген әлемде білімдердің табыс етуі үшін арналғандығы. RDF үшін мағына аса маңызды. RDF-пен жұмыс істейтіндердің барлығы белгілі мағынаға ие — қандай болса да нақты объектіге немесе әлдебір айғаққа, немесе абстракт ұғымға сілтемеленеді. RDF сипаттаманы пайдалана отырып, айғақ байланыстыратын логикалық қорытынды шығаруға болады, және RDF-те көрсетілген өздерінің айғақтарын барлық білімдердің үлкен деректер базасында табуға болатынын көрсету. Сонымен бірге, дәл XML үшін құрылғандай XML құжатты сөздікті және құрылымды анықтайтын, сипаттама мағынасы RDF құжатпен берілетін арнайы XML Schema құрылды, RDF Schéma қосымша технология көмегімен анықталады.

RDF үлестірілген білімдермен жұмыс үшін ыңғайлы, себебі қосымшалар әр түрлі адамдармен ғаламторда орналасқан RDF-файлдарды біріктіре жинай алады және жиналған құжаттардан, тіпті оның бөліктерінің бірінде болмаған жаңа заттарды тани алады. RDF-те бұл арқылы іске асырылған екі процесс ескеріледі, — біріншіден, ортақ тіл қолданатын құжаттар біріктіріледі, екіншіден, құжаттардың әрқайсысында кез-келген тілді пайдалануға рұқсат етіледі. RDF-тың басты ерекшеліктерінің бірі — бұл иілгіштік. Сонымен бірге, RDF қатынаста оптимизм барлығымен бөлінбейтіндігін айту керек және бұл технологияның таралуы, қазіргі уақытта, XML технологияның таралуына едәуір әсер береді. W3C кепілдемесінің мәртебесін RDF 1999 жылдың ақпанында алған болатын, дегенмен ол баяғыша кең таралуды таппады. Соған қарамастан, W3C бұл тілмен веб болашағын байланыстырады. W3C ойы бойынша, RDF өте қызықты технология ретінде көрінеді және Semantic Web жасауда маңызды қадам болып табылады [4].

Энергетика саласында біртұтас ақпараттық кеңістікті жасау тәжірибесі өте қызықты. Халықаралық стандарттарды әзірлеу жолымен жүзеге асырылған Common Information Model және Generic Interface Definition, веб-сервистерді табысты әзірлеу үшін негіз ретінде функционалдық мүмкіндіктер бойымен және интерфейске бірдей қарастырылуы мүмкін.

Стандарттарды әзірлеу Electric Power Research Institute (www.epri.com) институтымен Control Center Application Program Interface (CCAPI) зерттеуші жоба шеңберінде басталды. Осы кезде стандарттар Халықаралық электротехникалық комиссиясымен қабылданған.

CCAPI жобасының бастапқы мақсаты - энергетика басқару жүйесі шеңберінде тәуелсіз әр түрлі жабдықтаушылар жасаған қолданбалардың ықпалдасуын жеңілдету. Мерзімдерді төмендету және электр энергетикасының объектілерін сипаттамаға жалпы тәсілді пайдалану, ықпалдасу құны жолымен қол жетіледі және стандартты бағдарламалық интерфейстердің жасалуы үшін, қолданба және жүйе ақпарат айырбастала алады. Бұл зерттеуші жобаның маңызды элементтері - Common Information Model және Generic Interface Definition.

Common Information Model (CIM) - бұл электр энергетикасының кәсіпорындарының барлық негізгі объектілерінің ақпараттық моделі. Электр энергетикасының мәні объектілер класстары төлсипаттары сияқты өзін таныстырады және байланыстарады. Осы кездегі қабылданған стандарт IEC 61970 Part 301 Common Information Model (CIM) Base, бұнда электр энергетикасы объектілерінің негізгі класстары сипатталған.

Common Information Model энергетикалық компанияның ақпараттық моделін салуға рұқсат береді, сонымен қатар электр энергетикасының барлық объектілерін және оның арасындағы байланыстарды

сипаттайды. Алынған ақпараттық моделдің негізінде жаңа қосымшалар жасаған ыңғайлы, оларды ендіру және жүйелердің арасындағы ақпарат алмасу жеңіл.

Common Information Model класс объектілері бір кәсіпорынның қолданбаларын енгізу және дайындау шеңберінде ғана емес, одан тыс жұмсала алады. CIM-ді стандартты кәсіпорындардың арасындағы ақпарат алмасуды жөнге салу үшін, энергетикалық жүйенің жалпы үлгісін салу керек болған кезде қолданған қолайлы.

CIM – бұл қолданбалар мен жүйелер арасындағы деректерді үйлестіруге арналған құрал. Ақпараттармен алмасу үшін CIM-моделді XML-ге ұсыну стандарттары (IEC 61970 Part 501 CIM RDF Schéma) және XML арқылы үлгілерді айырбастаудың стандарттары (IEC 61970 Part 503 CIM XML Model Exchange Format) дайындалады. Қорыта келгенде, объектілер мен олардың барлық байланыстыңдарын және электр энергетикасының объектілер класстарын XML-ге жүктеуге болады. Қолданба, интеграциялық серверлерді өзара іс-әрекет үшін қолдану, хабарламаларды кепілді жеткізудің жүйесі, әр түрлі тасымалдау хаттамалары және т.б.-ды XML-құжаттармен айырбастай алады.

Егер Common Information Model - жүйелер байланыса алатын жалпы тіл болса, онда Generic Interface Definition (GID) стандарты интерфейстердің спецификациясын асырайды, оның көмегімен қолданбалар өзара әрекет ете және өз деректерін бере алатын жалпы тетікпен анықталады. GID стандарты интерфейстердің іске асыру технологиясының үстіне талаптар қоймайды. Бастысы – стандарт салынған функционалдықты қамтамасыздандыру. Сонымен қатар, құрылған интерфейстер кез-келген қосымшаның іске асыруы үшін негіз бола алады. Бұл стандарттау үшін барлық ұйымдар жүрген жол болып табылады. Құрылған стандарттар үшін GID және CIM стандарттарымен қабық-интерфейс үйлесімді мұра болған қолданбалардың ықпалдасуын жеңілдетеді. Қорыта келгенде, пайдалануда жеңіл және біртұтас жасайтын интеграциялық орта құрылады.

GID-интерфейс серверлік және клиент қосымшаның бір бөлігін байланыстыра алады. GID-интерфейс арқылы деректер сақталған қосымшада ол туралы ақпаратты алуға болады. Бизнес көз нүктесінен транзакциялардың және деректердің ұйғарымы мағынасы – бұл АТ-менеджерлері кезігетін ең күрделі және шешілуі қиын міндеттердің бірі болып табылады. Бір жағынан семантиканың қиындығы веб-сервистердің пайда болуына дейінде бар болды, бірақ SOA тұжырымдама алдыңғы жоспарға семантиканы шығарады. Семантиканың проблемасын шын шешуге қабілетті технологияның немесе бағдарламалық өнімнің жоқ екенін ұйғарған жөн [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *Ломазова И.А, Вложенные сети Петри: моделирование и анализ распределительных систем с обьектной структурой, Научный мир, 2004 г 208 с*

2 *Dan A , Franck A R, Keller A , King R, Ludwig H., Web Service Level Agreement (WSLA) Language Specification, 2002, URL: http //dwdemos alphaworks ibm com/wstk/ comon/ wstkdoc/ services/ utilties/ wslaauthorin g/WebServiceLevelAgreementLanguage.html, http //www.ws-i org.*

3 *Питерсон Дж , Теория сетей Петри и моделирование систем,М.:Мир,1984 г., 264с*

4 *Тауберер Д, Краткое введение в RDF, URL : http://xmlhack.ru/texts/06/rdf quickintro/rdf- quickintro html.*

5 *Федоров В.А, Стандарты обмена данными в электроэнергетике, Открытые системы, №9, 2005.*

УДК 002.6:37.016
ГРНТИ 20.01.45

М.И. Кожамбердиева [1], Б.Н. Досет[2]

[1] п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

[2] Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты, Алматы қ.,Қазақстан

ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ЖАСАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда оқу тәрбие үдерісінде қолданылып, оң нәтежиелер беріп отырған жаңа педагогикалық технологиялар бар, алайда олардың негізгі бағыттары көп салалы болып келеді. Кейбір технологияларда тек оқыту бағдарламасына мән берілсе, енді бір технологияларда жас ерекшелігіне қарай дамыта оқыту бағыты

басым болады. Жаңа оқыту технологияларын қолданудың тиімді бағыттары білім беру үдерісінің бағыттылығын бағалауды қамтамасыз ету, студенттердің белсенділігін арттыру болып табылады.

Бұл мақалада жоғары кәсіби білім беру жүйесінде ақпараттық оқыту технологиялардың озық үлгілерін қолдану арқылы білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесін жаңарту, оқыту әдістері мен тәсілдерінің түрлерін молайту, электрондық оқулықтарды жасаудың технологиялық мүмкіндіктері жайлы айтылған.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, компьютерлік технология, электрондық оқулық, мультемедия, интербелсенділік, педагогикалық технология.

Аннотация

М.И. Кожамбердиева [1], Б.Н. Досет [2]

[1] к.п.н., старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан

[2] Магистрант, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ СОЗДАНИЯ РАЗНОУРЕВНЕВЫЕ ЭЛЕКТРОННЫЕ УЧЕБНИКИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сегодня существуют новые педагогические технологии, которые используются в учебном процессе и дают положительные результаты, но их основные направления разнообразны. Хотя некоторые технологии сосредоточены только на учебной программе, в настоящее время некоторые технологии сосредоточены на разработке ориентированной на возраст среды обучения. Эффективными направлениями применения новых образовательных технологий являются уверенность в ориентации учебного процесса, повышении активности учащихся.

В этой статье упоминается модернизация научно-методической системы образования с использованием передовых моделей информационных технологий в системе высшего образования, воспроизводства типов и методов обучения и технологических возможностей создания электронных учебников.

Ключевые слова: информационные технологии, компьютерные технологии, электронный учебник, мультимедиа, интерактивность, педагогические технологии.

Abstract

TECHNOLOGICAL OPPORTUNITIES FOR CREATING A DIFFERENT ELECTRONIC TEXTBOOK IN THE SYSTEM OF HIGHER EDUCATION

Kozhamberdiyeva M.[1], Dosset B.N.[2]

[1]Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

[2] Student of Master's Programme, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Annotation

Today there are new pedagogical technologies that are used in the educational process and give positive results, but their main directions are diverse. While some technologies are focused only on the curriculum, at present some technologies are focused on developing an age-oriented learning environment. Effective directions of application of new educational technologies are confidence in the orientation of the educational process, increasing the activity of students.

This article mentions the modernization of the scientific and methodological education system using advanced models of information technology in higher education, the reproduction of types and methods of teaching, and the technological possibilities for creating electronic textbooks.

Key words: information technologies, computer technologies, electronic textbook, multimedia, interactivity, pedagogical technologies.

Қазіргі қолданыстағы жаңа технологиялар педагогикалық тәжірбиеде оқыту мен тәрбиенің нақты көздеген мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас жүйе қарайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі ретінде мынадай әдістемелік талаптарға сай келуі керек деп ойлаймыз:

- жаңа технология белгілі бір тәлім-тәрбиелік мәні бар ғылыми тұжырымдамаға негізделіп, білім беру мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретіндей ғылыми тұрғыда жасалуы керек;
- технологиялық үдеріс оның функционалды бөліктерін өзара логикалық байланыстарын көрсететін шартты бейнесі, технологиялық сызбасы болуы керек;
- технологиялық жүйелік сипаттары логикасы бөліктерінің өзара тұтастығы мен байланысы айқындалуы керек;
- технологияда оқу үдерісінің мақсатын анықтап, жоспарлау жобалау мүмкіндіктері ескерілуі керек және нәтежиелерді түзетуге қажетті әдістері мен жолдарын түрлендіру бағыттары болғаны жөн;
- қазіргі білім беру кеңістігіндегі жаңа технологиялардың көп нұсқалы болуына байланысты, жаңа технологиялар бәсекелестік жағдайына бейім болу қажет. Ол үшін білім берудің мемлекеттік стандартына сай оқу кепілдігін беріп қарқынды нәтежие, аз шығынды түрде қолданылатындай болуы керек;

- педагогикалық технологиялар түрлендіріп дамытып, шығармашы-лықпен қолдануға мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуы керектігін байқадық.

Егеменді еліміздің болашағы-бүгінгі жоғарғы оқу орындарының студенттері, келекшектегі білікті мамандар. Олар қазіргі заман талабына сай жан-жақты, білімді өз бетімен ойлап-талпынатын, өзінің көзқарасы бар етіп тәрбиелеу, сабақ формалары мен оның құрылысын жетілдіру оқытудың жаңа әртүрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану бүгінгі күннің талабына сай болып отыр.

Электрондық оқулық - ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Информатика бойынша білім беру үдерісінде электрондық оқыту құралдарын пайдаланудың қажеттігі сапаны бағалау критерийлерін жасау қажеттігін тудыра отырып, жасалған құралдар сапасына назар салуға итермелейді.

Құралдардың сапасын бағалайтын белгілер:

- мазмұны;
- құрылымы мен навигациялық қызметі;
- визуалды рәсімделуі;
- функциялылығы;
- интербелсенділігі;
- жалпы әсері.

Әрбір белгінің мазмұнын ашайық:

Мазмұны. Мазмұны дегеніміз - құралда келтірілген барлық ақпарат. Ақпараттың толықтығы оқушының назарын аударуы керек. Ақпараттық толықтықтың формасы аудиоторияға сәйкес болуы қажет - материалдары түсінікті, қысқа әрі нұсқа болуы шарт.

Құрылымы мен навигациялық қызмет. Құрылымы мен навигациялық қызметі құрал ақпаратын ұйымдастыру және олардың бөліктер арасында ауысу мүмкіндігін сипаттайды. Дұрыс құрастырылған құрылым мен навигация оқушыға ұсынылған ақпараттың ойша моделін қалыптастыруға, қажетті мәліметтер қайда тұрғанын немесе тағы не күту керектігін анықтауға мүмкіндік береді. Сауатты дайындалған навигация қажетті жерге жылдам жетуге және құрал мазмұнын тереңінен де және кеңінен де оңай қамтуға мүмкіндік береді.

Дизайн. Дизайн - құралдың сыртқы келбетінің сипаттамасы. Графикалық рәсімдеу оқушыға жағымды әсер етуі тиіс, дизайн психологиялық-педагогикалық тұрғыдан және жас ерекшеліктеріне байланысты жасалуы тиіс. Визуалды рәсімдеуді бағалау белгісіне - электрондық оқыту құралдары бағытталған аудиторияның мақсатына сәйкестігі, орынды әрі жоғары сапалы болу жатады.

Интербелсенділік. Интербелсенділік - құралдың оқушының қолына тию мүмкіндігін сипаттайды. Бірақ, интербелсенді гиперсілтемелер мәзірмен көрсетілмейді, құрал - оқушыға диалог мүмкіндігін тудыруы қажет. Интербелсенділік - ақпаратты екі жақты айырбастау болып табылады. Интербелсенді элементтердің арқасында оқушы оқу үдерісінде пайдаланылатын дәстүрлі баспа бысылымдардан электрондық оқыту құралдарының ерекшелігін әрқашан сезініп отыруы тиіс.

Функциялылық. Функциялылық - бұл белгі электронды оқыту құралдарының технологиялық жағын сипаттайды. Электрондық оқыту құралдары платформа мен браузер түріне тәуелсіз болмауы қажет. Қажет болған жағдайда құрал өз бетінше ұқсас беттерге аусыа алуы мүмкін. Электрондық оқыту құралдарына қойылатын талаптарға негізделмеген АҚТ-ны пайдаланудың қажеттігі жоқ.

Жалпы әсер. Электрондық оқыту құралдары - оны құрастырушы бөліктеріне қарағанда одан да үлкен дүние. Ақпараттық толықтық, құрылымдық және навигациялық мүмкіндіктеріне, визуальды рәсімделуіне, функционалдылығы мен интербелсенділігінен басқа тұтынушы пайдалануға немесе сол құралды пайдалануды талап ететін қол жетпес нәзіктігіне назар салдырары сөзсіз.

Информатика сабақтарында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы дәстүрлі оқыту жүйесі бойынша тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру ғасырында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Мұғалімнің алдына қойған мақсаты - білім сапасын арттыру, студенттерге жан-жақты білім беру. Әрбір мұғалім өз пәнін жақсы меңгерумен қатар, сабақтарында жаңа ақпараттық технологияны

қолдана алуы тиіс. Ол оқу сапасын, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. ЭО арқылы білім беріп, оны оқу үдерісіне енгізу, оқу жүйесін жаңа бір сатыға көтеруге ықпалын тигізеді.

Соңғы уақытта оқу орындарында білім беру үрдісіне ақпаратты технологияларды енгізуге, оқу бағдарламарын және электронды кітапханаларды құруға, желілік құрылымның дамуына, сонымен қатар дистанциялық білім беруге көп көңіл бөлінуде. Аталмыш бағыттардың белең алып, етек жаюына бірден бір ықпалын тигізуші - электронды оқу құралдары болып табылады.

Электрондық оқулықтарды білім беру үрдісіне енгізілуімен бірге, «Электрондық оқулықты пайдаланудың қажеттігі бар ма, неліктен кәдімгі баспадан шығарылатын дәстүрлі оқулықтар қолдана бермеске?» деген қайшылықтың да қатар жүріп келе жатқаны анық. Электрондық оқулықтың дәстүрлі оқулықтан айырмашылығын мынадай *технологиялық ерекшеліктерден* көруге болады:

- электрондық оқулықты жасауда мультимедиялық технологияларды: анимация, дыбыстық қолдау, гиперсілтеме, бейнесюжет және т.б. тәсілдерді қолдану арқылы баспа оқулығына қарағанда көрнекіліктің басым болуын қамтамасыз етеді;
- электрондық оқулық тест сұрақтарының бірнеше нұсқадан тұруын, жоғары деңгейлігін және әртүрлілігін қамтиды;
- электрондық оқулық құрылымы бойынша ашық жүйе болып табылады, яғни оқу материалдарын үнемі толықтырып отыруға, өзгертуге және түзету енгізуге болады;
- электрондық оқулыққа қол жеткізу мүмкіндігінің жоғарылығы, яғни сұраныс кезінде оның тиражын көбейту, телекоммуникациялық құралдар арқылы алу аз шығынды талап етеді.

Электрондық оқулықтың *дидактикалық мүмкіндіктері* де ерекше:

- тез арада қайта байланыс орнату;
- қажетті ақпаратты тез табу;
- мәтіні қысқа әрі нұсқалы болса да, оны шапшаң көрсетіп, айқындау;
- схемалар мен модельдеуді бейнелеудің мүмкіндігі;
- анимациялармен безендіру т.б.;
- кез-келген ақпаратты тез табуға мүмкіндік туғызылады;
- қажетті мәтінді шапшаң табуға жағдай жасалады. Мысалы, сызық-тық түріндегң диаграммаларды, мәліметтер кестесінің түрлі модельдерін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, электрондық оқулыққа белгілі бір талаптар қойылатыны белгілі:

- курс бойынша ақпарат құрылымы оқу стандартына сай болу керек;
- мәтіндік ақпараттың бейне-лекциямен үндесуі керек;
- мультимедиялық оқулыққа көптерезелі интерфейс қолданылып, әр терезеде ақпараттар бір-біріне сілтемелермен байланыста болуы қажет;
- жай көрініс қиынға түсетін бейнематериалдар мен анимация арқылы толықтырылуы тиіс.

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлерді ескере отырып, электрондық оқулықтар дайындау үшін мультимедианың барлық мүмкіндігін, атап айтқанда: слайд-шоу, мульти-анимация, дыбыстық бейне фильмдер және т.б. пайдалану қажет.

Электрондық оқулықтар - оқыту үрдісінде автоматтандырылған оқыту формасы болып табылады. Электрондық оқулықтар - мультимедиалық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық студенттің уақытын үнемдейді. Оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және студенттің ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Электрондық оқулық арқылы оқытудың мынадай *әдістемелік ерекшеліктері* байқалады:

- қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді;
- тез арада кері байланыс орнатады;
- гипермәтіндік түсіндіруден жан-жақты ақпараттық материалдар алады;
- әрбір жеке тұлғаның білімін, білік-іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді;
-теориялық материалды өз бетімен оқып-үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материал ретінде жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді;
- әрбір тақырыпқа қажетті формулалар мен сызбаларды және қажетті материалдарды пайдалануға мүмкіндік мол;
- әртүрлі мақсаттарда керегінше пайдалануға мүмкіндік береді.

Электронды оқулық - ақпаратты бейнелеудің әртүрлі формалары арқылы дидактикалық, әдістемелік және интерактивті программалық жабдыққа жатады.

Мультемедианың негізгі ерекшелігі - жаңа оқулық материалын тек қана көрумен ғана емес, сонымен бірге мәтінге, түске, статикалық бейне немесе көрініске, бейнефильмге және анимацияға, дыбысқа мән бере отырып, материалдың жан жақтылығы оқулықтың сапасын жоғарылатады.

Электрондық оқулықтың (ЭО) жаратылыстану пәндерін оқытуда маңызы ерекше. ЭО-пен қатар электрондық білім беру ресурстарын қолданудың маңызы зор. Олар иллюстрациялы- түсініктемелік әдіспен үлкен мүмкіндіктерді пайдаланып оқытуға қолайлы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Сахатова А. Ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану. // Математика және физика. - Алматы, 2005, №1. 6-7 б.

2 Байзақ Ү.А., Бақтыбаева А.Н. Электрондық оқулықтарды дайындау технологиясы // Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумы. -Алматы, 2006. 52-54 б.

3 Сарыбаева Ә.Х. Электронды оқулықты жасау әдістемесі. «Ізденіс» №2 (1) 2007. 246-247 б.

4 Абуева А. Электрондық оқулық пайдалану. //Информатика негіздері. -Алматы, 2006. №4. 6-7 б.

5 Сарыбаева Ә.Х. Оқу үдерісінде электрондық оқулықтар арқылы оқытудың мәселелері мен ерекшеліктері. «Ұлт тағылымы» №1(2) 2007. 86-88 б.

6 Керимов Л.К., Сарыбаева Ә.Х. Орта мектептерде электрондық оқулықтарды пайдаланып оқыту тиімділігі // С.Сауытбековтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Сейтен тағылымы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. -Көкшетау. 2007. 166-168 б.

УДК 519.25 : 372.85
ГРНТИ 14.25.09

М.Д. Кошанова[1], Ж.Н. Турганбаева[2]

[1]к.тех.н., и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан,
[2]PhD докторант Международного казахско-турецкого университета им. Х. А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ЭЛЕМЕНТОВ СТАТИСТИКИ В ШКОЛЬНОЙ МАТЕМАТИКЕ

Аннотация

Одним из условий эффективной и результативной деятельности в современном обществе в самых разных сферах, несомненно, является применение современных информационных технологий. Компьютер – не только средство обучения, обеспечивающее наглядность изучаемых моделей, как статистических, так и динамических, но педагогическое средство, позволяющее организовать учебно - воспитательную и исследовательскую деятельность в средней школе. В данной статье рассмотрены цели и методы информатизация сферы образования, положительные факторы использования современных информационно-коммуникационных технологий. Приведен сравнительный анализ содержания, особенностей и возможностей использования компьютерных математических систем. Кроме того, рассматриваются вопросы использования КМС Maple для решения задач элементов статистики. С помощью Maple вычисляем средний рост, моду ряда, медиану ряда, таблицу частоты и нарисуем график частоты.

Ключевые слова: математика, элементы статистики, учебный процесс, информационно-коммуникационные технологии, компьютерные математические системы.

Аңдатпа

М.Д. Кошанова[1], Ж.Н. Турганбаева[2]

[1]техн.ғ.к., доцент м.а.,Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.
[2]Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетінің PhD докторанты, Түркістан қ., Қазақстан

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДА СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі заманғы қоғамның түрлі салалардағы тиімді және өнімді қызмет етуінің бірі қазіргі ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Компьютер - тек қана үлгілердің статистикалық және

динамикалық көрінісін үйрену құралы ғана емес, сонымен қатар зерттелетін, орта мектепте оқу және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық құрал. Мақалада білім беру технологияларын ақпараттандырудың мақсаттары мен әдістері, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың оң факторлары қарастырылады. Компьютерлік математикалық жүйелердің мазмұнын, ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін салыстырып талдау жасалған. Сонымен қатар, Maple компьютерлік жүйесінің негізінде статистика элементтерінің есебінің шешімін табу қарастырылады.

Түйін сөздер: математика, оқу процесі, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, статистика элементтері, компьютерлік математикалық жүйе.

Abstract

THE USE OF INFO - COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING ELEMENTS OF STATISTICS IN SCHOOL MATHEMATICS

Koshanova M.D.[1], Turganbayeva Zh.N.[2]

[1]Cand. Sci (Engineering), Associate Profeccor , Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan,

[1] PhD student of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

One of the conditions for effective and efficient activity in modern society in various fields is undoubtedly the use of modern information technologies. The computer is not only a means of learning that provides visibility of the studied models, both statistical and dynamic, also a pedagogical tool that allows organizing educational and research activities in the secondary school. The purpose of this study is to consider the goals and methods informatizing the education environment, the positive factors of using modern information and communication technologies. There are comparative analysis of the using computer mathematical systems: their contents, features and possibilities. In addition, we show the problem solution of the elements of statistics by KMS Maple.

Key words: mathematics, educational process, info - communication technologies, elements of statistics, computer mathematic systems.

Знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования. Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией. В современном мире простой поголовной грамотности уже явно недостаточно. Наши граждане должны быть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовом оборудовании и самом современном производстве. Необходимо также уделять большое внимание функциональной грамотности наших детей, в целом всего подрастающего поколения. Это важно, чтобы наши дети были адаптированы к современной жизни. [1]

В большинстве передовых стран мира, таких, как, например, Канада, Корея, Малайзия, Сингапур, США, разработаны и реализуются стратегии или комплексные программы информационного развития как общества в целом, так и отдельных сфер деятельности.

Не составляют исключения и государства, образовавшиеся на постсоветском пространстве. Например, долгосрочной стратегической целью государственной информационной политики Российской Федерации и государственной политики Республики Беларусь в области информатизации является переход к новому этапу развития - построению информационного общества и вхождению в мировое информационное сообщество.

Анализ вышеперечисленных стратегий и программ показывает, что ведущая роль в формировании национальной стратегии информационного развития, консолидации всех слоев общества для достижения поставленных целей информационного и инновационного развития, координации бизнеса, всех общественных институтов и граждан по реализации национальной стратегии отводится государству. Поэтому для создания всех необходимых условий, которые будут способствовать переходу к информационному обществу, и во исполнение поручения Главы государства «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» от 10 июля 2012 года, была разработана Государственная программа «Информационный Казахстан - 2020». Предполагается, что завершающим этапом реализации перехода Казахстана к информационному обществу станет Государственная программа «Информационный Казахстан - 2030» [2].

В связи с этим актуальным становится вопрос о повышении эффективности математической подготовки учащегося на основе использования современных информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). ИКТ становятся главнейшим средством доступа к различным источникам информации и мотивируют к самостоятельному поиску, анализу и использованию полученной информации. Главная особенность ИКТ состоит в том, что они предоставляют инновационные возможности для самостоятельной и совместной творческой деятельности преподавателей и обучаемых. Практическое применение информационных технологий способно усовершенствовать или

даже частично заменить в учебном процессе такие общепринятые методы обучения, как методы устного изложения учебного материала (лекция, рассказ, объяснение и др.), методы закрепления полученных знаний (семинарские и лабораторные занятия), методы самостоятельной работы, методы наглядного и практического обучения.

Анализ современного состояния вопроса по разработке методики применения ИКТ в обучении показал, что их внедрение способствует повышению эффективности учебного процесса, поэтому необходимо подробно разработать методику использования ИКТ и в преподавании математической статистики.

В результате анализа педагогической практики можно констатировать, что от преподавателя требуется такая организация учебного процесса, в ходе которой будут учитываться способности каждого учащегося, влияющие на результаты его учебной деятельности. Наш опыт преподавания позволяет сделать вывод о необходимости модернизации педагогического процесса за счет применения ИКТ, поскольку именно они позволяют наиболее эффективно реализовать возможности, заложенные в педагогических инновациях. [3]

В процессе анализа публикаций и диссертационных исследований последних лет мы выделили четыре принципиально различных направления применения ИКТ в обучении различным предметам, в том числе математике, в школе и вузе:

1) использование различных программных продуктов (Mathematica, Maple, MatLab, MathCAD, MS Excel, CorelDRAW) для выполнения вычислений, чертежей и т.д;.

2) частичное применение на уроке одного или нескольких готовых программных средств учебного назначения;

3) создание фрагментов уроков или циклов уроков с помощью стандартных программных продуктов, особенно MS Power Point;

4) использование авторских электронных учебников и учебных пособий для преподавания (в том числе и дистанционного) курса в целом или какого-либо его значительного раздела

Статистические расчеты без помощи компьютера являются не столь сложными, сколь громоздкими, они требуют применения многочисленных таблиц функций и квантилей стандартных распределений. Поэтому мала возможность почувствовать элемент новизны в изучаемом материале, изменять произвольно условия задач и т. д. Преодолеть излишнюю громоздкость вычислений можно с помощью систем компьютерной математики, которые выполняют символьные и графические вычисления без программирования .

Выделим компьютерную математическую систему (КМС) Maple фирмы Waterloo Maple Inc. Система Maple дает возможность преподавателю и учащимся не только быстро выполнять сложные численные расчеты, но и стандартизировать основные (опорные) задачи математической статистики. Освобожденное при этом учебное время позволяет более глубоко изучить сущности решаемых задач и научиться делать выводы по полученным результатам. Кроме этого, использование такого программного продукта при изучении курса математической статистики в вузе помогло бы студентам не только наглядно убедиться, что изучаемые ими сведения можно положить в основу различных математических моделей, но и научиться пользоваться такими средствами.

Maple сочетает возможности систем компьютерной алгебры — производить вычисления (символьные, численные, графические) без программирования — с проблемно-ориентированным языком программирования сверхвысокого уровня. Работа с системой происходит в диалоговом режиме: пользователь задаёт системе задание, а она сразу же его выполняет. Maple также обладает развитым встроенным языком программирования, легким для пользователя. Таким образом, с помощью системы Maple можно решать многие задачи математической статистики на качественно новом уровне.[3]

Почему мы отдаем предпочтение КМС перед специализированными системами, такими как Stadia, Statistica? Эти специализированные системы предназначены для статистического анализа и визуализации данных, для управления базами данных и разработки пользовательских приложений, они содержат широкий набор процедур анализа для применения в научных исследованиях, в технике, в бизнесе, а также специальные методы получения данных. Но при исследовании различных причинно-следственных задач важными критериями являются наглядность, интерактивность и визуализация этапов решения задач (включая символьные вычисления и анимацию). Именно КМС способна предоставить необходимые для этого средства. При изучении корреляционного анализа учащиеся проводят расчёты вручную, анализируют полученные результаты и одна задача решается на протяжении всего занятия. В результате большинство студентов сами предлагают привлечь в помощь систему Maple и выполнить на ней все этапы анализа. В этом случае за одно занятие они успевают

решить около пяти задач и проанализировать результаты. При использовании же специализированных систем, например Statistica, студенты получают только итоговый результат корреляционного анализа, и теряется визуализация этапов решения задачи. Таким образом, при изучении и закреплении нового материала преимуществом обладает КМС Maple. [6]

Пример. Рост учащихся 11 класса. 157, 165, 165, 168, 165, 161, 165, 160, 162, 169, 171, 170, 170, 175, 173, 170, 177, 182, 186, 182, 160, 173, 165, 162, 174, 177. Вычислим средний рост, моду ряда, медиану ряда, таблицу частоты и нарисуем график частоты [5]

Рассмотрим применение КМС Maple для данного примера.

```
> restart;
> with(Statistics):
>A:=<157,165,165,168,165,161,165,160,162,169,171,    170,170,175,173,170,177,182,186,182,160,173,
165,162,174,177>:
> Mode(A);
 165.
>  Mean(A);
 169.384615384615
> Median(A);
 169.500000000000
> FrequencyPlot(A);
```



> **FrequencyTable(A);**

157. .. 159.900000000000	1.	3.846153846	1.	3.846153846
159.900000000000.. 162.800000000000	5.	19.23076923	6.	23.07692308
162.800000000000.. 165.700000000000	5.	19.23076923	11.	42.30769231
165.700000000000.. 168.600000000000	1.	3.846153846	12.	46.15384615
168.600000000000.. 171.500000000000	5.	19.23076923	17.	65.38461538
171.500000000000.. 174.400000000000	3.	11.53846154	20.	76.92307692
174.400000000000.. 177.300000000000	3.	11.53846154	23.	88.46153846
177.300000000000.. 180.200000000000	0.	0.	23.	88.46153846
180.200000000000.. 183.100000000000	2.	7.692307692	25.	96.15384615
183.100000000000.. 186.	1.	3.846153846	26.	100.0000000

Как показывает опыт, применение ИКТ, в частности — КМС Maple, резко повышает самостоятельность студентов и позволяет выдвинуть на первый план не получение конкретного ответа в поставленной задаче, а нахождение общего алгоритма решения и использование его в других задачах.

Использование ИКТ при совершенствовании технологий обучения элементов статистики с применением компьютерных математических систем позволило:

1) совершенствовать урок, создавая для него компьютерное сопровождение;

2) усилить практическую составляющую в содержании учебной программы, направленную на формирование устойчивых умений и навыков;

3) увеличить число задач для самостоятельного решения за счет сокращения числа рутинных вычислений, устраняя при этом психологический барьер в изучении элементов статистики;

4) значительно упростить процесс решения упражнений, быстрее и качественнее находить ответ;

5) укрепить межпредметные связи математики, статистики, информатики.

Список использованной литературы:

1 Назарбаев Н.Ә. Стратегия «Казахстан-2050»- - http://www.akorda.kz/ru/official_documents /strategies_and_programs -интернет источники

2 Государственная программа «Информационный Казахстан - 2020»- http://adilet.zan.kz/rus/docs/ U1300000464 интернет источники

3 Федорова Г.А. Подготовка будущих учителей к организации исследовательской деятельности учащихся в условиях информатизации образования// Вестник Челябинского государственного педагогического университета, 2014. С 212-219.- статьи из журнала

4 Бурханова Ю. Н. Использование информационно-коммуникационных технологий в преподавании курса математической статистики// Известия российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена, 2013, С 259-264.- статьи из журнала

5 Шыныбеков А.Н., Шыныбеков Д.А.// Учебник для 7 кл. общеобразоват. шк.//– Алматы: Атамұра, 2017. – 200 с.- книга

6 Дьяконов В.П. Maple 9.5/10 в математике, физике и образовании.- книга

УДК 002.6:37.016
ГРНТИ 20.01.45

Ж.Қ. Құлмағамбетова[1]

[1]т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірдік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ҚҰРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Аңдатпа

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды пайдаланып қана қоймай оны жасай білу. Сондықтан бұл мақалада мультимедиалық электрондық оқу құралдарын құруға арналған Autoplay Media Studio бағдарламалау ортасы туралы баяндалады. AutoPlay Media Studio бағдарламасында автожүктеу мәзірлері, мультимедиалық бизнес карталары, брошюралар, аудио ойнатқыштар, слайд-шоулар, жарнамалар, web беттері, электронды оқулықтар, резюме, фото альбомдар, интерактивті презентациялар және т.б жасауға болады. Сонымен бірге аудио және бейне дәрістер жасауға болады.

Қазіргі заман талабына сай болашақ мұғалімдерді даярлауда электрондық оқулықтар тиімді болып отыр. Мектеп мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологиялармен қаруландыру – бүгінгі күннің талабына айналғаны сөзсіз. Сондықтан қазіргі таңда электронды оқулықтардың көп пайдаланылуын міндеттейді.

Түйін сөздер: Autoplay Media Studio, автожүктеу мәзірлері, мультимедиалық бизнес карталары, слайд-шоулар, фото альбомдар, интерактивті презентациялар.

Аннотация

Ж.К. Кулмагамбетова[1]

[1] к.тех.н., Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

ПРОГРАММЫ ДЛЯ РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНИКОВ

Одним из основных условий информатизации системы образования является не только использованием электронных учебников в учебном процессе, но и возможность их создания. Поэтому в данной статье рассматривается программная среда Autoplay Media Studio для разработки мультимедийных электронных пособий. С помощью этой программы можно создать меню запуска, мультимедийные визитные карточки, слайд-шоу, аудиоплееры, веб-страницы, рекламные объявления, резюме, фотоальбомы, интерактивные презентации и т.д. А также с помощью этой программы можно создавать аудио и видео лекции.

При подготовке будущих учителей в нынешнее время электронные учебники стали эффективными. Вооружение будущих учителей новыми информационными технологиями безусловно превратилось в

требования сегодняшнего дня. Поэтому в настоящее время использование электронных учебников стало актуальным.

Ключевые слова: Autoplay Media Studio, меню автозапуска, мультимедийные бизнес карты, слайд-шоу, фото альбомы, интерактивные презентации.

Abstract

Kulmagambetova Zh.K.[1]

[1] *Cand.Sci. (Engineering), Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan*

PROGRAMS FOR THE DEVELOPMENT OF ELECTRONIC TEXTBOOKS

The article assesses the quality of education in Kazakhstan for independent external control in the form of unified national testing and external evaluation of students 'progress, as well as to determine the level of students' mastering of basic postgraduate education programs and the quality of educational activity.The standard model for designing and developing test test problems in assessing the academic achievements of students in the field of informatics was carried out through the training purposes of Bloom on the basis of individual, systematic and subject assessment of students in a compulsory standard. A careful analysis of the test tasks, which will allow to assess the quality of each level of academic achievement, is based on an effective assessment of the educational level and student achievement through the effective structure of the teacher offered during training. The subject of personal and systematic aspects of students' knowledge control in computer science is taken into account

Key words: IT, information and communication, specification, bloom taxonomy, cognitive, psychomotor, emotional value, affective

IT (ақпараттық-технологиялық) құзыреттілігі бүгінгі күні кез келген саланың маманына қажет. Алайда, кеңінен танылған IT-дағдыларының маңыздылығына қарамастан, олардың дамуына мектептік білім қалай ықпал ететіндігі туралы түсінік жоқ.

Оқушылардың АКТ-құзыреттері XXI ғасырда тұлғаның табысқа қол жеткізу үшін ЭЫДҰ-мен базалық дағды ретінде тағайындалған. Сандық технологияларды енгізу адамнан тек түрлі бағдарламалық қосымшалармен жұмыс істеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар ақпаратты пайдаланудың белгілі бір мәдениет деңгейін талап етеді.

Оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі мен сауаттылығын бағалау информатика пәніне тікелей қатысты. Олай болса, информатика пәнінен оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі мен сапасын бағалауға арналған тест тапсырмалары ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі мен сауаттылығын бағалаудың тестілерімен сәйкес және үнемі байланыста болуы қажет. Информатикадан оқушылардың оқу жетістіктері олардың ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі мен сауаттылығының деңгейінен көрініс табады.

Осы мәселеге байланысты 2017 жылы ҚР БжҒМ-де Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша информатика пәнінен тест тапсырмаларының спецификациясы бекітілді.

Тест тапсырмаларының мазмұны: информатикадан тест тапсырмалары екі бөлімнен тұрады: информтиканың негізгі түсінігі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз тәжірибесінде пайдалану. Тест тапсырмаларының қиындығы 3-деңгейде беріледі: бірінші деңгейде 10, екінші деңгейде 6, үшінші деңгейде 4 тапсырма, ал тәжірибелік бағытта 7 тапсырма беріледі (1-кесте).

Кесте 1. Информатиканың бөлімдері

№	Бөлім	Тақырып	Тақырыпша
1	Ақпарат және ақпараттық процесстер	Ақпарат және информатика	Ақпарат түсінігі. Ақпараттың түрлері, қасиет-тері. Информатика пәні нені оқытады. Ақпараттық процес түсінігі. Ақпаратты өңдеу тәсілдері. Ақпараттың көлемі. Ақпараттың өлшем бірліктері.
		Ақпаратты қорғау.	Вирус және антивирус түсінігі. Ақпаратты қорғау тәсілдері.
		Ақпаратты сығу	Ақпаратты сығу түсінігі. Архиватор бағдарламалар.
		Ақпаратты кодтау	Кодтау түсінігі. Ақпаратты кодтау тәсілдері.
		Санау жүйесі	Санау жүйесі түсінігі. Бір санау жүйесінен клесі санау жүйесіне ауыстыру.
		Логика негіздері	Логика және логикалық операциялар
2	Компьютер -ақпаратты өңдеу құралы	Компьютердің құрылғылары	Компьютердің негізгі құрылғылары Компьютеді аппараттық қамтамасыздандыру. Компьютердің периферийлік құрылғылары.
		Бағдарламалық қамтамасыздандыру	Бағдарламалық қамтамасыздандырудың классификациясы мен мінездемелері. Заманауи бағдарламалық қамтамасыздандыру. Операциялық жүйе түсінігі. Windows басқарудың негізгі тәсілдері мен объектілері Объектілермен жұмыс. Ақпаратты жазу және оқу. Ақпаратты тасымалдауыштар.
3	Алгоритмдеу және бағдарламалау	Алгоритмдеу	Алгоритм түсінігі. Алгоритмнің түрлері.
			Бағдарламалау тілдерінің негізі Сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау. Тармақталған алгоритмдерді бағдарламалау. Циклдік алгоритмдерді бағдарламалау. Графиканы бағдарламалау. Символдық және жолдық мәндерді өңдеу. Жиымдар.
4	Ақпараттық модельдеу	Компьютерлік модельдеу	Модель түсінігі. Модельдердің түрлері және қасиеттері. Модельдердің негізгі кезеңдерін әзірлеу және зерттеу. Компьютерлік модельдеу
5	Телекоммуникация	Компьютердің желілері	Компьютерлік желі түсінігі Компьютерлік желі түрлері.
Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тәжірибеде пайдалану			
6		Мәтіндік редактор. Электрондық пошта	Мәтіндік редактор. Электрондық пошта

	Ақпараттық-коммуникациялық технология	Кестелік процессор. Презентация. Электрондық пошта. Web-браузер	Кестелік процессор. Презентация. Электрондық пошта. Web-браузер.
		Алгоритм. Электрондық пошта. Web-браузер	Web-браузер. Алгоритм. Электрондық пошта.
		Мәтіндік редактор. Кестелік процессор. Web-браузер	Мәтіндік редактор. Кестелік процессор. Web-браузер

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, информатикадан тест тапсырмаларын жасау әдістерін қарастырайық.

1-мысал. Ақиқат немесе жалған болатын хабарлы сөйлем

A) терістеу
B) әңгіме
C) пікір
D) хикая
E) баяндау
{Дұрыс жауабы}=C

Ашық тест тапсырмалары

2-мысал. Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі _____.

{Дұрыс жауабы}=бит

Оқушылардың дайындық деңгейінің жүйелік-әрекеттік нәтижесін бағалайтын сәйкестендіру, дұрыс тізбек құру, қиындық деңгейіне қарай бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар жабық тест тапсырмалары.

Сәйкестендіру тесті

Сәйкесін табуға арналған тест тапсырмалары ассоциативі білімді тексеруге бағытталған. Бұл тапсырма фактілердің сәйкестігін, заттар мен оның қасиетін, субъект пен оның әрекетінің сәйкестігін анықтауға, дәл табуға арналған.

3-мысал. Ақпараттың өлшем бірлігі мен анықтамасын сәйкестіндіріңіз

$$$1 бит
$$$2 байт
$$$3 Килобайт
$$$4 Мегабайт
A) 1024 Кб
B) 1024 Мб
C) ақпараттың ең кішкене өлшем бірлігі
D) 8 битке
E) 1024 Гб
F) 1024 байт
{Сол}=АҚПАРАТТЫҢ ӨЛШЕМ БІРЛІГІ
{Оң}=АНЫҚТАМАЛАРЫ
{ Дұрыс жауабы }=1C, 2D, 3F,4A

Дұрыс тізбек құру

4-мысал. Ақпаратты қабылдау арналарын кему реті бойынша орналастырыңыз

A) есту
B) сипап сезу
C) көру
D) иіс сезу
E) дәм сезу
{Дұрыс жауабы}=C, A, D, E, B

Артығын табу

5-мысал. Ақпараттың анықтамаларына байланысты артық теорияны алып тастаңыз

A) ақпаратты сандық ақпараттық тұрғыдан қарастырып, оқиғаның анықталмағандығының (энтропия) өлшемі ретінде пайымдайды

B) ақпаратты материяның қасиеті ретінде, яғни кибернетиканың пайда болуы, кез-келген хабарлама ақпарат болады деп пайымдайды

C) ақпарат – бұл білімнің әрекеттегі, пайдалы, "жұмыс істеуші" бөлігі. Бұл теориялар бір-бірін толықтырады

D) ғылыми-техникалық дамуға белсенді ықпал етіп, компьютерлік техника негізінде жаңа ақпараттық технологиялар енгізу, элктрондық есептеуіш машинаны қолдану

{Дұрыс жауабы}=D

Жабық тест тапсырмалары

6-мысал. Microsoft Access – тегі санауыш (счетчик) - бұл өріс мазмұны:

A) кестедегі баған саны

B) кілттік өріс

C) қиылысқан сілтеме

D) өріс тақырыптар

E) кестедегі жазулардың номері

{ Дұрыс жауабы }=E

1956 жылы американдық психологтар мен педагогтар тобымен бірге Б. Блумның жетекшілігімен оқу мақсаттарының таксономиясының бірінші тұжырымдамасы жасалды [1]. Ол оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің түрлі аймақтарын қамтыды: когнитивті, психомоторлық, эмоционалдық-құнды аффективтік. Б. Блумның таксономиясын көмегімен оқу іс-әрекетінің түріне байланысты, оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін диагностиканың объективті құралын жасауға, объективті диагностикаға ие тапсырмалар құрастыруға болады. Осы тапсырмалардың көмегімен алынған мәліметтер, оқушылардың білім мен біліктілігін жылдам тексеруді жүзеге асыруға, оқу үдерісінде оқушылардың кезігетін қиындықтарының себептерін анықтауға, оларды түзету түрлерін әзірлеуге, сонымен қатар, басқару қызметінің мүмкін бағыттарын болжауға мүмкіндік береді.

Информатикадан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда іс-әрекетке негізделген тест тапсырмаларын жобалау мен жасаудың деңгейлік моделі жалпыға міндетті стандартта білім алушылардың дайындық деңгейін бағалаудың тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелері негізінде Блумның оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылады.

Информатикадан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қажеттілігі болашақта Қазақстандық оқушылардың компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын бағалайтын International Computer and Information Literacy Study (ICILS) халықаралық зерттеу бағдарламаларына қатысудың жоспарланып отыр.[2].

Міне, осылайша жасалған информатикадан оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау үшін жасалған тест тапсырмаларының спецификасы алдағы уақытта мектеп оқушылары мен информатика мұғалімдерінің жан-жақты дайындығын қамтамасыз ету керектігін алдыға тартады [3].

Жалпы Қазақстанда оқушылардың IT-дағдылары ешқашан ұлттық және халықаралық деңгейде бағаланбаған. Сондықтан, қазақстандық оқушылардың компьютерлік және ақпараттық сауаттылығының қалыптасу деңгейі туралы түсінік жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мажибаева Г.П., Толыбаева Г.Ж. Ашық тесті қолдану арқылы информатика курсы бойынша оқушылардың құзіреттілігін бақылау әдісі. // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің Хабаршысы.1/2009 ж, 92 - 96б.

2. IEA халықаралық есебі «Сандық ғасырдағы өмірге дайындау: ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы халықаралық зерттеу», (2014)

3. Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОБ ЖСБ). URL: // http://old.testcenter.kz/?hd=pgkco

УДК 004.05
ГРНТИ 20.53.17:20.53.19

М.С. Нусупов[1]

[1]*Ильяс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Информатика мамандығы магистранты, Талдықорған қ., Қазақстан*

СЕРВЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ТАҢДАУ НҰСҚАЛАРЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда серверлік операциялық жүйелердің көптеген түрлері бар. Олардың арасында Windows, Unix, Linux, BSD және тағы басқалары көш бастап келе жатыр. Әр серверлік операциялық жүйенің өзіне тән ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Арасынан қажеттіліктерге сай серверлік операциялық жүйені таңдау жасау жан-жақты зерттеу қажет етеді. Мысалы Windows операциялық жүйелері клиенттік құрылғыларда қазіргі кезде кең қолданысқа ие. Бұл үрдіс Windows серверлік операциялық жүйелерімен де қайталанып отыр. Дегенмен серверлік операциялық жүйе ретінде Unix, Linux, BSD жүйелері де кең қолданысқа ие, әсіресе бұл үрдіс веб серверлерінде байқалады. Осы және басқа үрдістер анықталып, себептері табылып ескерілуі қажет. Осыған сәйкес жасалатын таңдау ауқымды зерттеуді, яғни артықшылықтарды, кемшіліктерді, ерекшіліктерді ескере отырып қажеттіліктер мен шектеулерге байланысты шешім қабылдануы қажет. Осы мақалада таңдау процесінің нұсқалары, ерекшеліктері мен критерийлері ашылып баяндалады.

Түйін сөздер: сервер, серверлік операциялық жүйе, Windows, Unix, Linux, BSD.

Аннотация
М.С. Нусупов[1]
[1]*магистрант по специальности Информатика*
Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан

ВАРИАНТЫ, ОСОБЕННОСТИ И КРИТЕРИИ ВЫБОРА СЕРВЕРНОЙ ОПЕРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ

В настоящее время существует множество видов серверных операционных систем. Среди них часто используются Windows, Unix, Linux, BSD и многие другие. Каждая серверная операционная система имеет свои особенности, преимущества и недостатки. Выбор серверной операционной системы требует тщательного изучения. Например, операционные системы Windows в настоящее время широко используются на клиентских устройствах. Эта тенденция повторяется с серверными операционными системами Windows на серверах. Однако Unix, Linux, BSD, также широко используются в качестве серверных операционных систем, особенно на веб-серверах. Эти и другие тенденции следует идентифицировать и выявлять причины и следствия. Соответственно, выбор должен быть сделан в контексте всеобъемлющего исследования, то есть преимуществ, недостатков, особенностей, с учетом потребностей и ограничений выбора. В этой статье описываются параметры, методы и критерии процесса выбора серверной операционной системы.

Ключевые слова: Сервер, серверная операционная система, Windows, Unix, Linux, BSD.

Abstract
Nussupov M.S.[1]
[1]*Student of Master's Programme in Informatics, Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

VARIANTS, SPECIFICS AND CRITERIA OF THE CHOOSING SERVER OPERATING SYSTEM

Currently, there are many types of server operating systems. Among them are Windows, Unix, Linux, BSD and many others. Each server operating system has its own peculiarities, advantages and disadvantages. The choice of a server operating system that meets the needs of the user requires a thorough investigation. For example, Windows operating systems are currently widely used on client devices. This phenomena is repeated with Windows server operating systems. However, Unix, Linux, BSD, as well are widely used as server operating systems, especially in web servers. These and other trends and the causes should be identified. Accordingly, the choice should be made in the context of a comprehensive study of the needs and the limitations, taking into account the advantages, disadvantages, features. This article describes the options, features and criteria of the selection process.

Key words: server, server operating system, Windows, Unix, Linux, BSD.

Операциялық жүйенің тұжырымдамасы, ең алдымен, өз пайдаланушыларын ыңғайлы интерфейспен қамтамасыз ету, яғни жоғарыдан төмен көрініс ретінде болады. Баламалы, төменнен жоғары көрінісінде операциялық жүйе күрделі жүйенің барлық бөліктерін басқаруға арналған. Балама көзқараста, операциялық жүйенің жұмысы процессорлар, жадылар және кіріс-шығыс құрылғылары үшін бәсекелесетін әртүрлі бағдарламалар арасында жүйелі және басқарылатын бөлуді қамтамасыз ету болып табылады.

Егер қандай да бір компьютерде үш бағдарлама жұмыс істесе, бір принтерде бір мезгілде басып шығаруға тырысатын болса, не болатынын елестетіп көріңіз. Алғашқы бірнеше шығарылым сызбасы 1-бағдарламадан, келесі 2-бағдарламадан, ал кейбіреулері 3-бағдарламадан және басқалардан болуы мүмкін. Нәтиже бұрыс болады. Операциялық жүйе ықтимал қателерге қарсы принтердің дисктегі барлық шығарылымдарын буферизациялау арқылы тапсырыс бере алады. Бір бағдарлама аяқталғаннан кейін, операциялық жүйе принтерге сақталған дискілік файлдан оның шығуын көшіруі мүмкін, сонымен қатар басқа бағдарлама өнімді шығарудың жоқтығын ескермей, одан да көп шығуды жалғастыра алады [1].

Сервердің операциялық жүйесі - серверлік компьютерде орнатуға және пайдалануға арналған операциялық жүйенің түрі. Бұл клиент-сервердің архитектурасында немесе ұқсас кәсіпорынның есептеу ортасында талап етілетін мүмкіндіктері бар операциялық жүйенің алдыңғы нұсқасы [2].

Қандай серверлік операциялық жүйе серверді орналастыру үшін ең қолайлы болып табылатыны туралы көптеген пікірталастар, әдетте Linux және Windows айналасында айналады, бірақ олар тек серверлерге дайын операциялық жүйелердің екеуі ғана. Кейбіреулер Linux сияқты ашық, ал басқалары коммерциялық және жабық. Төменде кейбір танымал баламалардың қысқаша тізімі келтірілген.

FreeBSD - түпнұсқалық BSD-ға негізделген, Unix-ке тегін балама, FreeBSD - бұл еркін және ашық дереккөз және оның тұрақтылығы танымал.

OpenBSD - Басқа BSD нұсқасы, OpenBSD өзінің қауіпсіздікті қамтамасыз ететін конфигурациясы үшін белгілі. Осы операциялық жүйені әзірлеушілер OpenSSH және OpenSSL үшін де жауап береді.

Solaris - коммерциялық Unix нұсқасы болып табылады, ол BSD және Linux үшін арналған қол жетімді көптеген ашық құралдарды қолдана алады. Сонымен қатар OpenSolaris деп аталатын тегін нұсқасы бар. Барлық Solaris өнімдері қазір Oracle компаниясына тиесілі.

Mac OS X Server - көбінесе клиенттік операциялық жүйесі ретінде қабылданғанымен, Mac OS X толыққанды Unix нұсқасы болып табылады және BSD мүмкіндіктерінің көпшілігін қамтиды. Көптеген коммерциялық Unix ұсыныстары сияқты, OS X Server Apple аппараттық құралында жұмыс істеуге арналған, бірақ оның Darwin деген ашық бастапқы нұсқасы басқа барлық аппараттарда жұмыс істеуге негізделген [3].

Виртуалды машиналарда және бүкіл әлемдегі физикалық серверлерде қандай операциялық жүйе жұмыс істейді? Бұл клиенттің операциялық жүйелерінде сияқты Microsoft корпорациясы болып табылады. Spiceworks желісіндегі физикалық серверлер мен виртуалды машиналарды толық 87,7% Microsoft Windows Server-ді іске қосады. Ең соңғы операциялық жүйелердің түрлері аз пайдаланады. Серверлік операциялық жүйелердің және виртуалды машиналардың 23,6% Windows Server 2012 болғанымен, 45,4% бұрынғыдай Windows Server 2008 және 17,9% Windows Server 2003-да болды. Linux машиналары қалған виртуалды және серверлік машиналардың басым бөлігін, яғни Red Hat Enterprise Linux-ына 1.2% және барлық басқа Linux серверлік операциялық жүйелер нарық үлесінің 10,5% жинақталған жиынтықта ие [4].

Microsoft Windows Server операциялық жүйесі (операциялық жүйе) бірнеше пайдаланушылармен қызметтерді ортақ пайдалануға және деректерді сақтауға, қолданбаларға және корпоративтік желілерге кең көлемдегі әкімшілік басқаруды қамтамасыз етуге арналған корпоративтік деңгейдегі серверлік операциялық жүйелердің сериясы болып табылады.

Microsoft Windows NT архитектурасындағы басты ерекшелігі симметриялық мультипроцессорлық болып табылады, ол бірнеше процессоры бар машиналарда жұмысын тез орындай алады.

Windows Server бағдарламасының кейінгі нұсқаларындағы негізгі мүмкіндіктерге пайдаланушы деректерін басқаруды, қауіпсіздікті және бөлінген ресурстарды басқаратын автоматтандырылған Active Directory кіреді және басқа каталогтармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, серверлік рөлдерді басқаруға және жергілікті немесе қашықтағы компьютерлерге конфигурация өзгерістерін жасауға арналған утилита болып табылатын сервер реттеушісі бар.

Microsoft өзінің Windows NT операциялық жүйесін екі форматта шығарды: біреуі жұмыс станциялары үшін, екіншісі - серверлер үшін. 32-дәрежелі операциялық жүйе аппараттық құралдарды абстракцияның қабатын көрсетті, бұл жүйенің аппараттық құралдарына тікелей қол жеткізуді бұғаттау

арқылы жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Компаниялар пайдаланушыларды және топтық құқықтарды сақтау үшін Advanced Server-ді домен контроллері ретінде пайдалана алады.

Windows NT 3.5 серверінде Microsoft корпорациясы осы сервер шығарылымындағы негізгі түйін мүмкіндіктерін жаңартты және TCP / IP және Winsock үшін интеграцияланған қолдауды толықтырды. Басқа желілік жақсартулар пайдаланушыларға домендегі файлдар мен қосымшаларға қол жеткізу үшін Microsoft-тан басқа операциялық жүйелерді қолдануға мүмкіндік берді.

Windows NT Server 3.51-де Microsoft өнімділікті жоғарылату және қажетті жад көлемін азайту үшін бұл шығарылымды жақсартты. Бұл сервер операциялық жүйесінде жаңартылған желілік стек арқылы пайдаланушыларға жылдам қызмет көрсету үшін оңтайландырылды. Microsoft корпорациясы Windows NT және NetWare серверлерімен аралас орталарда компаниялардың әрқайсысынан бірыңғай тіркелгі деректерімен қызмет алуына мүмкіндік беру үшін қосымша қосылым қолдауын қосқан.

Windows NT Server 4.0-де Microsoft корпорациясы осы сервердің операциялық жүйесінің шығарылымы үшін Windows 95 интерфейсін қолданысқа алды және сонымен қатар клиент операциялық жүйесінен көптеген қосымшаларды пайдаланды, мысалы File Explorer. Майкрософттан басқа Microsoft кең ауқымына желі ресурстарын қол жетімді ету үшін Microsoft осы шығарылымдағы желі протоколының мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл шығарылымдағы негізгі мүмкіндіктер серверді Internet Information Server және домендік атау жүйе сервері деп аталатын сервер ретінде пайдалану мүмкіндігі болды. Бұл сервер операциялық жүйеде әкімшілік шеберлер деп аталатын функциямен қатты дискіні бөлісу сияқты әртүрлі функциялар арқылы басқара алады.

Windows 2000 желілік нысандар туралы ақпаратты, соның ішінде пайдаланушылық деректерді, жүйелерді және қызметтерді сақтайтын және басқаратын Active Directory каталог қызметін ұсынды. Active Directory қызметі администраторларға виртуалды жеке желі конфигурациясы, деректерді шифрлау және желілік компьютерлердегі файлдық үлестері сияқты түрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Microsoft компаниясы «Windows Server» брендін Windows Server 2003-нің шығарылымымен таныстырды және Windows 2000-ден қарағанда қауіпсіздік жетілдірулерімен таныстырды. Microsoft корпорациясы веб-сервердің мүмкіндігін қатайтты және асыра пайдалану мүмкіндіктерін азайту үшін әдепкі қызметтердің көбісін өшірді. Microsoft бұл релизбен сервер рөлдерін ұсынды, бұл администраторға домен контроллері немесе DNS сервері сияқты серверге белгілі бір функция тағайындауға мүмкіндік берді. Бұл шығарылымдағы басқа жаңа мүмкіндіктерге шифрлау функциясының кеңейтілген құрамын, ендірілген брандмауэр, үлкенірек желі мекенжайын аударуды қолдау қызметі кіреді. Windows Server 2003-те төрт басылым болды: Standard, Enterprise, Datacenter және Web.

Windows Server 2008 серверлік операциялық жүйесіне жергілікті және қашықтағы компьютерлердегі сервер рөлдері мен мүмкіндіктерін қосу және басқару үшін пайдаланылатын Hyper-V виртуалдандыру бағдарламалық жасақтамасын, жаңылыссыз кластерлеуді, оқиға қарап шығу құралын, сервердің негізі және сервер реттеуші консолі сияқты жаңа мүмкіндіктерді қосқан. Сондай-ақ, Microsoft корпорациясы топтық саясатты және жеке басын куәландыруды басқару мүмкіндіктерін кеңейту үшін желілік стек пен Active Directory-ді қайта қарап шығарды. Windows Server 2008 төрт нұсқасында пайда болды: Standard, Enterprise, Datacenter және Web. Microsoft корпорациясы өзінің Windows 7 ядросын осы сервер операциялық жүйесі үшін пайдаланды және жақсартылған кеңейтілімділік пен қол жетімділік мүмкіндігін арттырды. Microsoft корпорациясы пайдаланушы тіркелгілерін жақсарту және саясатпен түйіршіктелген басқару үшін Active Directory қызметін жақсартты. Сонымен қатар, компания Terminal Services функционалдығын жаңартты және оны қашықтағы клиенттік қызметтеріне қайта тіркеді. Бұл шығарылымның жаңа мүмкіндіктері BranchCache және DirectAccess қамтиды, олардың екеуі де шалғайда орналасқан пайдаланушылар өздерінің жұмысын орындауын жақсартуға бағытталған. Бұл серверлік операциялық жүйе Windows Vista клиентінің операциялық жүйесінде қолданылатын кейбір әкімшілік және қауіпсіздік функцияларымен бөліседі. Windows Server 2008 R2-де 32 биттік сервер операциялық жүйесінен 64 биттік нұсқаға өзгертулер белгіленген.

Windows Server 2012-де Microsoft корпорациясы осы сервердің OS шығарылымына бірнеше бұлтты технологияға байланысты мүмкіндіктерді енгізді, бұл ұйымдардың қызметтерін жалпыға ортақ немесе жеке бұлттарда іске қосуына мүмкіндік беру үшін «Cloud OS» дегенді енгізуге дейін барады. Компания операциялық жүйенің сақтау инфрақұрылымына және Hyper-V виртуалдандыру платформасына маңызды жаңартулар жасады. Бұл шығарылымда назар аударатын жаңа мүмкіндіктер Hyper-V виртуалды қосқышы, Hyper-V Replica, Storage Spaces және ReFS файлдық жүйесі болды. Осы шығарылыммен басқа өзгертулерде Microsoft корпорациясы әкімшілерге PowerShell бағдарламасын

пайдалануды талап ететін әдепкі орнату параметрін Server Core жүйесіне ауыстырды, ол осы шығарылымнан кейін басқару үшін қол жетімді 2300 командалар қолданысқа енді. Бұл сервер нұсқасы төрт басылымда келді: Essentials, Foundation, Standard және Datacenter. Standard және Datacenter орталығының басылымдарында бірдей мүмкіндіктер жиынтығы болған, бірақ Standard лицензия екі виртуалды машинаны іске қосу құқығын береді, ал Datacenter шексіз санды іске қосу құқығын береді. Microsoft корпорациясы виртуалдандыруға, сақтауға, желіге, ақпараттық қауіпсіздікті және веб-сервистерге арналған елеулі жаңартуларды қоса Windows Server 2012 R2 жүйесіндегі тақтадағы кеңейтілген өзгерістер жасады. Жаңа ревизиясының жаңа мүмкіндіктері бар: PowerShell бағдарламасының конфигурацияның ауытқуын болдырмау және ұйымның машиналары бойынша бірізділікті сақтау үшін қолдана алатын қалаған күй теңшелімі, сақтау кеңістігіне қосылған сақталуын сақтау, жылдамдықпен жиі аталатын деректер блогын қатты күйге жылжыту арқылы өнімділікті арттырата сақтау, жұмыс қалталары, пайдаланушыларға жұмыс файлдары мен жеке құрылғылардағы ұйым файлдарын ұйымның деректер орталығында серверлерге көбейту арқылы алуға және сақтауға мүмкіндік береді.

Windows Server 2016-да Майкрософт корпорациясы бұлттық технологияға жақындатылып, Docker контейнерлеріне қолдау көрсету және желіде бағдарламалық жасақтаманы анықтайтын жақсартулар секілді жұмыс жүктемесін азайтуға арналған бірқатар жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Microsoft корпорациясы шабуыл векторын қысқарту арқылы қауіпсіздікті арттыруға арналған Nano Server серверін дебюттеді. Microsoft корпорациясы Nano Server толық Windows Server орналастыруынан 93% -ға кіші екенін айтады. Қауіпсіздікке тағы бір түйін виртуалды машина ішіндегі деректердің бұзылуына жол бермеу үшін шифрлауды қолданатын жаңа Hyper-V shielded VM мүмкіндігіне ие болды. Желіні бақылаушы - администраторларға виртуалды және физикалық желілердегі қосқыштарды, ішкі желілерді және басқа құрылғыларды басқаруға мүмкіндік беретін маңызды жаңа желілік мүмкіндікке ие болды. Бұл сервер операциялық жүйесі Standard және Datacenter басылымдарында келеді. Алдыңғы Windows Server нұсқаларында Standard және Datacenter басылымдары бірдей мүмкіндіктер жиынтығына ие болды, бірақ әр түрлі лицензия құқықтары мен шектеулерді пайдалануда. Windows Server 2016 нұсқасында, Standard шығарылымда виртуалдандыру, сақтау және желіде неғұрлым кеңейтілген мүмкіндіктері жоқ [5].

Осыдан Windows корпорациясының серверлік операциялық жүйеде ұсынатын көп нұсқасы бар екенін көре аламыз. Сондықтан барлық нұсқалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеру керек. 2008 жылға дейінгі барлық Windows серверінің нұсқасы ескіргенін және толық қолдау көрсетілмейтінін атап өткен жөн. Біздің шешімдерімізді қорытындылау үшін біздің қажеттіліктеріміз бен шектеулерімізге байланысты 2008 және 2016 жылдар аралығындағы нұсқаларды таңдаған дұрыс болуы керек.

Microsoft Windows және Unix - операциялық жүйелердің екі негізгі классы. Unix компьютерлік операциялық жүйесі 30 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Бастапқыда ол 1960-шы жылдардың басында сәтсіздікке ұшыраған әрекеттердің күлінен пайда болған, сенімді операциялық жүйені дамыту үшін өсті. Bell Labs компаниясынан бірнеше қызметкерлері «ерекше қарапайымдылық, қуат пен талғампаздық» деп сипатталған жұмыс ортасын қамтамасыз ететін жүйеден бас тартпады және әзірледі. Оны тегін алуға болады және, демек, жеке тұлғалар мен бизнес үшін бюджетке тиімді таңдау бола алады. Unix артықшылықтары: неғұрлым икемді болып табылады және компьютерлердің, суперкомпьютерлер мен микро-компьютерлерді қоса алғанда көптеген түрлі машиналарға орнатылуы мүмкін, неғұрлым тұрақты және Windows сияқты жиі жұмысы тұрып қалмайды, сондықтан әкімшілік пен техникалық қызмет көрсетуді аз қажет етеді, Unix жүйесі Windows жүйесіне қарағанда үлкен қауіпсіздік және рұқсат мүмкіндіктері бар, Unix Windows жүйесіне қарағанда әлдеқайда үлкен есептегіш қуатқа ие, Unix - бұл интернет желісінде қызмет көрсетудегі көшбасшы, интернеттің шамамен 90% -ы әлемдегі ең кең таралған веб-сервер Apache-де жұмыс істейтін Unix операциялық жүйелеріне негізделген. Microsoft корпорациясының бағдарламалық жасақтамасын жаңартулары жиі пайдаланушыға жаңа немесе одан да көп аппараттық қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді талап етеді [6].

Сервердің операциялық жүйелерінің тағы бір топтамасы - серверлік операциялық жүйелердің Linux топтамасы. Бірқатар сериялардың кең ауқымы бар, олар ашық кодты немесе коммерциялық негізде тарап жатыр.

Linux серверінің операциялық жүйесі клиент құрылғыларына мазмұнды береді. Тиісінше, серверлік операциялық жүйелер қарапайым серверді жасау үшін құралдарды ұсынады. Серверлер әдетте командалық жолмен жұмыс істейтіндіктен, Linux серверінің операциялық жүйесіндегі графикалық пайдаланушы интерфейсі (GUI) маңызды емес.

Ubuntu - ең танымал Linux операциялық жүйесі болып табылады. Ubuntu туындыларының көптігімен және тұрақты болуымен танымал. Ubuntu және оның нұсқалары пайдаланушы тәжірибесін ұсынады. Ubuntu сервері екі нұсқада қол жетімді: LTS және жылжымалы шығарылым. LTS Ubuntu Server релизі бес жылдық қолдау циклі бар. Қолдау циклы бес жыл болмаса да, LTS емес нұсқасы 9 ай қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету жаңартуларын қамтиды.

Ubuntu және Ubuntu сервері өте ұқсас болғанымен, сервер түрлі мүмкіндіктерді ұсынады. Атап айтқанда, Ubuntu сервері OpenStack Mitaka, Nginx және LXD ұсынады. Мұндай жүйе сервер әкімшіліктерінде талап етіледі. Ubuntu серверін пайдалану арқылы веб-серверлерді орнатуға болады, контейнерлерді және басқа да мүмкіндіктерді пайдалануға болады.

Red Hat компаниясы «Linux кішкентай компаниясы» ретінде басталғанымен, оның Red Hat Enterprise Linux (RHEL) серверінің операциялық жүйесі енді деректерді сақтау орталығының, іздестіру орталығында басты күш болып табылады. Әлемдегі ірі компаниялары Linux желісін, Red Hat инновациялары және үздіксіз қолдауын, соның ішінде негізгі релиздерге онжылдық қолдауын таңдайды.

RHEL қауымдастырылған Fedora-ның, Red Hat демеушісі болып табылады. Fedora RHEL-ке қарағанда жиі жаңартылып отырады, бірақ ол RHEL компаниясы танымал болған коммерциялық қолдаудың тұрақтылығын немесе ұзақтығын және сапасын ұсынбайды.

SUSE Linux 1993 жылы шықты. 2015 жылы openSUSE ашық көзі нұсқасы SUSE Linux Enterprise (SLE) жүйесіне көшті. OpenSUSE екі туындысы бар: Leap және Tumbleweed. Тұтқырлық ұзартылған қолдау циклдары бар Leap, ал Tumbleweed - бұл жылжымалы шығарылым. Tumbleweed Linux пайдаланушыларының Linux ядросы мен SAMBA сияқты қазіргі заманғы пакеттері бар, сондықтан пайдаланушылар үшін жақсы. Leap нұсқасы тұтас тұрақтылық үшін жақсы.

Oracle Linux - бұл технологиялық алпауыт Oracle компаниясымен жұмыс істейтін Linux дистрибутиві. Ол екі ядрода қол жетімді. Бірі Red Hat үйлесімді ядросы RHCK болып табылады. Oracle Linux компаниясы Lenovo, IBM және HP сияқты көптеген құрылғылармен жұмыс істеу үшін сертификатталған. Oracle Linux жүйесінде Ksplice ядро қауіпсіздігін жақсартады. Сондай-ақ, Oracle, OpenStack, Linux контейнерлері және Docker үшін қолдау бар [7, 8].

Операциялық жүйелердің қайсысы жақсы дегенде, алдыменен Windows немесе Linux ұсынуға болар еді. Бірақ осы таңдау оңайға келмейтіні мәлім. Linux тиімді болғанымен, Windows кең мүмкіншіліктерге ие. Майкрософттағы компьютерлік әлемде тым көп ұсыныстары бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Windows платформасы ғана Microsoft бағдарламаларына қолдау көрсетеді. Linux-ге қарағанда, бұл жерде Microsoft серверлері тиімді болып отыр.

Windows дегенмен .NET және ASP Windows серверлік хостинг Visual Interdev және Microsoft FrontPage сияқты Microsoft корпорациясының веб-әзірлеу құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол Visual Basic, Microsoft Access және Microsoft SQL үшін қолдауды ұсынады. Әрине, барлық Microsoft Office қызметтерін пайдалана аласыз. Егерде ASP немесе ASP.NET сияқты технологияларды пайдалану кажет болған жағдайда, Microsoft сервер операциалық жүйелерін қолдануға тура келеді. Егер де сондай шектеулер болмаса, Linux сервер операциалық жүйелерін қолдануға болар еді.

Көптеген Linux бағдарламалары ашық дереккөз болып табылады және ақысыз шығатындықтан, сондықтан жасақтаманы сатып алуға жұмсалатын айтарлықтай ақша үнемдеуге болады. Linux PHP, MySQL және Perl-ді қолдайды. Ол mSQL, MySQL және PostgreSQL дерекқорларын қолдайды. Одан басқа көптеген ашық түрде таратылатын технологияларды және программаларды қолдайды. Сондықтан Linux серверлік операциялық жүйесімен көп шығынданбай заманына сай серверді орнатуға бар мүмкіншілік жасалған [9, 10].

Қорыта келгенде серверлік операциялық жүйені таңдау кезіндегі негізгі критерийлері:

1. Шығын - Көлік құралын, үйді немесе басқа да негізгі шығындарды сатып алу сияқты, операциялық жүйеде де баға белгісінен көп нәрсені көруге болады. Сізге меншік құқығының, лицензиялардын жалпы құны керек.

2. Ұзақ уақыттылығы – ұзақ уақыт бойынша қауіпсіздіктің және тұрақтылықтың жаңартылуымен жабдықталатын серверлік операциялық жүйесі әрқашан көп сұранысқа ие бола алады.

3. Қолдау – форумдарда, яғни интернетте осы серверлік операциялық жүйесі туралы кандай деректерді табуға болады, қандай кітаптармен қолдану үрдісін жеңілдетуге болады, бұл сұрақтын жауабы да таңдау критериі болып табылады. Себебі қолдауы аз немесе жеткіліксіз болса керекті ақпарат табылмай қалуы мүмкін.

4. Қауіпсіздік - операциялық жүйелер көбіне қауіпсіз, бірақ бірі басқаларға қарағанда сенімдірек болады.

5. Икемділік - егер түпкілікті баптау керек болса, Debian GNU/Linux немесе FreeBSD сияқты еркін және ашық бастапқы коды бар серверлік операциялық жүйелері ең жақсы амал. Мұның бәрі қажеттіліктерге байланысты.

6. Бағдарламалық қамтамасыз етілу - егер сіздің веб-қосымшаларыңыз үшін ерекше бағдарламалық құралдың стегі қажет болса, бұл сізге қажет серверлік операциялық жүйені таңдауға көмектеседі. Кейбір бағдарламалық жасақтама кросс платформалы болуы мүмкін, немесе .NET сияқты бір сервер операциялық жүйесіне тәуелді болуы мүмкін. Бұл таңдау белгісі серверлік операциялық жүйені таңдауға нүкте қоюы әбден мүмкін [11-13].

Қорыта келгенде, серверлік операциялық жүйені таңдау процесі кезінде ең алдымен біздің қажеттіліктерімізге және шектеулерімізге сүйену керек. Одан кейін сапа, өлшем белгілерін яғни критерийлерді қарастырып таңдау жасағанымыз жөн. Серверлік операциялық жүйені таңдау процесі осыдан жан-жақты зерттеуді қажет ететін процесс екенін анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *A.S.Tanenbaum, A.S.Woodhull Operating Systems Design and Implementation: 3rd edition. 2006 – USA, Prentice Hall – pp. 5-6.*

2 *Server Operating System [Электрон.ресурс]. – 2015. – URL: https://www.techopedia.com/definition/30145/server-operating-system-server-os (қолданылған күні: 13.12.2017)*

3 *Popular Server Operating Systems [Электрон.ресурс]. – 2010. – URL:http://www.serverschool.com/dedicated-servers/popular-server-operating-systems/ (қолданылған күні: 13.12.2017)*

4 *Server Virtualization and OS Trends [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL:https://community.spiceworks.com/networking/articles/2462-server-virtualization-and-os-trends (қолданылған күні: 14.12.2017)*

5 *Microsoft Windows Server OS [Электрон.ресурс]. – 2017. – URL:http://searchwindowsserver.techtarget.com/definition/Microsoft-Windows-Server-OS-operating-system (қолданылған күні: 14.12.2017)*

6 *Operating Systems: Why Unix [Электрон.ресурс]. – 2017. – URL:https://www.lifewire.com/operating-systems-why-unix-2200178 (қолданылған күні: 15.12.2017)*

7 *12 Best Linux Server Operating Systems and Who Should Use Them [Электрон.ресурс]. – 2017. – URL:https://www.makeuseof.com/tag/best-linux-server-operating-systems/ (қолданылған күні: 15.12.2017)*

8 *Top 10 Linux Server Distributions of 2018 [Электрон.ресурс]. – 2018. – URL:https://www.serverwatch.com/columns/slideshows/top-10-linux-server-distributions.html (қолданылған күні: 17.01.2018)*

9 *Comparison of Linux and Windows as Server Operating System [Электрон.ресурс]. – 2010. – URL: http://www.serverschool.com/operating-systems/comparison-of-linux-and-windows-as-server-operating-system/ (қолданылған күні: 17.01.2018)*

10 *Server Operating Systems: Linux or Windows? [Электрон.ресурс]. – 2009. – URL:http://www.serverschool.com/ dedicated-servers/server-operating-systems-linux-or-windows/ (қолданылған күні: 17.01.2018)*

11 *Choosing the Right Server Operating System [Электрон.ресурс]. – 2011. – URL:http://www.serverschool.com/dedicated-servers/choosing-the-right-server-operating-system/ (қолданылған күні: 18.01.2018)*

12 *What is the Best Server Operating System? [Электрон.ресурс]. – 2011. – URL:http://www.serverschool.com/operating-systems/what-is-the-best-server-operating-system/ (қолданылған күні: 19.01.2018)*

13 *Back to the Basics: Server Operating Systems [Электрон.ресурс]. – 2012 – URL:http://www.serverschool.com/operating-systems/back-to-the-basics-3-server-operating-systems/ (қолданылған күні: 19.01.2018)*

УДК 371.315.7:004
ГРНТИ 28.29.59

Э.С. Сергазинова[1], Ы. Есенғабылов[2], А.А. Шалтабаев[3]

[1]І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Талдықорған қ., Қазақстан
[2]І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, «6М011100 Информатика» мамандығы бойынша 2-ші курс магистранты, Талдықорған қ., Қазақстан
[3]І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Ph.D докторы, ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, Талдықорған қ., Қазақстан

C# ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада C# тілінің операторларын қолданудың ерекшеліктері, артықшылықтары және мүмкіндіктері қарастырылған. Тілдің операторларының құрамы, олардың синтаксис және семантикасы көп жағдайда C++

тілінен туындаған. C# өрнекте қандай амалдарды (математикалық амалдар, индекстеу, функцияны шақыру және т.б.) орындау қажет екенін нұсқайтын символ болып табылатын операторлар жиынын ұсынады.

Мақалада C# тілінде қолданылатын операторлар толық көлемде сипатталғанын ескеру керек. Оның ішінде: тармақталу операторлары (If - шартты операторы және switch – таңдау операторы), қайталану операторлары (for циклы, while циклы, do-while циклы), басқаруды беру операторлары, goto операторы, break операторы, continue операторы, return операторы. Операторларды жазу ережелері және жазылу форматтары туралы мәліметтер ұсынылған. Шартты операторларды қолданудың мысалдары көрсетілген, өрнектерде қолданылатын логикалық амалдар тізімі ұсынылған. Таңдау операторының құрылымы және сызбасы сипатталған.

Сонымен қатар басқаруды беру операторларының қолданылуы толық сипатталған. C# -та есептеудің орындалу ретін өзгертетін төрт оператор бар, олар: goto - шартсыз көшу операторы, break - циклдан шығу операторы, continue - циклдың келесі итерациясына өту операторы, return - функциядан қайту операторы.

Түйін сөздер: оператор, тармақталу операторы, шартты оператор, таңдау операторы, логикалық амалдар, шартсыз көшу операторы, циклдан шығу операторы, итерацияға өту операторы, функциядан қайту операторы.

Аннотация

Э.С. Сергазинова[1], Ы. Есенгабылов[2], А.А. Шалтабаев[3]

[1]Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, старший преподаватель кафедры информационных технологий, магистр педагогических наук, г. Талдыкорган, Казахстан

[2]Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, магистрант 2 курса по специальности «6М011100 Информатика», г. Талдыкорган, Казахстан

[3]Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, доктор Ph.D, старший преподаватель кафедры информационных технологий, г. Талдыкорган, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРАКТИЧЕСКОГО ПРИМЕНЕНИЯ ОПЕРАТОРОВ C#

В статье рассмотрены возможности, особенности и преимущества использования операторов языка C#. Состав операторов данного языка, их синтаксис и семантика во многом унаследованы от языка C++. C# предоставляет множество операторов, которые являются символами, указывающими, какие операции (математические операции, индексирование, вызов функции и т. д.) следует выполнять в выражении.

Следует отметить, что в статье в полном объеме описаны операторы языка C#. В частности, операторы разветвления (условный оператор - If и оператор выбора - switch), операторы повтора (цикл for, цикл while, цикл do-while), операторы передачи управления, оператор goto, оператор break, оператор continue, оператор return. Предоставлены сведения о правилах и форматах написания операторов. Показаны примеры использования условного оператора, приведен список логических операций, используемых в выражениях. Описана структура и схема оператора выбора.

Кроме того, в полной мере рассмотрен оператор передачи управления. В C# имеется четыре оператора, меняющие порядок выполнения команд: оператор безусловного перехода - goto, оператор выхода из цикла – break, оператор перехода на следующую итерацию цикла - continue, оператор выхода из функции – return.

Ключевые слова: оператор, оператор разветвления, условный оператор, оператор выбора, логические операции, оператор безусловного перехода, опеартор выхода из цикла, оператор перехода к итерации, оператор выхода из функции.

Abstract

FEATURES OF PRACTICAL APPLICATION OF C #

Sergazinova E.[1], Esengabylov Y.[2], Shaltabayev A.[3]

[1] Master of Education Sciences, Senior Teacher of Information Technologies Department at the I.Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

[2] Student of Master's Programme in Computer Science, I.Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

[3] Ph.D, Senior Lecturer of Information Technologies Department at the I. Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan

The article explores the features, features and advantages of using C # language operators. The composition of the operators of this language, their syntax and semantics are in many respects inherited from the C ++ language. C # provides a set of statements that are symbols that indicate which operations (mathematical operations, indexing, function calls, etc.) should be performed in the expression.

It should be noted that the article fully describes the operators of the C # language. In particular, branching operators (the if statement and the switch operator), repeat operators (for loop, while loop, do-while loop), control transfer operators, goto statement, break statement, continue statement, return statement. Information about rules and formats for writing operators is provided. Examples of using a conditional statement are shown, a list of logical operations used in expressions is given. The structure and the scheme of the selection operator are described.

In addition, the operator of the transfer of control is fully considered. In C #, there are four operators that change the order of execution of the commands: the unconditional jump operator goto, the exit statement from the loop is a break statement, the operator for the next iteration of the loop is continue, the exit operator from the function is return.

Key words: operator, operator lighting, operator condition, operator selection, logical operation, operator deadlock, operator shutdown, loopback, operator output from function.

Тілдің операторлары ондағы типтермен бірге осы тіл көмегімен шығарылатын есептер жиынын анықтайды. Мақалада құрылымды программалаудың базалық конструкциялары деп аталатын құраушылары – C#-тың негізгі операторлары қарастырылады.

Құрылымды программалау деп қандай да бір анықталған ережелерді ескере отырып программа құру уақытын қысқартып, қателер санын азайтып, сонымен қатар программаны жаңарту мүмкіндігін жеңілдетуге мүмкіндік беретін программаларды құру технологиясын айтады. Құрылымды программалау идеясы даму барысында объектіге-бағытталған программалау технологиясы іске асты.

C# тілі объектіге-бағытталған парадигманы жүзеге асырғанымен, әрбір әдісті, алгоритмнің әрбір үзіндісін кодтау негізінде құрылымды программалау қағидалары жатыр.

Тармақталу операторлары. If және switch тармақталу операторлары бастапқы мәліметтердің нақты мәндеріне тәуелді операторлардың әртүрлі тізбегінің орындалуын қамтамасыз ету үшін қолданылады. If операторы басқаруды есептеудің екі тармағының біріне, ал switch операторы еркін сандағы тармақтардың біріне беруді қамтамасыз етеді.

if шартты операторы. if шартты операторы есептеу үрдісін екі бағытта тармақтау үшін пайдаланылады. Оператордың құрылымдық сызбасы төменде суретте келтірілген.



Сурет 1. Шартты оператордың құрылымдық сызбасы

Оператордың жазылу форматы:

if ([логикалық өрнек]) оператор1; [*else* оператор 2;]

Алдымен логикалық өрнек есептеледі. Егер ол true мәніне тең болса, онда бірінші оператор, әйтпесе екінші оператор орындалады. Осыдан кейін басқару шарттан кейінгі операторға беріледі.

Егер қандай да бір тармақта бірнеше оператор орындау қажет болса, оларды міндетті түрде блокқа алу керек, әйтпесе компилятор тармақталу қай жерден аяқталып тұрғанын түсінбейді. Блок кез-келген операторды, соның ішінде сипаттаманы және басқа да шартты операторларды қамтуы мүмкін.

Шартты операторлар мысалдары:

```
if (a<0) b = 1;                                    //1
if (a<b) if (a>d || a==0) ) b++; else {b*=a; a=0;}   //2
if (a<b) if (a<c) m = a; else m = c;
else   if (b>c) m = b; else m = c;                 //3
if  (b>a) max = b; else max = a;                   //4
```

1-ші мысалда else тармағы жоқ. Осындай конструкция операторды өткізеді. Себебі шарттың орындалуына тәуелді меншіктеу не орындалады, не өткізіледі.

Егер бірнеше шартты тексеру қажет болса, оларды логикалық шартты амалдар белгілерімен біріктіреді. Мысалы, 2-ші мысалдағы өрнек ақиқат болады, егер бір уақытта $a<b$ және жақшадағы шарттардың бірі орындалатын болса. Егер ішкі жақшаларды алып тастайтын болсақ, онда алдымен логикалық ЖӘНЕ, содан кейін логикалық ЕМЕС орындалады.

3-ші мысалдағы оператор үш айнымалының ішінен ең үлкен мәнді есептейді. Мысалдан көріп отырғандай компилятор else бөлігін 2-ші *if* кілтті сөзінде пайдаланады.

4-ші мысалдағы кострукция 3-ші мысалдағы операторға ұқсас.

if шартты операторын программада қолдану мысалын қарастырайық. Енгізілген санның жұп екенін тексеретін программа коды:

```
    static void Main(string[] args)
{
  int a;
  Console.WriteLine("Сан енгізініз:");
  a = Convert.ToInt32(Console.ReadLine()); // пернетақтадан деректерді енгізу*
  if (a % 2 == 0) // санды 2-ге бөлгендегі қалдықты тауып санның жұп екенін анықтау
  {
    Console.WriteLine(a + "саны жұп");
  }
  else
  {
    Console.WriteLine(a + "саны жұп емес");
  }
  Console.ReadKey();
}
```

Console.ReadLine() функциясы мәліметтерді пернетақтадан енгізуге мүмкіндік береді. Мәліметтер жол ретінде енгізіледі, бізге сандық мәлімет керек болғандықтан, оны сандық форматқа түрлендіреміз. Түрлендіру үшін Convert.ToInt32() функциясын қолданамыз.

Егер *if* немесе else-ден кейін тек бір ғана команданы орындау қажет болса, фигуралық жақшаларды қоймауға болады:

```
    if ([шартты өрнек])
    [команда1]// команда1 шартты өрнек ақиқат болса орындалады.
          [команда2 ]// команда2 кез-келген жағдайда орындалады.
```

if операторы бірнеше шарттан тұруы мүмкін:

```
if ([логикалық өрнек])
{блок1}
else if ([логикалық өрнек])
{блок2}
else
{блок3}
```

Екі санның үлкенін анықтайтын программа мысалы:

```
static void Main(string[] args)
{
  int a, b;
  Console.WriteLine("Бірінші санды енгізініз:");
  a = Convert.ToInt32(Console.ReadLine());
  Console.WriteLine("Екінші санды енгізініз:");
  b = Convert.ToInt32(Console.ReadLine());
  if (a > b)
    Console.WriteLine("Бірінші сан екіншісінен үлкен");
  else if (a < b)
    Console.WriteLine("Екінші сан біріншісінен үлкен");
  else
    Console.WriteLine("Сандар тең");

  Console.ReadKey();
}
```

Кейбір есептерде логикалық өрнектер күрделі болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда «!», «||» және «&&» логикалық амалдары қолданылады.

Ауа райына байланысты кеңес беретін программа мысалы:

```
  static void Main(string[] args)
{
  int t;
  Console.WriteLine("Температураны енгізіңіз");
  t = Convert.ToInt32(Console.ReadLine());
  if (t < -20 || t > 40) //егер температура -20-дан кіші немесе 40-тан үлкен
    Console.WriteLine("Сізге үйде отырған дұрыс!");
  else
    Console.WriteLine("Қыдыруға болады");
  Console.ReadKey();
}
```

Switch таңдау операторы

switch операторы есептеу үрдісін бірнеше бағыттар бойынша тармақтауға арналған. Оператордың құрылымдық сызбасы төменде суретте келтірілген.



Сурет 2. switch операторының құрылымдық сызбасы

Оператордың жазылу форматы:

```
switch (өрнек)
{
